# TILDERDI OQYTÝ:
# IZDENIS JÁNE ÁDISTEME

aqparattyq-ádistemelik jýrnal

2020 jyl, 28 naýryz

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»
## ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор:** Г.Төлебаева

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:** 3 айда 1 рет

**№1 саны**
**28 наурыз, 2020 жыл**

**Таралымы:** 100 дана
**Тапсырыс №1**

**Баспахана атауы:**
**ТОО «DalaPrint»**

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы,
Ереван көшесі, 2.
Тел./факс: + 7 (727) 290-86-47.
E-mail: dalaprint@mail.ru

**Редакция мекенжайы:** Ақтөбе қаласы,
аг.Жұбановтар к-сі, 257/Б
тел./факс: 8 (7132) 41-69-34
E-mail: ortaluktil@mail.ru

Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады.
Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.

# МАЗМҰНЫ

***Редактор бағаны.........................................................5***

*Тілтаным*

**1.Г.МАМЫРБЕК.** Әліпби мәселесі...........................6

**2.А.Т.ИСКЕНДИРОВА.** Тіл – мемелекеттің тұғырлы тірегі..............................................................................7

**3.Л.С.СЕРІКБОЛОВА.** Тіл мәртебесі – ел мәртебесі..................................................................8

*Рухани жаңғыру*

**1.З.А.БАУКЕНОВА.** Жоба «Мәңгілік ел қаласы Ақтөбем-қазына даласы»............................................9

**2.С.У. КАЗБАГАМБЕТОВА.** Саналы ұрпақ – ұлт болашағы..............................................................12

**3.А.Ж.САБИРОВА.** Күрделі етістіктің емлесі.......13

**4.А.С.СҮГІРБАЕВА.** Латынграфикалы қазақ әліпбиі: ашық талқылау өтті.....................................15

*Тіл үйрету әдістемесі*

**1.Б.Ж.АЙЖАНОВА.** Мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы тәсілдер.......17

**2.А.М.АЛМАНИЯЗОВА.** «Балабақшада инновациялық денсаулық сақтау технологияларын қолдану» жеке проблемалық жұмыс..........................19

**3.А.Б.ДӘРКЕНБАЙ.** Мұражай: тарих және мәдениет........................................................................20

**4.Е.Т.ДЖАРИЛКАПОВА.** Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.........................................23

**5.Б.С.КАЛИЕВА.** Қазақстандағы экологиялық мәселелер.....................................................................24

**6.Э.А.РЫСЖАНОВА.** Пәндерді оқытудағы инновациялық технология........................................28

*Үздік сабақ*

**1.Н.Б.АГНИЯЗОВА.** Тауда мекендейтін аң-құстар.....................................................................30

**2.Г.Н.АЛДАШЕВА.** Learning objectives(s) that this lesson is contributing to............................................36

**3.Ж.К.ДАУЛЕТОВА.** Күн тәртібі...........................40

**4.Г.К.ЕРМЕКОВА.** 1960-1990 Жылдардағы қазақ әдебиетіне шолу........................................................41

**5.А.Т.ЖУНУСОВА.** Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы.......................................................44

**6.Б.О.ҚЫЙЛЫБАЕВА.** Түбір мен қосымша 33-35 жаттығу.............................................................46

**7.И.Т.МОРОЗОВА.** «Государственный язык – мой язык!».................................................................50

**8.Г.Б.НУРЛЫБАЕВА.** Бала Абай............................51

**9.Ж.А.ТРЕНОВА.** Жарық жұлдыз Ғафу Қайырбек «Алғашқы қоңырау»..................................................54

**10.Р.К.ШАМЕТОВА.** «Күлтегін» жыры.................58

**11.Л.ШАРАФИЕВА.** Ән өнері «Аққұс туралы аңыз» Оразбек Бодықов........................................................62

**12.А.ЫБЫРАЕВА.** §45–46. Живая планета...........67

*Тәрбиеші жазбалары*

**1.А.Т.АБДЫКОВА.** Дамытушы ойындар ұйымдастыру.................................................................69

**2.Г.К.БИСЕНБИНА.** «Төрлет, төрлет Наурыз!»....72

**3.Н.Ж.БОРАНБАЕВА.** «Бақытты балалық шақ, балабақшада!».............................................................73

**4.Г.І.ҒАЗИЗОВА.** «Түймеқыз бен эльфтардың сиқырлы елі»...............................................................74

**5.Ж.О.ДАРМЕНКУЛОВА.** «Айбарлы асқар елді асқақтатар-ата заң»...................................................76

**6.М.А.ЕРМЕКБАЕВА.** «Көтеріңкі көңіл - күй»....77

**7.С.Ж.КАЮПОВА.**«Мамандығым-мақтанышым».............................................................78
**8.А.К.КЕНЕНБАЕВА.** Доптар мерекесі.................80
**9.Н.Б.МОЛДАШЕВА.** «Мейірімді ертегілер»...................................................................81
**10.А.Т.НИЕТБАЕВА.** Күлше қыз...........................82
**11.К.К.НУГМАНОВА.** Мектепке дейінгі мекемелерде қазіргі білім беру мәселелер және педагогтың кәсіби өсуі...................................83
***Хабарландырулар тақтасы.....................................92***
**12.Б.К.САДЕНОВА.** Шалқан ертегісін драмалау....................................................................84
**13.Ж.Қ.СҮЙІНБАЕВА.** «Ережені бұзба-өміріңді сақта!» (Шебер-класс)....................86
**14.С.Ю.ТАЖИБАЕВА.** «Армысың – Әз Наурыз».................................................................88
**15.И.М.ТАУХАБАЕВА.** «Ойнайық та ойлайық».................................................................89
**16.Г.А.МЕРГАЛИЕВА.** Бөлме өсімдіктері............90

# РЕДАКТОР БАҒАНЫ

***Құрметті оқырман!***

Өткен жылы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының соңғы кезеңі аяқталды. Жыл қорытындысымен барлық көзделген индикаторларға қол жеткізілді. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда көрсеткіштер ондинамика көрсетті және республикалық көрсеткіштерден жоғары болды.

***Облыста ересек азаматтарды тегін және жедел оқытудың толыққанды жүйесі қалыптастырылды.*** Ақтөбе қаласында және облыстың орыстілді орта қалыптасқан 6 ауданда мемлекеттік және ағылшын тілін үйрету курстары ұйымдастырылуда. Тілдерді оқыту орталығы ашылған уақыттан бері мемлекеттік тілді үйрету курстарымен **14 226** адам, ағылшын тілін үйретумен **1 586** адам қамтылды.

Облыстағы этностар өкілдерінің ана тілдерін үйренуге қолдау көрсетіліп келеді. Онжылдық бағдарлама аясында әзірбайжан, украин, татар, башқұрт, кәріс, неміс, шешен, сыған диаспоралары өкілдері ана тілдері мен мемлекеттік тілді оқытумен қамтылды.

Тілдерді оқыту орталығының **«Til – Aktobe.kz»** сайты және Вконтакте, инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілерінде парақшалары, AktobeLatyn тобы бар. **«Дистанционное обучение», «Тілтану»** қашықтан оқыту жүйесін енгізілді. Мемлекеттік тілді насихаттау, тілдерді үйрету процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында танымдық сайт, ютуб каналы ашылды.

Есепті мерзімде қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бағытында жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылды. Жүргізілген зерттеулер облыс тұрғындарының латын графикасына көшуге жетелейтін себептерді дұрыс бағалайтынын және тиімді көшу жолдарын түсінетінін көрсетті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде қазақ тілін латын қарпіне көшіру мәселесін ақпараттандыру-түсіндіру бағытындағы шаралармен, ашық диктант жазумен **163 000-нан** астам адам қамтылды.

Облыстағы ***тілдік ахуал тұрақты.***

Қоғамдық өмірдің негізгі салаларындағы мемлекеттік тілдің қолданылу дәрежесі – **78,4%;**

мемлекеттік тілді меңгергендер үлесі – **94%;**

үш тілді(қазақ, орыс, ағылшын) меңгергендер үлесі – **19%.**

Жыл қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардағы іс қағаздарының мемлекеттік тілдегі үлесі **98 %-ды** құрады.

Жүйелі шаралар арқасында облыста **тұрақты тілдік ахуал қалыптасып отыр.** Облыс тұрғындарының басым бөлігі **(89,5%)** мемлекеттік тілді меңгеру үшін барлық жағдайлар жасалған деп есептейді.

Басқарманың **3** баспа құралы бар. Олар: 3 тілдегі тілдік-танымдық **«Күншуақ»** журналы, **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»** ақпараттық-әдістемелікжурналы, **«Ономастика тынысы»** журналы. Міне, биылғы жылы да **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»** журналы өз оқырмандарына қарай жол тартты. Сіздер сүйікті журнал беттерінен облыстағы мемлекеттік тілді дамыту саласындағы сындарлы саясатпен, осы бағытта атқарылып жатқан ауқымды істермен танысасыздар. Сонымен қатар тілдерді оқыту орталығындағы жағымды жаңалықтар мен озық әдістемелер осы басылым бетінен орын алатын болады. Сіздерді тек оқырман ғана емес, ортақ іске белсене атсалысатын авторымыз да болады деп сенім білдіреміз. Журнал алғаш жарық көрген кезден бастап тіл саласына қатысты басым бағыттарды негізге алып келеді. Журналдың биылғы жылғы сандарында да дәстүрлі бағыт жалғасын тауып, ***«Тілтаным, «Рухани жаңғыру», «Тіл үйрету әдістемесі», «Үздік сабақ», «Тәрбиеші жазбалары»*** сияқты айдарлар сақталып отыр. Мұндағы мақсат – қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру және мемлекеттік тіл оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал ету, Ақтөбе облысында мемлекеттік тіл саясатын дамыту бағытында атқарылып жатқан іс-шаралардан ақпарат беру. Әлбетте, журнал профессор-ғалымдардың, тіл оқытушыларының мақалаларын жариялауды жалғастырады.

Қадірлі ұстаздар, зерделі оқырмандар! Сіздерді төрімізге келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Әрқашан еліміздің еңсесі биік болып, мемлекеттік тіліміздің мерейі асқақтай берсін!

**Гүлайым Төлебаева**
**Ақтөбе облысының тілдерді дамыту**
**басқармасының басшысы**

# ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІ



**Г. МАМЫРБЕК**
**ф.ғ.к., Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Орфография басқармасының басшысы**

Бекітілген әліпбидегі кемшіліктер билік тарапынан мойындалып, түзетуге рұқсат берілгеннен кейін әліпбиді жетілдіруге байланысты пікір айтушылар мен әліпби ұсынушы авторлар саны күрт артты. Бұл үрдіс жаңа қазақ әліпбиі қандай болуы керек, жаңа әліпби ұлттық жазудың қандай талаптарына жауап бере алуы керек деген мәселенің дұрыс шешілуіне оң ықпал етіп жатқанын айта кеткен орынды. «Тіл-Қазына» орталығына ресми түрде жолданған әліпби жобалары мен ұсыныстарды жинақтай келе әліпби құрылымына қатысты бірнеше бағыттағы көзқарас бар екені дәлелденіп отыр.

Атап айтқанда:

1) Әліпбиді ағылшынның 26 таңбасымен ғана жасап шығу. Яғни 26 әріптің шегінен шықпай төл дыбыстарымызды да соған бағындыру. Мысалы:

ә дыбысы: a (an – ән), aa (aan – ән), áá (áán – ән), ah (ahn – ән), ai (ain – ән);

ө дыбысы: o (on – өн), oh (ohn – өн), oe (oen – өн), oi (oin – өн);

ү дыбысы: u (un – үн), ue (uen – үн), uh (uhn – үн), jj (jjn – үн);

ғ дыбысы: g (gana – ғана), q (qana – ғана), gh (ghana – ғана);

ң дыбысы: ng (tang – таң), nh (tanh – таң), т.б. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, диакритикалық белгілерді алмай жасаған әліпби нұсқалары қабылдауға ауыр, сауат ашатын балаға қиын екені айқын көрініп тұр, екіншіден бұндай әліпби төл дыбыстарды жоғалтып алу қаупін туындатады.

2) Төл дыбыстарды қазіргі нұсқасымен немесе фонетикалық таңбасымен алу. Мысалы, ә (ən – ән), ɛ (ɛn – ән), ө (өn – өн); ʊ (ʊn – үн), ŋ (oŋ – оң) т.б. Алайда басты мақсат латын графикасына көшу болғандықтан, әліпбидегі барлық әріптердің тұрқы латыннегізді болғаны абзал.

3) Екі дыбысты бір таңбамен беру. Мысалы, k әрпімен к/қ, g әрпімен г/ғ, y әрпімен ы/і, u әрпімен ұ/ү дыбыстарын таңбалау. Әріп санын азайту мақсатында қолданылған бұл әдіс сауатын енді ашып жүрген баланың *tysy* сөзін *тысы* ма, *тісі* ме, *un* сөзін *ұн* ба, *үн* бе деп сөз мағынасын бірден тани алмай қиналуына, *kyskasy, byrak* түрінде жазылған сөздерді *кыскасы, бырак* деп қате оқуына ықпал етеді.

4) Кирилдегі 42 таңбаның барлығына әріп арнау. Мысалы, ё – ei, э – eh, ю – jh, я – yh, щ – sci, жіңішкелік белгісі – xi, жуандық белгісі – xh. Мәселен, *parolxi (пароль), balxizam (бальзам), twsciy (тұщы)* т.б. Латын графикасына көшудегі басты мақсаттың бірі – қазіргі әліпбиді артық таңбалардан тазарту, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ әріптерден құтылу екенін ескерсек, бұндай әліпби жүйесі сауатсыздыққа апарары сөзсіз.

5) Диакритикалық белгілерді қолдану. Әліпби түзудегі «бір дыбыс – бір таңба» деген басты ұстаным диакритикалық белгілерді қолдану арқылы ғана шешілетіні белгілі. Осы орайда акут немесе умлаут диакритикасын таңдау жолы тұр.

Әлем тілдерінде акут белгісі дауыстыларға да, дауыссыздарға да қойыла береді, бірақ дыбыстың созылыңқылығын, жіңішкелігін немесе екпінді білдіру үшін қойылады.

Қазақ әліпбиінде диакритика санын азайтамыз десек акутты төл дыбыстарды таңбалауда алуға болады: ә, ө, ү, ғ, ң (á, ó, ú, ǵ, ń). Алайда бұл ортақ түркілік жазу жүйесінен алшақтатып жібереді. Егер умлаутты таңдасақ, оны тек дауыстыларға ғана қоя аламыз да, басқа төл дауыссыз дыбыстарды таңбалауда диакритика саны (бревис, тильда) көбейіп кетуі мүмкін. Дәл қазіргі таңда төл дыбыстар үшін диакритика таңдауда екі жол тұр: акут немесе умлаут. Бұл мәселені ғалымдар аса ыждаһаттылықпен шешуі керек. Десек те қазақ әліпбиі үшін умлаут диакритикасының таңдалғаны дұрыс. Ш дыбысын седильмен (ş) берген дұрыс, себебі апостроф белгісімен ұсынылған s таңбасы *шығу, шығыс* т.б. тәрізді сөздерді жазуда қолайсыздық тудыратыны кезінде қоғам тарапынан айтылған.

Қорыта айтқанда, 4-ші рет бекітілетін әліпби бұрынғы кеткен кемшіліктерді қайталамауы тиіс және осы күнге дейін келіп түскен ұсыныстар мен ескертпелерді назарға ала отырып жасалауы керек.

# ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

**А.Т.ИСКЕНДИРОВА**
**Бастауыш класс мұғалімі**
**Ақтөбе облысы**
**Мәртөк ауданы, Қызылжар ауылы**

Тіл- мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.Мағжан Жұмабаевтың тілінде айтсақ:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың…
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!».

Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр. Ақын Мұхтар Шаханов былай деген еді:

«Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде ».

Расымен де ата – бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан өле – өлгенше қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, бейқам жүре береміз.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.Алайда осыны ескермей орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім. Бұған жауап ретінде ақын Оразақын Асқардың мына бір өлең жолдарын алар едім:

«Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес,өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

# ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

**Л.С.СЕРІКБОЛОВА**
**Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы «Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы» әдіскері**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, - ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз - сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі» деген сөздері қазақ тілін тағдырын ойлаған әр азамат үшін ұран болары сөзсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мемлекет үшін де, қоғам үшін де маңызы зор.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізуді басты мақсат етіп отырған бағдарламаны жүзеге асыратын ең әуелі Тіл оқыту орталықтары екені сөзсіз. Мемлекеттік тіл – тек қатынас құралы ғана емес, бір ұлт пен екінші ұлтты жақындастыратын, табыстыратын өзгеше құрал. Сондықтан мемлекеттік тіл халықтарды біріктіреді. Мемлекеттік тілді өркендету – барша азаматтардың, оның ішінде қазақ ұлтының жұмыла көтеруі тиіс, аса жауапты және абыройлы міндет.

Семей қаласының ересек тұрғындарына тілдерді оқытуды жүзеге асыратын «Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» жанындағы «Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы» да жаңа бағдарламаны халық арасында тарату мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Алдымен Орталық қызметкерлері, кейіннен тыңдаушылар арасында Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы талқыланып, арнайы жұмыс жоспары жасалды. Мемлекеттік мекемелер, бюджеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, әскери салалардың қызметшілері мен жеке тұлғалар үшін мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту курстарын ұйымдастыру және оқыту үдерісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін, сонымен қатар Жаңа әліпбиді үйрету курстарын жүргізетін Орталықтың алдында жаңа мақсаттар айқындалып, жаңа міндеттер қойылуда.

Бұл бағдарламаның елімізде қазақ тілінің мемелекеттік тіл ретінде дамуына, жаңа әліпби арқылы санамыздың жаңғыруына әсер етері сөзсіз.

# ЖОБА «МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚАЛАСЫ АҚТӨБЕМ-ҚАЗЫНА ДАЛАСЫ»

**З.А.БАУКЕНОВА**
**«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы,**
**Актөбе облысы, Алға қаласы**

**Зерттеу өзектілігі:** Балаларға Актөбе қаласы туралы мағлұматтар беріп, қаланың «Актөбе» деп аталу себебін әңгімелеу. Қала бойлап экскурсияға шығу.

**Зерттеудің мақсаты:** «Актөбе қаласы» тақырыбы бойынша білімдері мен түсініктерін кеңейту. Балаларға патриоттық тәрбие беру, туған қаласына сүйіспеншілігін арттыру, тарихына, көркемділікті сезінуге тәрбиелеу, әсемдігіне көңіл аудару. Сөздік қорын дамыту.

**Зерттеу міндеттері:** Балалардың шығармашылықпен жұмыс жасауына қолдау көрсету, патриотизмге тәрбиелеу.

**Зерттеудің болжамы:** Егер біз жоба барысында Актөбе қаласының көрікті жерлерімен, тарихымен таныстыра алсақ, онда балалардың санасына туған жер, Отан, патриотизм ұғымдарын сіңдіре аламыз.

**Жоба мерзімі:** Қысқа мерзімді

**Жобаға қатысушылар:** «Еркетай» ересек тобы тәрбиеленушілері, ата-аналар, тәрбиешілер, тәлімгер.

**Жоспары**

| **Кезеңдері** | **Жұмыс мазмұны** |
|---|---|
| **I кезең**<br>**Ұйымдастыру** | Жобаны іске асыруда қажетті материалдар дайындау.<br>Ата-аналарды жобаның мақсат-міндеттерімен таныстыру, қатысуға шақыру. |
| **II кезең** | Туған жер туралы тақпақтар, мақал мәтелдер, өлеңдер жаттау.<br>- Актөбе қаласына саяхат<br>- Д\ойын: «Бөлшектерден бүтін құрастыр да, ата»<br>- Сурет көрмесі: «Сүйікті қаламның табиғаты»<br>- Актөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат<br>- «Қызғалдақ гүлі туралы ертегі» ұйымдастырылған оқу қызметі |
| **III кезең** | - Презентация: «Актөбе-ақ төбедегі қала»<br>- Ата-аналардың көмегімен шығарған кітапша презентациясы. |






Бммуникация,Таным, Шығармашылық.

**Бөлімі:** Көркем әдебиет, ҚМҰҚ, Жапсыру, Құрастыру

**Тақырыбы:** «Қызғалдақ гүлі» туралы ертегі

**Мақсаты:** Ертегі желісі арқылы балалардың көзқарастарын білдіріп, адамгершіліккетәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ой-өрісін кеңейту,рөльдерді ойнауға ынталандыру.

**Сөздік жұмыс:** Гүл,қызғалдақ,құйын,қаңбақ.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Көрнекіліктер:** суреттер, үнтаспа, карточкалар т.б.

(Балалар топқа кіріп шеңберге тұрады)






**Шаттық шеңбері:**
Армысын қайырымды аспан ата!
Армысын мейірімді жер ана!
Армысын шұғылалы алтын күн!
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң! Қайырлы күн!
Қуанатын күн бүгін!
Здравствуйте! Гуд монинг!
Топқа Айгөлек жылап кіреді.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіңбе, Айгөлек сен неге жылап тұрсың?

**Айгөлек:** Сәлеметсіндер ме! Менің ғажайып қызғалдақ гүлімді қара Құйын ұрлап кетті. Көмектесіңіздерші.

**Тәрбиеші:** Балалар көмектесеміз бе? Сен жылама, Айгөлек, біз саған көмектесеміз. Балалар қара Құйынды іздеп табу үшін біз батырға барайық. Өйткені оның күші көп біз оны өзіміз ғана жеңе алмаймыз сондықтан батырдан көмек сұрайық. (Батырға барады)

**Балалар:** Сәлеметсіз бе батыр! Айгөлектің ғажайып қызғалдақ гүлін қара Құйын ұрлап кетіпті соны іздеп шықтық. Сіз бізге көмектесесізбе?

**Батыр:** - Сәлеметсіндер ме! Әрине көмектесем, бірақ мен бірінші сендердің білімдерінді тексерейін. Біліммен біз бәрін жеңеміз.

**1-тапсырма:** «Сипаты бойынша анықта» (Домбыра, киіз үй, асық, бесік)

**Мақсаты:** Балалардың ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

**Батыр:** - Балалар, сендер білімді екенсіндер, жүріндер мен сендерді әжеме апарайын мүмкін ол кісі білетін шығар қара құйынның қайда тұратының.

- Сәлеметсіз бе әже! Сіз қара Құйының қайда тұратының білесіз бе? Соны іздеп табуға көмектесінізші. (Әжеге барады)

**Балалар:** Сәлеметсізбе,әже.

**Әже:** - Сәлеметсіндер ме! Менің сендер сияқты немерелерім бар. Солар жаңа келіп мына оюларымды шашып кетті. Сендер маған соларды жинастыруға көмектесіңдерші.

**2-тапсырма:** «Оюларды құрастыру» (Қошқармүйіз, су, төртқұлақ, жұлдыз)

**Мақсаты:** Балалардың ою-өрнектердің атын жатқа айта білуге дағдыландыру.

**Әже:** - Рахмет сендерге балалар. Өздеріңмен бірге мына қаңбақты ала кетіңдер. Жолды сендерге сол көрсетеді.

**Тәрбиеші:** Ал енді ары қарай жүрейік. (Мыстан кемпір шыға келеді. Қаңбақты алып қояды)

Қайтарыныз, біздің қаңбақты. Ол бізге қара Құйынның патшалығын іздеуге көмектеседі.

**Мыстан кепір:** - Егер сендер менің тапсырмамды орындасандар, сендерге қаңбақты қайтарамын.

**3-тапсырма:** «Сәйкестікті тап»

**Мақсаты:** Балаларды тез ойлауға,шапшаң қимылдауға үйрету.

**Мыстан кемпір:** Сендер өте білімді екенсіңдер, маған көмектестіңдер, мен енді сандарды танитын болдым.

Ешкімді қорқытпаймын. Міне енді қаңбақтарынды алындар. Сау болыңдар.

**Тәрбиеші:** Сау болыңыз! Балалар әрі қарай жүрейік.

Балалар сендер жолдан шаршаған боларсындар.

Ендеше бойымызды сергітіп алайық.

**Ойын:** «Кім шапшаң?»

**Тәрбиеші:** Балалар қара құйынды білесіндерме, ол келгенде қатты жел болады, жел соғып алай-дүлей, барлық жердің астан-кестенін шығарады.

- Балалар карандар қаңбақ бізді қара құйынға әкелген сияқты.

- Қара құйын тез арада ғажайып қызғалдақ гүлін қайтар!

**Қара құйын:** Жоқ қайтармаймын. Ол гүл өзіме де керек.

- Балалар біз онда қара Құйынға әдемі қызғалдақ гүлдерін жасап берейік.

**4-тапсырма:** «Гүл жапсыру»

**Шарты:** Дәстүрлі емес әдіспен ұсақ етіп туралған қызыл түсті жіптерді сызылған гүлдерге жапсыру, жапырақтарына жасыл түсті гүлдерді жапсыру.

(Гүлді қара Құйынға сыйлау)

**Қара құйын:** менің гүлдерім көп болды. Енді мен ешкімнің гүлін ұрламаймын.Енді ешкімнің заттарына рұқсатсыз тиіспеймін.

**Тәрбиеші:** Балалар, біз ғажайып қызғалдақ гүлін таптық. Оны Айгөйлекке қайтарамыз.

**Айгөйлек:** Балалар менің қызғалдақ гүлімді табуға көмектестіңдер, рахмет сендерге маған көмектескендерің үшін. Мен қуаныштымын.

**Қортынды:** Балалар біз бүгін кімге көмектестік. Батырдың сипаттаған суреттерін таптық, әженің оюларын құрастырып бердік. Мыстанға сандарды тануға көмектестік,мыстан бұдан былай зұлымдық жасамайтын болды, оның жүрегін жібіттік. Қара құйын ешкімнің затына рұқсатсыз тиіспейтін болды. Бүгінгі ертегіміз ұнады ма,олай болса сау болыңыздар.


















# САНАЛЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**С.У.КАЗБАГАМБЕТОВА**
**«Актөбе автожол колледжі» МКҚК,**
**арнаулы пәндер оқытушысы,**
**Ақтөбе қаласы**

*«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады».*

***(Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»)***

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған. Онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену.

Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Еліміздің өсіп өркендеуі үшін, жас мамандардың ойының ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды. Қандай мамандық иесі болса да, өз істеріне жауапкершілікпен қараған адамның, жетер жетістігі де өте көп болмақ. 2019 жыл «Жастар» жылы болып бекітілді. Бұл, жастарға деген сенімділік пен оларға қолдау көрсетудің белгісі. Биыл жастарымыз өздерінің идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға, білім мен ғылымды дамытуға, бәсекеге қабілетті жаңа қоғам құруға атсалысады.

Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастар еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Жасыратыны жоқ, жас буын арасында еш жерге қатыспай, ата-анасына бағынбай, бос уақытын әлеуметтік желіде өткізетіндер де, құқық бұзушылар да жеткілікті. Әрине олармен педагог мамандар мен құқық қорғау органдары жұмыс жасауда.

Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүюге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеуге педагогика ғылымдарының алдында тұрған зор міндеттердің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі.

Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Ел сенімін, үмітін ақтау – жастардың қолында.

Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр, - деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр.

Келер ұрпақ ана тілінде сайрап, өзге тілді меңгеру арқылы болашақ елдің кемел келешегін биіктерден көруге жазсын! Ол үшін, менің ойымша,

1. Радиодан жиі шағын тарихи койылымдарды (батырлар жыры, ертегілер т.б.) дыбыстау;
2. Оқу орындарында балабақшадан бастап ЖОО дейін ұлттық форматтағы (көркемсөз оқу, ұлттық би, ұлттық тағамдардың пайдасы, ұлттық қолөнер т.б.) іс-шаралар өткізуді жүктеу;
3. Ұлттық психологияға тәрбиелеу мақсатында «Әжелердің алақаны», «Аталар өсиеті» тәрізді клубтар ашу (Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпей сынды ұлылардың сөздерін насихаттайтын зиялы адамдарды жұмылдыру);
4. Ер балаларды «нағыз ер» (ер мінезді, намысты, елдің қамын ойлайтын, жауапкершілікті мойнына ала білетін, отбасының асыраушысы, қамқоршысы) ретінде, қыз балаларды ерге қызмет ететін, ерді бағалайтын, ерге күш-қуат беретін, үйдің берекесін келтіретін, болашақ ана болатын әрі «бір қолымен бесік, бір қолымен әлемді тербететін» тұлға болуға тәрбиелейтін «аналар мектебі», «әкелер мектебін» ұйымдастыру.

Елімізді әлемдік деңгейге көтеру үшін ең алдымен болашақ ұрпағымызды саналы, ұлт жанды, білімді, мәдениетті етіп тәрбиелеуге ат салысайық! «Күш – білімде» демекші, білімді жастарымыз ата-бабамыз аңсап кеткен егемен еліміздің туын биік көтеріп, еліміздің жер асты, жер үсті байлығын игеріп, мәдени құндылықтарымызды сақтап қалатын, өзге елге мақтаныштарымызды паш ететін мықты рухты ұрпақ боларына сенелік!

# КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТІҢ ЕМЛЕСІ

**А.Ж.САБИРОВА**
**Ақмола облысы, Бұланды ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-нің директоры**

| | |
|---|---|
| **Sabaqtyń taqyryby**: | Kúrdeli etistikterdiń emlesi |
| **Sabaqtyń maqsaty:** | **A) Bilimdilik**: dara jáne kúrdeli etistik týraly túsinik berý, emle erejesindegi kúrdeli etistikterdiń emlesin meńgertý;<br>Á) damytýshylyq: latyn qarpinde qatesiz jazý daǵdylaryn, emleni aýyzsha jáne jazba jumystarda durys qoldaný qabiletterin damytý.<br>**B) Tárbıelik**; elin, jerin, Otanyn qadirleýge, adamgershilikke, adaldyqqa, eńbeksúıgishtikke baýlý.. |
| **Sabaqtyń túri:** | jańa sabaq. |
| **Sabaqtyń ádisi:** | túsindirý, sýretteý, salystyrý, suraq-jaýap, trenıń, bekitý, qorytyndylaý, tańdaý ádisi |
| **Sabaqtyń kórnekiligi**: | Taratpa materıaldar, kesteler, kespe qaǵazdary, tirek syzbalar. |
| **Sabaqtyń barysy:** | |
| **I. Uıymdastyrý kezeńi.** | **1. Amandasý**. Qaıyrly kún, qurmetti tyńdaýshylar, búgingi sabaǵyma qosh keldińizder! Bir-birimizben tanysý maqsatynda «Tanysý» oıynyn oınaıyq!<br>**2.Trenıń «Tanysý»** (Mysaly:1tyńdaýshy: Meniń atym – Kenjesh. Men bılegendi unatamyn. 2 tyńdaýshy: Meniń atym – Gúljan. Men sýret salǵandy unatamyn.....). |
| **3. Jańa sabaqtyń taqyrybyn ashýǵa nazar aýdartý.** | Kelesi sóılemderge nazar aýdaryńyzdar.<br>Дәрігерлер жұмысқа келді. / Дәрігерлер жұмысқа келе жатыр.<br>Суретші сурет салды. / Суретші сурет салып отыр.<br>Osy sóılemderden etistikti tabaıyq.<br>- Durys, keldi jáne kele jatyr.Salystyraıyq ne baıqadyńyzdar?<br>Bári de qımyldy bildiredi, qoıylatyn suraqta birdeı, ózgesheligi sóz sanynda. Osyndaı eki ne úsh sóz birigip, bir qımyldyq uǵymdy bildiredi.<br><br>Етістік + (-ып, -іп, -п, -а, -е) + жатыр (отыр, тұр, жүр)<br>Мысалы:<br>Оқы + п жатыр<br>**Көр + іп отыр**<br>**Сөйле + п тұр**<br>Есім + етістік + ет (қыл, бол)<br>Мысалы: Адам бол<br>**Еңбек ет**<br>Қызмет қыл<br>Еліктеуіш + етістік + ет (қыл, бол)<br>Жарқ етті<br>**Лап етті**<br>**Сөйле** + |
| **II Jańa sabaq** | **Búgingi sabaqtyń taqyryby: «Kúrdeli etistiktiń emlesi».**<br>§25. Күрделі етістіктердің, есім және еліктеуіш сөздермен тіркескен құрама етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады: baryp keldi, kele jatyr, jaza ber, kıip júre ber, júgire jóneldi, bara almady, bara almaı qalyp edi, jyǵylyp qala jazdady; qyzmet etý, mán berý, qol shapalaqtaý; shap etý, dý ete túsý, baj etý, lap qoıý.<br>§27. da, de, ta, te шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: bar da kel, aıt ta qoı, qara da tur, kir de shyq. Бірақ urda-jyq, asta-tók, ýda-shý тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады. |

<table>
<tr>
<td>Jańa sabaqty bekitý tapsyrmalary</td>
<td>1-tapsyrma. Sáıkestendirińiz.<br>
1<br>
<br>
2<br>
<br>
3<br>
<br>
4<br>
<br>
1. Fýtbol oınap júr . ______________<br>
2. Án aıtyp tur. __________________<br>
3. Sýret salyp jatyr. ______________<br>
4. Dombyra tartyp otyr. _____________<br>
2-tapsyrma. Dara jáne kúrdeli etistikterdi baǵandarǵa bólip jazyńyz.<br>
Bardy, júrip barady, tars etti, júzdi, aıt ta qoı, ushyp barady, otyr, ósip keledi, ashty, sart etti.<br>
<table>
<tr><td>Dara etistik</td><td>Kúrdeli etistik</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>Sergitý sáti: «Men elimdi súıemin» trenıńi ótkiziledi.</td>
<td>Eger sizdiń dosyńyz bolsa, kórshiniń basyn sıpańyz.<br>
Eger sizdiń úıińizde mysyq bolsa, óz basyńyzdy sıpańyz.<br>
Eger siz ıtterdi jaqsy kórseńiz, kórshińizdi qushaqtańyz.<br>
Eger siz qustardy jaqsy kórseńiz, qolyńyzdy sozyp, qustarsha qanat qaǵyńyz.<br>
Eger siz óz otbasyńyzdy jaqsy kórseńiz, aıaǵyńyzdy topyrlatyńyz.<br>
Eger sizder Otanymyzdy jaqsy kórseńizder, alaqandaryńyzdy soǵyńyzdar.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>3-tapsyrma. Berilgen etistikterdi kúrdeli etistikke aınaldyryńyz.Jańa álipbımen jazyńyz.<br>
Ұшты, күреді, құйды, айтты, жазды, оқыды.<br>
4-tapsyrma.Mátinnen kúrdeli etistikterdi taýyp, olardyń jazylý sebebin anyqtańyz.<br>
- Erte zamannyń birinde qazaq dalasyna shabýyl jasaǵan dushpannyń qalyń qoly bir qalany qorshap alady. Qalaǵa keletin aýyz sýdy toqtatyp qorǵannan óte almaǵan jaý halyqtyń berilýin kútipti. Birneshe kún ótse de, qala berilmepti.<br>
Sonda dushpannyń ásker basy mynadaı buıryq shyǵarypty.<br>
- Qaladan kótergenshe júk alyp, áıelderdiń ketýine ruqsat etemin,- deıdi<br>
Áıelder bir-bir qapshyq arqalap qaladan shyǵyp ketedi.<br>
Dushpan qalaǵa kirip qarasa, bir de bir erkek joq.<br>
Áıelder er azamattaryn qapqa salyp kóterip ketipti.<br>
Kishkene qyzdar ul balalardy, kempirler shaldardy kóterip qaladan shyǵyp ketipti.<br>
5-tapsyrma. Sabaq basynda aıtqan súıikti is-áreketińizdi jańa álipbımen jazyńyz.</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Keri baılanys** «Tańdaý ádisi» | **Орындаған:** | | **+ / - белгісін қою** | |
| | Мен үшін сабақ қызықты болды деп ойлаймын. | | Мен үшін сабақ қызықсыз болды | |
| | Мен сабақта көп нәрсе үйрендім | | Менің сабақта үйренгенім аз болды. | |
| | Мен басқаларды мұқият тыңдадым | | Мен басқаларды зейінсіз тыңдадым. | |
| | Мен сабаққа белсенді қатыстым | | Мен сабаққа сирек қатыстым | |
| | Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын | | Мен сабақтағы өз жетістіктеріме риза емеспін. | |
| **Baǵalaý** | Belsendilik tanytqan tyńdaýshylardy atap ótý. | | | |

# ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ: АШЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ӨТТІ

**А.С.СҮГІРБАЕВА**
**Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы әдіскері, п.ғ.магистрі**

Ағымдағы жылғы 5 наурыз күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасы бойынша «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ базасында Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы, Тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен облыстың тіл мамандары, филолог-ғалымдары, педагог кадрларының қатысуымен жалпы халықтық ашық талқылау шарасы өтті.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді жетілдіру тапсырмасын жүктеген болатын. Осы бағытта республика деңгейінде жаңа әліпбидің бірнеше нұсқасы талқыланып, соның ішінен іріктелген үш жоба бойынша өткен айда жалпыреспубликалық ашық талқылау ұйымдастырылды. Жетілдірілген әліпби жобасын ғылыми тұрғыдан қайта саралау бойынша республикалық ашық талқылау облыс педагогтарының, филолог мамандардың назарына ұсынылып, жан-жақты қарастырылды. Аталған шараның басты мақсаты – латынграфикалы қазақ әліпбиінің жетілдірілген жобасы бойынша бірқатар






таңбаларға қатысты мамандар пікірін білу, ашық талқылауға шығару.

Шара барысында Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысында мақұлданған жетілдірілген әліпби жобасының негіздемесі таныстырылып, таңбалардың ғылыми негіздемесі, әріптердің пернетақтадағы орналасу жүйесі талқыға салынды. Дәлірек айтсақ, әліпби құрамына c, w, x таңбаларын енгізу, ц, ч дыбыстарына таңба арнау, и, і және ж, ң дыбыстарының таңбасын қайтадан қарастыру мәселелері қозғалады. Осы орайда, облыс педагогтары жетілдірілген әліпби жобасы бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салып, бұл жобаның өміршеңдігін, бәсекеге қабілеттілігін практикалық тұрғыдан жан-жақты тексеру қажеттігіне баса назар аударды. Жетілдірілген жоба халықаралық фонетикалық әліпбидегі стандартқа сәйкестігі, UNICODE жүйесінде қолданылатындығы көпшіліктің көңіліне қонды.

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы биылғы жылы да оқыту сипатындағы бірқатар шаралары мен ұзақ мерзімді жобалары жоспарлы түрде іске асырылады. Атап айтсақ, **«Жаңа әліпбиді бірге үйренейік!»** ересектерге және **«Тілдарын»** балаларға арналған тележобалары облыс телекөрермендерін латынграфикалық қазақ әліпбиін тез меңгеруге ықпал ететін мультимедиалық-интерактивті сипаттағы бағдарламалар болары анық.

Қолдарыңыздағы **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»** ақпараттық-әдістемелік журналы биыл да өздеріңізбен **«Рухани жаңғыру»** айдары арқылы жүздесіп отыр. Айрықша айдардың биылғы жаңалығы – оқырмандарға жаңа графикада ұсынылуында. Бұл қадамның мақсаты: латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиін көпшілікке мейлінше танымал ету, журнал арқылы оқырмандардың жаңа графикада оқу жылдамдығын арттыруға, жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Қадірлі ұстаздар, зерделі оқырмандар! Жылдан жылға журналдың мазмұндық сапасы мен практикалық мәнінің артуына сіздердің қосатын үлестерінің ерекше екендігі сөзсіз. Журнал облыс, республика педагогтарының, тіл оқытушыларының, тәрбиешілердің тілдерді оқыту мәселесі, мемлекеттік тілдің даму бағыттары, рухани жаңғыру тақырыптарында ой өрбітіп, іс-тәжірибе алмасатын алаңға айналып келеді. Осы орайда, сіздерден тілдерді үйрету ісінде жаңа жобалар, тың бағдарламалар мен әдістемелер, озық педагогикалық ізденістер күтеміз. Шығармашылық байланыс пен ынтымағымыз өз жалғасын таба береді деп сенеміз.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ТӘСІЛДЕР

**Б.Ж.АЙЖАНОВА**
**МКҚК «Күншуақ» бөбекжай – бақшасының әдіскері**
**Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы**

Мектепке дейінгі баланың танымдық қабілеті өте жоғары, себебі балада білсем, көрсем деген құбылыс басым және де барлығын тез еске сақтайды. Психологтардың пайымдау бойынша мектепке дейінгі жас жеткіншекке ақылдылығын арттыру маңызды емес, баланың танымын жас кезеңіне, жас ерекшелігіне сай түсінікті етіп ұғындыру. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық өзгешелігі – қоршаған ортадағы жағдайларды эмоция арқылы қабылдайды, балада өзінің «не, неге, не үшін?» деген сұраққа жауап алу кезінде затты көреді, дәмін татады, иіскейді, лақтырады, ұстап көреді. Балаға кішкентай кезінен танымын дұрыс бағыттап, бағдар беру, яғни баланы қыдырту, үй жануарларымен, өсімдіктермен, ұсақ жәндіктерді көрсету, табиғат құбылыстарын тамашалау – күзгі жапырақтар, күннің шуағы, кемпірқосақ, терезедегі аяздың өрнектері, бүршік - осының барлығы танымдылығын нығайтады. Танымдылық белсенділік дегеніміз не? Танымдылық белсенділік дегеніміз – қоршаған ортаны тануға, білімге деген ынта–ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі.

**Мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы тәсілдер:**

Жобалау іс-әрекеті арқылы

Зерттеу-іздестіру әрекеті

Ойын әрекеті

Осы мақсатта топтарда мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін, белсенділік бұрыштарын ұйымдастырдым. Атап айтсақ, театр бұрышы, ғылым бұрышы, өнер бұрышы, дидактикалық ойындары, желілі-рөлді ойын, қимылдық ойын делінген белсенділік бұрыштары құрылды. ҰОҚ ойын бұрыштары арқылы өтеді. Тіпті балалардың қызығушылығына қарай олар ҰОҚ- нен кейін де сол бұрыштарда ойынын жалғастыра береді. Өмірдегі түсінігі, еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

**Осы аталған белсенділік бұрыштарына жеке тоқталып кетсек:**

***Дидактикалық ойын.*** Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын арқылы бала бірлесіп жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа және бір-біріне көмектесуге, жас ерекшелігіне сай дамуына мүмкіндік алады. Өз білімдерін іс-жүзінде пайдалануға, өз ойларын еркін айтып, қорытынды жасауға, шешім қабылдауға үйренеді.

**Дидактикалық ойын түрлері:**

1) Заттық дидактикалық ойындар.

Заттық дидактикалық ойындарда ойыншықтар мен нақты заттар қолданылады.

2) Үстел үсті ойындары.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, пазылдар, суреттер қолданылады.

3) Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындар. Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді.

***Театр бұрышы.*** Театрландыру баланың танымдық белсенділігін көтереді. Бала қуанады, күледі, таңқалады, қайғырады, ойнайды, жаны ашиды, қоршаған ортаны таниды, жан – жақты дамиды, ой - өрісі, сөйлеу қабілеттері өрістейді. Осыны ескере отырып, бізде әрбір топта театр бұрыштары жасақталды. Балалар осы әдеби шығармалар мен ертегілердің кейіпкерлерін сахнада ойнап қана қоймай, сол кейіпкерлердің бейнесіне кіріп, шын беріліп, жақсы жағы мен жаман жағын біліп, айырады. Мысалы: түлкі әр уақытта қу, аю аңқау, қасқыр сенгіш, қоян қорқақ, Алдар көсе алдағыш, құмырсқа еңбекқор, осындай мінез - құлықтарды бейнелеу арқылы балалардың мінез – құлқы, өмірге көзқарасы қалыптасады. Сондықтан біз балаларға ертегілерді сахнаға қоймас бұрын екі – үш рет оқып, қиын сөздерді жеңіл сөздермен алмастырып, әр кейіпкердің дауысын ырғағымен нақышына келтіре отырып,таныстырамыз. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым рөлдер, ал мінезі салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Қойылымға тақырыпқа байланысты әуен мен шулы әсер қолдануға, концерттік нөмірлер, тақпақ, мақал-мәтел, жұмбақ енгізуге болады. Қиял-біздің өміріміздің бір қыры. Көз алдымызға елестетіп көрейікші, адамда қиялдау қабілеті болмаса, ғажайып өнер туындылыры, түрлі ғылым жаңалықтары тумаған болар еді. Балалардың дамуы үшін ең алдымен оның қиялдай білу қабілетін дамыту керек..

Осы ойды әрі қарай өрбітсем, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділін арттыру

үшін, өз тәжірибемде **«Ертегі ойлап табайық»** әдісін көп қолданамын. Яғни, қиялдау арқылы жаңа ертегі ойлап табамыз. Мысалы: Біз білетін **«Бауырсақ»** ертегісінде түлкі бауырсақты жеп қояды, яғни бауырсақ сәтсіздікке ұшырайды. Ертегінің жаңа нұсқасында біздің бауырсағымыз жаңа достар тауып, жаны жақсылыққа кенеледі. Ертегісінің жаңа нұсқасы балаларды достыққа, адалдыққа, шыдамдылыққа үйретеді.

Нәтижесінде балалардың өз қиялдарынан туған жаңа дүние оларға ерекше әсер етті, бір-бірімен ой бөлісіп, ынтымақтастыққа тәрбиеленді. **«Қызыл телпек»** ертегісінде қасқыр әжесі мен Қызыл телпекті жеп қойып, жексұрын болып көрінеді.Ашкөз, жауыз қасқырды мейірімді,қамқор етіп көрсету мақсатында жаңа нұсқасын ұсынамын. Қасқырдың жағымды істеріне сүйсіндіре отырып, мен балалардың сөздік қорына «қол ұшын берейін», «достықтары мәңгілік болыпты» сияқты тіркестерді қостым.

Театр ойыны бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

***Өнер бұрышы*** арнайы қол еңбегіне және бейнелеу өнеріне арналған құралдармен жабдықталды. Бейнелеу орталықтарында балаға әртүрлі материалдарды пайдалана отыра, сурет салудың әдіс-тәсілдерін қолдануына мүмкіншілік береді. Балалар қиялдай біледі. Олардың қиялын байыту үшін өнер орталығындағы әр түрлі құралдар көмекке келеді. Өнер орталығы баланы еркін әрекетке, өзінің шығармашылық ойын іске асыруға бағыттайды.

Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасын, тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын, танымдық белсенділін дамытады. Табиғи және қалдық материалдармен және олардың қасиеттерімен таныстырып, ұсақ-түйек заттар жасауда желімнің, ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді жалғау дағдыларын қалыптастырады.

Жұмыстың түрлі әдістерін қолдану арқылы, яғни көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы балалардың шығармашылыққа деген белсенділін арттыруға мүмкіндік береді.

***Ғылым орталығында*** тәрбиеші балаға ізденіс жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Әртүрлі заттармен толықтырады. Ғылым бұрышының алатын орны ерекше. Өйткені зерттеу, тәжірибе өткізу негізгі іс-әрекеттің бірі болып табылады. Бала өз көзімен көріп, қолымен ұстаған нәрсені ұмытпай, әрқашан есте сақтап жүреді. Тәжірибе жұмысының барысында балалар көптеген құрал-жабдықтармен танысады, оның не үшін қажет екенін, өмірде қалай дұрыс қолдану керек екенін біледі.

***Сюжетті-рольді*** ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Балалардың мамандықтар туралы білімдерін толықтырып, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру барысында зейіндерін дамытамын.Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандықтарды таңдауға қызығушылығын тудырамын. Сюжетті-рольдік ойын өзінің сипаты жағынан көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» болып ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Бағдарлама бойынша басқа да іс-әрекеттерді қолдана отыра, тәрбиеші ойынды байыта алады. Мысалға "Дүкен" ойынында ересек немесе сөйлеу деңгейі жоғары бала өз тауары туралы айтады: "бізге дүкенге Мароккандық және испан апельсиндерін әкелді. Мароккалық апельсиндер-тәтті, дөңгелек, қызғылт түсті, бірақ жаман тазаланады. Испан сәл қышқыл, бірақ үлкен, сары, қалың қабығы бар, оңай тазаланады. Сізге қандай апельсиндер керек?" Бала сипаттамасын қайталауы керек. Сонымен қатар, "Дүкен" ойынында есте сақтауға арналған жаттығуды қосуға болады. Ересек адам былай дейді: " 2 лимон, қызыл алма, жасыл бұрыш, ақ нан сатып ал..." Бала тауарды сатып алып, барлық сөздерді қайталау және сатып алуды дұрыс жасау керек. Келесі тапсырма: «Сөреге сипаты бойынша тауарларды қою» . Мысалы, жоғарғы сөреге көкөністерді жина, ал төменгі сөреге жемістерді жина т.б.

***Қимылды ойындар*** балалардың жүгіру, секіру, өрмелеу, қағып алу, лақтыру қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қозғалмалы, ұлттық, спорттық ойындар, дене шынықтыру жаттығуларының көмегімен балалардың спортқа деген қызығушылығы қалыптасады. Қимыл – қозғалыс ойындары бірнеше түрге бөлінеді: топтық ойындар, командалық ойындар, эстафеталық ойындар, жекпе жек ойындары, ұлттық ойындар және қысқы ойындар. Ойын барысында балалардың ойынға деген қызығушылығын қолдап, олардың әрекеттері мен ережелерінің орындалуын мұқият қадағалаймын, дербестікті, бастаманы, белсенділікті ынталандырамын. Сонымен қатар, қысқы күндері қар үстінде көптеген қызықты ойындар ұйымдастыруға болады.

Қорыта келе, аталған ойындарды ойнатудың мақсаты - балаларды ой еңбегіне үйрету; өздігінен еңбектенуге дағдыларын жетілдіру; тұрмысқа қажетті бұйымдармен табиғи заттарды даралай, жинақтай білу, салыстыра, сипаттап әңгімелеу, сөйлемді дұрыс айту дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын байыту. Сондықтан да тәрбиеші осы ойындарды сабақ мазмұнына, күн тәртібіне, өткізілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына қарай пайдалануы керек.

# «БАЛАБАҚШАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ» ЖЕКЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖҰМЫС

**А.М.АЛМАНИЯЗОВА**
**«№28 «Көркем» МДҰ МКҚК Ақтөбе қаласы**

Балалар еліміздің ертеңгі зияткерлік әлеуеті екенін ескерсек, мектепке дейінгі сапалы білім беру және балалардың қабілеттерін дамыту – қоғам үшін жоғары маңызы бар іс екені сөзсіз.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйым – жан-жақты жетілуге, дамуға ұмтылатын, жаңа мүмкіндіктер іздейтін, баланың, отбасының, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, педагогтардың шығармашылық, кәсіби жұмыстарына қажетті жағдайлар жасайтын, барлық замануи талаптарға сәйкес келетін күрделі үдеріс.

Неліктен бүгін МДҰ-да денсаулық сақтау технологиясы инновациялық болып танылуда?! Оның себебі – бүгінгі жағдайларда денсаулық сақтау – білім беру барысының барлық компоненттерін қайта карауды талап ететін жаңашыл ойлаудың негізгі элементі. Ол ортаға баланың денсаулығын қояды. Өкінішке орай, соңғы жылдары балалардың денсаулықтары тұрақты түрде нашарлауда. Бүгінгі күнгі білім беру адамды қандай да бір әлеуметтік, кәсіби функцияларға үйрету барысында оның денсаулығының жағдайын ескерусіз қалдыра алмайтыны және аталған бағытта мақсатты жұмыс жасау қажеттілігі анық болып отыр.

XXI ғасырдағы өмір біздің алдымызда көп қиындықтар тудыруда, олардың арасындағы ең өзектілерінің бірі – денсаулық сақтауға және салауатты өмір салтына жаттығу.

Инновациялық жұмыс формаларын ашатын және тиімді қолданылатын денсаулық сақтау технологиясының негізгі түрлері:

1. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиясы:

- ырғақ пластикасы;
- динамикалық үзілістер;
- қимыл-қозғалыс және спорт ойындары;
- саусақ гимнастикасы;
- тыныс алу гимнастикасы;
- шынықтыру.

2. Саламатты өмір салтына үйрету технологиясы:

- дене шынықтыру ҰОІӘ;
- коммуникативтік (қарым-қатынас) ойындары;
- өзіне-өзі массаж жасау;
- нүктелік массаж;
- қолдардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар кешені.

3. Коррекциялық (түзету) технологиясы:

- ертегі терапиясы;
- әнмен ықпал ету технологиясы;
- психогимнастика;
- арттерапия.

Сөзімді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған сөзімен аяқтағым келеді: «Салауатты өмір салтын ұстау қазіргі таңда өзекті мәселлелердің бірі болып отыр». Осы бағытта болашақ еліне елеулі, халқына қалаулы, ата-анасының мақтанышы дені сау ұрпақ өсіру жолындағы тәрбиені басшылыққа алып келеміз.

**Тақырыбы:**

«Балабақшада инновациялық денсаулық сақтау технологияларын қолдану»

**Цель:**

Қазіргі заманғы денсаулық сақтау технологиялары мәселесі бойынша кәсіби біліктілікті арттыру.

**Мақсаты:**

1. Денсаулық сақтау мәселе бойынша оқу, анықтамалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;

2. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологияларын зерттеу, картотеканы құрастыру (динамикалық үзілістер, қимылды және спорттық ойындар, релаксация, саусақ жаттығулары, көзге арналған жаттығулар ,тыныс алу жаттығулары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, ритмопластика

3. Жіберуге тыныс-тіршілігін бала мектепке дейінгі мекемеде сақтауға және денсаулығын нығайту;

4. Тірек-қимыл аппараты, көру, суық тию ауруларының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

5. Оқыған әдебиетті жүйелеу.

***Перспективалық жоспар***

| айы | Жұмыс бағыттарының мазмұны |
|---|---|
| Қыркүйек | Балалардың жас топтары бойынша бағдарламаны зерттеу. Тақырып бойынша әдістемелік әдебиетті оқу. Денсаулық сақтау технология туралы папкілерді толықтыру Бейімделу кезеңінде шынықтыру шараларын ұйымдастыру-Түзету гимнастика.<br>Қимылды ойындарды ұйымдастыру (күн сайын). |

| | |
|---|---|
| Қазан | Сабақ кезінде динамикалық үзіліс жүргізу (жыл бойы). Таңертеңгілік гимнастиканы өткізу (Күн сайын).<br>Саусақ гимнастикасын өткізу (Күн сайын).<br>«Шынығу туралы не білу керек?» тақырыбына ата аналармен жеке әңгімелесу» |
| Қараша | Күз Мерекесі<br>Балалардың дене дайындығы деңгейінің диагностикасы.<br>Тыныс алу гимнастикасы<br>Түзету гимнастикасы<br>Даярлық тобында балаларға арналған мультимедиялық технология мен модульдік жабдықтарды қолдану арқылы дене шынықтыру сабағы (Н. Н. Ефименко әдістемесі бойынша, «шеңбер» стилінде») |
| Желтоқсан | Жаңа жылдық ертеңгілік.<br>Ритмопластика |
| Қантар | «Денсаулық апталығы» сауықтыру жұмысы<br>Қимылды және спорттық ойындар<br>Тәрбиешілерге арналған кеңес: «мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудағы денсаулық сақтау технологиялары». Тақырып бойынша әдістемелік әдебиетті оқу |
| Ақпан | Демонстрациялық және үлестіру материалының жиынтығын құру<br>Тыныс алу гимнастикасы (картотека)<br>«Денсаулық туралы не білеміз?» сауалнама<br>Т. А. Шорыгина кітабімен таныстыру «Денсаулық туралы әңгімелер» |
| Наурыз | 8наурыз мерекесі және наурыз мерекесіне арналған ертенгіліктер<br>Көзге арналған гимнастика<br>Релаксация<br>«Көру туралы сөйлесейік» стенд безендіру |
| Ақпан | «Мәдени-гигиеналық дағдылар» тақырыбы бойынша балалардың диагностикасы»<br>Мониторинг |
| Мамыр | 1, 9 Мамыр ертенгіліктер<br>Қимылды және спорттық ойындар<br>«Дені саудың-жаны сау» атты жарыс өткізу»<br>Жұмыстың қорытындысын шығару. |

# МҰРАЖАЙ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

**А.Б.ДӘРКЕНБАЙ**
**Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы**
**«Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы» қазақ тілі мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Деңгейі** | В2 ортадан жоғары деңгей |
| **Мақсаты** | Әлемнің үздік мұражайлары туралы мәлімет беру арқылы сөздік қорларын молайту, жаңа әліпбиде оқу және көркем жазуға дағдыландыру, мұражайлар туралы кеңінен мағлұматтар беру.<br>Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасау.<br>Тыңдаушылардың сөйлесім дағдыларын арттыру. |
| **Қолданылатын әдістер** | сұрақ - жауап, баяндау, әңгімелеу, топтық жұмыс, ой қозғау, түсіндіру, топтастыру |
| **Көрнекілігі** | интерактивті тақтадағы слайдтар, суреттер, видео материалдар, т.б. |

| | |
|---|---|
| **Лексикалық минимум** | Асыл тастар, атап өту, бірегей, жаңғырту, көркем сурет, қайталанбас, құндылықтар, қолданбалы өнер, үздік мұражай, мүсін, ұлықтау, түс, сәндік-қолданбалы өнер, т.б. |
| **Сабақ барысы<br>Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)** | - Сәлемдесу<br>Сабақтың тақырыбымен таныстыру, мақсатын айту. |
| **Топқа бөлу** | Тыңдаушыларды 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар жазылған таратпалардың бірін таңдату арқылы топтарға бөлу |
| **Тақырыпты ашу** | ***«Ерекше мұражайлар»*** *видеосын тамашалау арқылы сабақ тақырыбын ашу.*<br><br>*- Видеода не туралы айтылған?*<br>*- Сіз мұражайға баруды ұнатасыз ба?*<br>*- Мұражайға өз қалауыңызбен барасыз ба?*<br>*- Видеодағы мұражай туралы не білесіз?*<br>*- Әлемнің тағы қандай мұражайларын білесіз?*<br><br>*Әлемнің үздік мұражайларын білу үшін топпен жұмыс жасайық. Алдымен жаңа әліпбиде жазылған мұражайлар туралы мәтіндерді топ ішінде оқисыздар.* |
| **Топтық жұмыстар** | **Мәтінмен жұмыс.**<br>**Lývr**<br>Lývr – qaıtalanbas óner týyndylaryn tamashalaý úshin halyq eń kóp jınalatyn Frantsııanyń ulttyq murajaıy, ıaǵnı Eýropadaǵy eń tuńǵysh murajaı bolyp tabylady. Murajaı Senanyń oń jaq jaǵalaýynda, ıaǵnı Parıjdiń ortalyǵynda ornalasqan. Lývrdyń negizgi ǵımaraty XII ǵasyrda turǵyzylǵan Frantsııa koroli II Avgýsttyń qamaly bolyp tabylady. Al murajaıdyń ashylýy Frantsýz revolıýtsııasy etek alǵan tusqa, ıaǵnı 1793 jylmen tuspa-tus keledi. Lývrdyń eń tanymal qundylyqtary retinde – Leonardo da Vınchıdiń Mona Lızasyn, ne bolmasa kónegrektik Venera Mılosskaıa men Nıka Samofrakııskaıa músinderin atap ótýge bolady.<br><br>**Ulttyq óner galereıasy**<br>Bul kórkemóner galereıasy Vashıngton qalasynyń Ulttyq saıabaǵynda ornalasqan. Atalǵan galereıada álemdegi eń úzdik eýropalyq jáne amerıkalyq sheberlerdiń týyndylary jınaqtalǵan. Munda sýret, grafıka, músin, akvarel, fotosýret, farfor jáne sándik-qoldanbaly óner buıymdaryn jalyqpastan tamashalaýǵa bolady.<br><br>**Ýffıtsı murajaıy**<br>Álemniń eń tańdaýly ári eń úlken kórkem sýret jáne músin murajaıy Florentsııanyń Ýffıtsı alańynda oryn tepken. Murajaıdyń sýretter toptamasy Djotto, Sımona Martını, Leonardo da Vınchı, Rafaelııa, Mıkelandjelo jáne Karavadjo syndy álem moıyndaǵan tulǵalardyń týyndylarymen tolyqtyrylǵan. Sondaı-aq, Dıýrer, Rembrandt jáne Rýbens sekildi nemis, golland sheberleriniń jumystary qoıylǵan. |

**Mysyr murajaıy**

Mysyr murajaıynda kónemysyr óneriniń álemdegi eń kólemdi toptamasy jınaqtalǵan. Murajaı tarıhy 1835 jyldan bastalady. Al murajaıdyń klassıkalyq stıldegi qazirgi ǵımaraty frantsýz sáýletshisi Marsel Dıýnonnyń jobasy boıynsha 1900 jyly turǵyzylǵan. Murajaıda sonaý Grek-Roman kezeńinen bergi óner týyndylarynyń 120000 úlgisi qoıylǵan.
Álemdegi eń úlken murajaılardyń kesheni. Murajaıda 1400 zal bar jáne onda qoıylǵan 50 000 zatty kórip shyǵý úshin 7 shaqyrym jerdi júrip ótý kerek eken. Onda kóne jáne qazirgi zamanǵy kórkemóner týyndylary jınaqtalǵan.

**Ermıtaj**

Ermıtaj – álemniń eń úlken murajaılarynyń biri ári biregeıi. Murajaıda álem mádenıetiniń úsh mıllıonǵa jýyq óner týyndylary men eskertkishteri qoıylǵan. Murajaı 1764 jyly qurylǵan. Negizin qalaýshy II Ekaterına bolyp sanalady. Ermıtaj toptamasnyń quramynda: kórkem sýret, músin jáne qoldanbaly óner buıymdary, arheologıalyq eskertkishter, nýmızmatıkalyq zattar, asyl tastar jeterlik.

***«Түртіп алу» стратегиясы –*** бір топ өзіне бөлінген мұражай туралы айтып жатқанда керек мәліметтерді жазып алу керек.

***Әр топ өзіне берілген мұражай туралы әңгімелеп береді.***

***"Екі сұрақ, бір жауап"***

Әр топ өзі оқыған мәтін бойынша екі сұрақ дайындап, оң жағында отырған топқа береді. Екі сұраққа толықтай бір сөйлеммен жауап беру керек.
(Салалас құрмалас сөйлем құрастыра білуге машықтандыру мақсатында орындалады.)

**Бекіту**

**«Мұражай әлемі» -** мәтін бойынша кестені толтыру. Тақтаға ілінген кестенің ұяшығына сәйкес ақпаратты жапсыру. (Түртіп алған мәліметтерін пайдаланады)

| | **Лувр** | **Ұлттық өнер галереясы** | **Уффици галереясы** | **Мысыр мұражайы** | **Эрмитаж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Орналасқан елі | | | | | |
| Қай қалада | | | | | |
| Құрылған жылы | | | | | |
| Туындылар | | | | | |
| Негізін қалаушы | | | | | |

**Бекіту**

Мұражай - ол тарих, ол мәдениет. Өткенімізді білмей, келешекке қадам баса алмаймыз. Өткен тарихқа сапар шегіп, мәдениетімізді еске түсіргіміз келгенде баратын жеріміз – мұражай. Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының да басты мақсатының бірі тарих пен мәдениетті жаңғырту.
«Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында 5 минуттық эссе жазу (жаңа әліпбиде). Келесі топ эссені оқып, қатесін түзету.

Ұлы Даланың жеті қыры

(видеоролик қосылып тұрады)

| | |
|---|---|
| **«Сиқырлы айна» әдісі арқылы қатысушылар пікірін білу.** |  Ортаға мұғалім тұрады. Қалған тыңдаушылар оны қоршай тұрады. Ортада тұрған адам шетте тұрған адамға сұрақ қояды. Сол арқылы сабақ туралы ойларын, пікірлерін білуге болады. |

# БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**Е.Т.ДЖАРИЛКАПОВА**
**тәрбиеші МКҚК «№28 «Көркем» МДҰ**
**Ақтөбе қаласы**

Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенін бастамасы. Мектепке дейінгі шақ бала бойында адамгершіліктің негізін қалайды. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік ,сымбаттылық, сезімдерін қалыптастыру- ата- аналар мен тәрбиешінін міндеті. Мектеп жасына дейІнгі балалардың жан- жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжетті - рольдік, кимыл–қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын – балаларды оқуға, енбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиенін басқа да салалармен байланысты. Адамның іс-әрекеті мен мінез - құлқынан әдемілік, сұлулық көрініс таппайынша, адамгершілік парасат тәрбиесі көздеген мұратына жете алмайды. Адамгершілік, адамгершілікке баулу дегеніміз не? Біздің ойымызша, ол-адамдардан үлкен бе , кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым – қатынасын ақылға салып, ар- ұят таразысынан өткізіп, білімімен ұштастырып ең әуелі, ең дұрыс жолын таңдап білуі қажет. Тәрбиеші балалардың орынды іс-әрекеттерің мақұлдай отырып, азды-көпті жіберген кемшіліктерін өздкрі түсініп, түзетуге бағыттай білуге тиіс. Әр бала өз ісі мен қылығына жауапкершілікпен қарап, ұялу, кешірім сұрау сияқты әдеттерді үйрену қажет. Балабақша жұмысының мазмұны күн тәртібінің барлық сәттерінде балалардың мінезін дұрыс бағытта тәрбиелеуге негізделеді. Егер бала мінезін дамыта отырып тәрбиелемесек, онда қыныр баланың қиқарлығы арта түседі де, төбелеске, дау-дамайға бейім болады. Ол үшін тәрбиеші үнемі өз тәжірибесін молайтып, шеберлігін, біліктілігін арттырып отыруы қажет. Бала ойын ойнағанда өмірде көрген білгенін өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып бейнелейдә. Бала үшін өзіне ұнаған адамнан артық ештене жоқ, оған барлық жағынан ұқсағысы келеді. Ізеттілік, ізгілік, инабаттылық, әдептілік бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Бұл-балабақшадан бастау алып, өмір баспалдақтарында шыңдалап, біртіндеп қалыптасатын қасиет. Ойын-баланың жансерігі іспеттес. Бала ойнап өседі. Мысалы : рольдерге бөлгенде балаға тиген ұнамсыз роль типінің өзі-ақ көп нәрсені шешеді. Сондықтан тәрбиешінің міндеті-балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету, сонда ғана ойын өз мақсатына жетік, тәрбиелік мәні арта түседі. Айталық, тәрбиешінің ұжымдық ойынды тартымды ұйымдастырып , өткізуі балалардын бір-бірімен достық қатынастарының дұрыс қалыптасуының нышаны екені сөзсіз. Ойын кезінде жолдасының айтқанымен келісіп, оны құрмет тұту-адамгершілікке бастайтын жол. Тәрбиеші ойын арқылы әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбіте, өзіндік мінез-құлқын қалыптастырады. Баланың әдепті, көргенді , қайырымды, болып өсуі қоршаған ортасына, үлкендерге байланысты екені мәлім. Балалардың мейірбандық қасиеті отбасындағы үлкен адамдар өнегесіне, балабақшадағы тәрбиеші апайынын олармен күнделікті қарым-қатынасымен тәрбие жұмысын

ұтымды жүргізгізуіне байланысты қалыптасады. Үлкендердің мейірімділігі баланы, сәби жүрегін қуаныш сезіміне бөлейді. Балалардың бір-бірімен достық қарым–қатынасының дұрыс қалыптасуында мақсаты жүргізлген жүйелі ойын процесінің тәрбиелік мәні мол. Балалардың достық сезімі ойын кезінді шындала түседі. Бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Сәби шағындағы алғашқы қуыршақпен ойнауы баланың камкорлық , ізгілік сезімін оятады да , әрі карай өрбіте түседі. Мұндай ізгілік сезім құрбылар арасындағы достык карым–қатынастың қалыптасуына жағдай туғызады. Қай бала болмасын, жеке-дара ойнағаннан гөрі, бірігіп ойнаудын әлдеқайда қызықты, мазмұнды болатынын айқын сезіне бастайды. Соның нәтижесінде олардың ойынға деген қызығушылықтары артып, достықтары беки, нығая түседі. Ересектер тобының балалары алған білімдеріне, өмірден жинақтаған азды-көпті тәжірибелеріне сүйене отырып, тәртіптерін, мінез-құлықтарын жағдайға қарай бейімдей алады. Тәрбиеші балалардың қарым-қатынасын күнделікті бақылау арқылы әр баланың мінез-құлықтарымен қалай қалыптаса бастағанның анықтайды. Бала бойындағы қалыптасқан жағымды, жағымсыз қылықтарды ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Әсіресе, ойын арқылы әр баланы жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке баулиды. Тәрбиеші ойын ойнауға жағдай туғызумен қатар, балалардың ойынға деген белсенділігін үнемі арттырып отыруға тиісті. Топта өзара ынтымақтастық жағдайында балалардың ойында өз қалауымен бастауы не болмаса, ойынға өз еркімен қатысуы аса манызды. Әр ойынның сюжетін өз мәнінде өрбіту үшін, оған атрибуттар, ойыншықтар қажет. Мысалы: қуыршақ түрлі мамандық иелерін бейнелеу үшін қолданылады. Оған дәрігер, мұғалім, аспазшы, почташы, ғарышкер, т.б. сондай-ақ жануарларды бейнелейтін ойыншықтар да қажет. Қуыршақтың жыл мезгілдеріне арналған киімдері әртүрлі мамандық иелері киемдерінің бір белгісі, айталық, почташының сөмкесі, дәрігердің халаты, қалпағы, аспазшының қалпағы мен алжапқышы, ұшқыш пен ғарышкердің киімдері бейнеленеді. Сюжетті – рольдік ойында ұйымдастырудың екі жолын қарастырып көрелік:
1. Тәрбиеші сюжетті – рольдік ойындаы өзі ұсынып, балаларды рольге бөліп, ойын шартарын түсіндіреді.
2. Тәрбиеші сюжеттті–рольдік ойынға араласпайды. Ал енді ойынды ұымдастырудын осы жолы да ұтымды емес, балалардың ойынға деген қызығушылықтары тез басылып қалады. Неге? Бірінші жолы балалар тек орындаушылар ғана болса, ал екінші жолы ойынның сюжетін өрбіте алмайды. Ол үшін не істеу керек? Тәрбиешілер балалардың дүниетанымын қандай дәрежеде екенін білуге тиісті. Баланың ақыл-ой парасатын кеңейте түсу қажет. Балалар өздерінің ойында, негізінен айналасында көргенін бейнелейтіндігі және ол ойындар балалардың өмір сүрген кезенінде дәл келетіні ақиқат. Ойын баланың алдынан есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып ойнай білуге, ережесін сақтауға, ойналуға бағыттау, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамыту және қозғау, белсенділігін арттыру болып саналады. Балабақшаларда балаларды тәрбиелеу мен оқытуға кешенді көзқарас қалыптастыруда түрлі дамытатын ойындар, міндеттер, ойын-сауық шараларына көп мән беріледі. Тәжірибеде анғарғанымыздай, ойын балалар үшін қызықты әрі олардың көніл-күйін жаулап алады. Оқыту мен тәрбиелеге бағытталып ұымдастырылатын ойындар балаларға таныс ортаға бейімдеу мақсатында жүргізіледі, баланын танымдық қызметін жандандыратын дидактикалық материалдардын болуымен еркешеленеді.Ендеше , жана технологиялар мен тәсілдерді қолдану негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу – басты мұратымыз.Бала тәрбиесінің бағбаны атанған ұстаздар қауымының тынымсыз енбегі шығармашылық жетістіктерге толы болсын.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Б.С.КАЛИЕВА**
**Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы**
**«Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы» қазақ тілі мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Деңгейі** | В2 ортадан жоғары деңгей |
| **Мақсаты** | «Қазақстандағы экологиялық мәселелер» тақырыбы бойынша жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорларын толықтыру. |

| | |
|---|---|
| | Жаңа сөздерді пайдалана білуге дағдыландыру. Ойларын толық және нақты жеткізуге, жүйелі сөйлеуге машықтандыру. |
| **Қолданылатын әдістер** | Интербелсенді әдіс-тәсілдер, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, сұрақ-жауап әдісі, психологиялық сынақ, т.б. |
| **Көрнекілігі** | Слайд, видеоролик,  сызба, суреттер, т.б. |
| **Лексикалық минимум** | Апат, ағза, денсаулықты бұзу, кері әсерін тигізу, күл-қоқыс, қауіп төну, қоршаған орта, назар аудару, тәжірибе,  топырақ құнары, улы қалдық, улы заттар, шіру, т.б. |
| **Сабақ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)**<br>**Топқа бөлу** | - Сәлемдесу<br>Тыңдаушыларды туған жыл мезгіліне байланысты топтарға бөлу. Психологиялық мінездеме беру.<br>Жазда туғандар: жайдарлы, мейірімді, жарқын.<br>Күзде туғандар: берекелі, жомарт, еңбекқор.<br>Қыста туғандар: ширақ, шебер, орнықты.<br>Көктемде туғандар: көңілді, көрікті, құбылмалы. |
| **Психологиялық сынақ** | - Психологиялық сынақ.<br>Сабағымызды бастамас бұрын берілген парақтарға адамның басын салайық.<br><br>- Енді салған суретімізге қарайық. Кімнің суретінде құлақ бар?<br>Жауап: Егер салған суретіңізде құлақ бар болса, онда сіз бүгінгі сабақты мұқият тыңдауға дайынсыз. Үйренеріңіз көп.<br>Егер құлақсыз сурет салған болсаңыз, онда  сіз әлі сабаққа дайын емессіз. Алдағы уақытта сабаққа белсене қатысуыңызды сұраймын. |
| **Қызығушылықты ояту**<br>**Тақырыпты ашу** | Алдымен экранға назар аударсақ (видео көрсету)<br><br>- Видеода қандай мәселе көрсетілген?<br>- Бұл мәселелерді тудырушы кім?<br>- Қазақстанның экологиялық проблемалары туралы не білеміз? |
| **Мағынаны ашу**<br><br>**«Суреттер сөйлейді»** | Экологиялық мәселелерге  қарапайым қоқыстан басталып, зауыт-фабрикалардың, көліктердің түтіндері, табиғаттың ластануы, т.б. жатады.<br> Келесі суреттерге назар аударайық. Берілген суреттер арқылы қандай экологиялық проблеммалы  аймақ жасырылғанын табуып көрейік.<br>  |

| | |
|---|---|
| «Сызба сыры» |  <br>Бұл суреттерден, еліміздегі экологиялық аймақтарды атағанда ең бірінші айтылатын  Семей полигонын, су орнына тұз толған Арал теңізін, бекіресі мен итбалығы мұнайға тұншыққан Каспий теңізін және  жер мен көкті жалғаған Байқоңыр экологиясын көріп отырмыз.<br>Келесі тапсырмамыз  слайдта көрсетілген осы апатты аймақтарға байланысты болмақ.<br>**Әр топқа жоғарыда айтылған  экологиялық   аймақтар туралы мәтін беріледі. Мәтінді топ ішінде оқып, талдап, сол бойынша тірек-сызба салады. Соңынан сол тірек-сызба бойынша  бойынша басқа  топтарға мағлұмат береді.**<br>**1-топ. Семей полигоны**<br>Айта алмадық сөз тығылып көмейге,<br>Апат тажал, қуанышқа бөлей ме?<br>Мың тоғыз жүз қырық тоғыз  жазында,<br>Ядролық сынақ болды Семейде.<br>**2-топ. Арал теңізі**<br>Сенер болсақ ақпаратқа сенімді,<br>Арал теңіз қуантпай тұр елімді.<br>Қазақтікі, Өзбектікі боп қазір,<br>Арал теңіз екі көлге бөлінді.<br>**3-топ. Каспий теңізі**<br>Табамыз деп болашақта мол пайда,<br>Бұрғыладық Каспий түбін шалғайда.<br>Апат болса, барлық балық қырылып,<br>Каспий теңіз тіршіліксіз қалмай ма?!<br>**4-топ. Байқоңыр экологиясы**<br>Көк пен жерді жалғадық деп жар салдық,<br>Зымыранға самғап ұшқан тамсандық.<br>Тіршілікті жойып, құртып  болған соң<br>Аң мен құстың жүгіргенін аңсадық. |
| **«Эмблема»<br>Топтар жұмыс жасап жатқанда әлем жұлдызы М.Джексонның «Жердің әні» әні орындалып тұрады.** | Бұл аймақтардың қасіреті - бүкіл еліміздің қасіреті. Экологиялық мәселерді айттық, талдақ. Енді назарымызды тағы бір видеоға аударсақ.<br><br>- Көріп отырғандарыңыздай, бұл апаттарға қарсы шықпасақ, оларды жою жолдарын ойластырмасақ, табиғи байлығымыздан айырылып, барлығымыз құбыжыққа  айналарымыз сөзсіз. |

| | |
|---|---|
| | Ендігі мақсат, алдағы уақытта табиғатты қалай қорғаймыз, экологияны қалай сақтаймыз. Ендігі кезекте, осы мәселеге байланысты «Табиғатты қорғау-болашақты ойлау!» атты эмблема жасайық.<br>Ақ параққа қатысушылар қолдарын бастырып сызады және оны қиып алады. Қиып алынған қолдарын әртүрлі формада қою арқылы «Табиғатты қорғау-болашақты ойлау!» атты эмблема жасайды және оны қорғайды (қосымша сурет салуға болады).<br> |
| **Қорытынды** | М.Джексонның «Жердің әні» атты әні бүкіл әлемдегі экологиялық проблеманы ашық айтқан алғашқы ән десек те болады. Бұл әнде айтылғандай жердің зарын тыңдамасақ, оның ағаштарын шауып, аң-құс, балықтарын өлтіріп, қолдан жасалған қарумен құртатын болсақ, жердің зарын, мұңын тыңдамасақ, келешекте артымыздан ерген ұрпағымызға не қалдырамыз? Ендеше, экологияны қорғау ол менен, сізден, осы отырған адамдардан басталатынын ұмытпауымыз керек. |
| **«Сиқырлы айна» әдісі арқылы қатысушылар пікірін білу.** | Ортаға мұғалім тұрады. Ттыңдаушылар оны қоршай тұрады. Ортада тұрған адам шетте тұрған адамға сұрақ қояды. Сол арқылы сабақ туралы ойларын, пікірлерін білуге болады. |
| **Рефлексия «Қабырға газеті»** | Сабақ соңында кіші топтарда түрлі-түсті қағазға өз пікірлерін жазып жапсырады. Көңіл – күй парақшаларына смайликтер жапсыру арқылы сабақтан алған әсерлерін білдіреді. |
| **Талдау** | Бүгінгі сабағымыздың мақсаты интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, тақырыпқа сай жаңа сөздермен таныстыру, сол сөздерді жұмыс барасында пайдалана білуге машықтандыру.<br>Сабақты бастамас бұрын қатысушыларды топтарға бөлу, оларға мінездеме беру жағымды орта қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, псхологиялық сынақ ұйымдастыру арқылы қатысушылардың назарын сабаққа аударттым. Сабақ барысында бейнероликті көрсету қатысушылардың қызығушылықты оятуға жақсы мүмкіндік береді. Бейнероликті талқылау арқылы тақырыпты ашады.<br>Мағынаны ашу барысында жүйелі тапсырмалар желісін орындату қатысушылардың жаңа сөздерді меңгеру мүмкіндіктерін арттырады. Мәтінмен жұмыс барысында негізгі ақпараттарды жинақтап, басқа топтарға тірек-сызба арқылы баяндау арқылы жаңа сөздерді дұрыс пайдалануға машықтанады. Сабақ барысында орындалған барлық тапсырмалар жазылымның сапалы болуына, айтылымның сәтті шығуына мүмкіндік туғызады. Қатысушылар бір-бірін тыңдап, өз ойларымен бөліседі. Топпен бірлесіп, эмбелма жасау барысында, қатысушы топ ішінде өз пікірін айтып, талқылай алады. «Сиқырлы айна» әдісі арқылы қатысушылар өз пікірі, ұсынысы, ойы туралы тікелей мұғалімге жеткізе алады. «Қабырға газеті» әдісі арқылы ұсынысын және сабақ барысында алған көңіл – күйін білдеріеді. Бұл мұғалімнің жұмысын бағалауға мүмкіндік туғызады. |

# ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

**Э.А.РЫСЖАНОВА**
**№4 Хромтау орта мектебінің бастауыш класс мұғалімі**

Елбасының жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз.

Елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан түрлі өзгерістерге сын көзбен қарау, жаңаша қарауды талап етеді. Оның ішінде болашақ ұрпаққа білім беруде оқу әрекетін қалыптастыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану көзделеді. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті .

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.болып табылады.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Инноваация дегеніміз - жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру ғана емес, инновациялық процесті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны еңгізудің әдіс-тәсілдері мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық тұрғыдан қарастыруға болады. Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттыдықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр мұғалім қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Сабақты тартымды өткізу және оқушылардың оқуға деген қызығуын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп, арттыруы шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабақта мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу. Инновация көпсалалы, кең қолданыста. Педагогика ғылымында өзіндік категориясы болмаса да, зерттеуші ғалымдар білім беру жүйесіне жаңалық енгізу деп қолданып жүр. Инновация ұғымы ең алғаш мәдениет танушылардың зерттеулеріне енді, ал қазір барлық салада кеңінен қолданылады.

Зерттеуші ғалым Ф.Янушкевич «жаңа техналогиялық сабақ мұғалімнің өз әдісін жаңартуға арналған емес, оқушының пайдасына, қажеттілігіне арналу қажет, сонда ғана сапа болады» дейді.Бұл пікірге қосылуға болады.Өйткені педагогтің жеке тұлға қалыптастырудағы іс-әрекетінің басты материалы – педагогикалық техналогия. Сондықтан мектепте жүргізілетін ғылыми – әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты, мазмұны, формасы, мақсат пен міндет айқындалса, бұл мектепте оқу – тәрбие үрдісінің сапалық деңгейі жоғары болары сөзсіз. Ал оқу тәрбие үрдісінің техналогиясы – оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған мақсат, мазмұн, құрал, форма және әдістер жүйесі. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс

тәсілдерін инновациялық педагогикалық техналогияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақтытәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуды қажет етеді.Ұлы ойшыл ғұлама әл-Фараби «Адам бойындағы ең үлкен қасиет – қабілет өмірді түсіну, қанағаттұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген. Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігінде екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен инновациялық технология дегеніміз – педагогтың білімі, білігі, иннтеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік,қабілет,мүмкін діктентуындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Білім беруді дамыту үрдісінің әлемдік үрдіске кірігуі,дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктерді туындатып отыр. Педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құру және оқу-тәрбие үрдісін жобалаумен айналысады. Педагогикалық технология басқарылатын қайта жаңғыртылатын оқу тәрбие үрдісін жобалауды көздей отырып , білім берудің негізгі мақсаты мен міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін ғылыми тұрғыдан негізделген амал тәсілдердің жүйесін құрайды. Оның негізгі құрылымдары мыналар болып табылады:

- тұжырымдамалық негізі:
- мазмұндық бөлігі:
- әрекеттілік бөлімі-техникалық үдеріс.

Педагогикалық технологияның тиімділігі педагогикалық шарттарға байланысты. Педагогикалық шарттарға, ең алдымен, педагогтің дербес ерекшеліктері: тұлғалық даралығын, мәдениеттілігін, қызығуын, т.с.с.жатқызуға болады. Сонымен бірге, оқушылармен қарым-қатынас жасау біліктілігі мен кәсіби шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Сабақты оқытуда жаңа педагогикалық технологиялардың көптеген түрлерін пайдалана отырып сабақ өткізуге болады. Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуін төменде ұсынып отырмыз:

– Тірек белгілері мен тірек конспектілері негізінде оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов);
– Ойын технологиясы;
– Проблемалық оқыту технологиясы;
– Жаңа ақпарат-коммуникативтік технологиясы;
– Витагенді оқыту технологиясы (А.С.Белкин);
– Тренингтік технология;
– Интеграциялау технологиясы;
– Өздігінен даму технологиясы(М.Монтессори);
– Дамыта оқыту технологиясы (Л.С. Выготский), Л.В.Зенков, ДДавыдов).
- Бағдарламалап оқыту;
- Саралап оқыту технологиясы (В.В.Фирсов, Н.П.Гузик);
- Жекеше оқыту технологиясы (А.С.Границкая, В.Д.Шадриков)
- Оза отырып оқыту технологиясы (С.Н.Лысенкова);
- Топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д.Первин, В.К.Дьяченко);
- Компьютерлік оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Мультимедиялық технология;
- Жобалау технологиясы.
- Дидактикалық бірліктерді ірілендіру (П.Э.Эрдниев);
- «Мәдени диалог» технологиясы;
- «Экология және диалектика» жүйесі (Л.В.Тарасов);
- Ойлау іс-әрекетін кезеңімен қалыптастыру теориясын жүзеге асыратын технологиясы (М.Б. Волович);
- Сатылай кешенді талдау технологиясы (Н.А.Оразахынова);
- Бейнетехнология.

Жаңа педагогикалық технологияны қолдана отырып, оқытуда төмендегідей басты ұстанымдарды ескеру қажет.

1. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу. 2. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуы. 3. Оқытуда туындаған экологиялық, экономикалық, әлеуметтік проблемаларды т.б анықтап, оны түсіндіруде өзара байланыстылығын ашу.

Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңы әдіс-тәсілдерін инновациялық-педагогикалық технологияны меңгерген, психологиялық-педагогикалық диогностиканы қабылдай алатын және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші жаңашыл мұғалім болып шығады.

Қорыта келе, бүгінгі таңдағы білім беру өзегіне айналып отырған мәдениет-білім-тарих бірлігі тілдің өткен тарихы мен бүгінен сабақтастыратын жол. Мұндай жаңа жүйе, жаңа бағыттар жас ұрпақтың болашақ дамуының, сапалы білім мен саналы тәрбие құралы болуына бірден-бір негізі болып саналады. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми техникалық прогрестен қалыспай,жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап,өңдеп,нәтижеліпайдалана білу –әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

# ТАУДА МЕКЕНДЕЙТІН АҢ-ҚҰСТАР

**Н.Б.АГНИЯЗОВА**
**Ақтөбе қаласы,**
**17 мектеп-гимназиясы**

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.2.6.1 - тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау; |
| | 5.4.4,1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау; |
| | 5.5.1.2 - лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы:** материалдың мазмұнын түсінеді. |
| | **Көпшілігі:** мәтін мазмұнына сай сұрақты дұрыс түсініп, жауап береді. |
| | **Кейбірі:** жиналған мәліметтерге сүйеніп диалогке қатысады, қорытынды шешімге келе алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>құну, сусар, тұқымдас, тауешкі, арқар, ұлар, жапалақ, үкі<br>**Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер:** тауды мекендейтін, саны аз, арқар, барыс кездеседі, тауда аң-құс көп, сусар тұқымдастар, тауешкі, үкі, ақ тырнақты аю, ұлар, құну, сирек кездесетін, «Қызыл кітабы», енгізілген<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Қазақстан тауларын мекендейтін қандай аң-құсты білесіңдер?<br>Тауда аюлардың қандай түрі бар?<br>Қасқырдың неше түрін кездестіруге болады?<br>Орманда жапалақтың жақын туысы не?<br>Олар немен қоректенеді? |
| **Құндылықтарды дарыту** | - Өзгенің пікірін құрметтеу;<br>- жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет;<br>- топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық;<br>- өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық;<br>- топтық жұмыстар, креативті шығармашылық ізденістер барысындағы еңбек және шығармашылық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану |
| **АКТ-ны қолдану** | Аудиовизуалды ақпарат, интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы оқу**<br>(3 минут) | **1. «Түлкі мен қырғауыл»** тақырыбын «Сұрақтары бар қорап» стратегиясы бойынша тексеру. Мысалы,<br>- Түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, нені көрді?<br>- Түлкі: «Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді?» дегенде қырғауыл не деді?<br>- Қандай бұйрық шыққан?<br>- Қырғауыл түлкіге: «Бұйрықты нелерге айт!»- деді?<br>- Түлкі қайтті?<br>- Түлкінің ойы қандай?<br><br><br> |
| **Сабақ барысы** | |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**(3 минут)** | - Сәлеметсіздер ме, балалар?<br>- Қалдарың қалай, балалар? (жақсы)<br>- Көңіл-күйлерің қалай? (тамаша)<br>- Олай болса балалар, осы керемет көңіл күйлерімізбен шаттық шеңберіне жиналайық.<br>- Өзіміздің жақсы көретін тақпағымызды айтайықшы.<br>Қанекей, балалар,<br>Мен жерімді сүйемін (хормен)<br>Мен әлемді сүйемін (хормен)<br>Жақсы оқушы боламын (хормен)<br>Кілен бестік аламын (хормен)<br>- Олай болса, балалар, осы жақсы көңілмен-күймен сабағымызға сәттілік тілейікші (қызғалдақ немесе жүрек ұсыну арқылы бірін-біріне жылы тілектерін білдіреді).<br>Айша, мен саған осы сабақтан бес алуынды тілеймін, ..., ..., ...<br>- Енді, балалар, топқа бөлінейікші, «Пазл» әдісі арқылы үш топқа бөлінеміз. 1. Бүркіт. 2. Арқар. 3. Барыс.<br>   | Музыка (жағымды әуен),<br>1. Бүркіт,<br>2. Арқар,<br>3. Барыс бейнеленген қима қағаздар<br><br> |
| (2 минут) | **«Миға шабуыл» стратегиясы.**<br>- Енді балалар, 1-2 минут интербелсенді тақтаға назар аударайық. «Табиғат тамашасы Қазақстан» деген шағын видео қарайық.<br>- Балалар, қалай ойлайсыңдар бүгін біз қандай тақырыппен танысамыз?<br>- Дұрыс айтасыңдар: «Тауды мекендейтін аң-құстар».<br>- Ең алдымен жаңа сөздермен танысболайық.<br>***Интерактивтік тақтамен жұмыс.***<br>**Тапсырма: сөздер мен суреттерді сәйкестендір.**<br> <br>Түлкі Ұлар<br> <br>Тауешкі Қасқыр<br>(смайлик немесе фишкамен бағалау)<br>- Енді, осы жаңа сөздермен 2-3 сөйлем құрастырайық! | <br><br>Табиғат тамашасы Қазақстан!!.mp4<br><br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>(20 минут) | ***1. Тыңдалым, айтылым.***<br>**«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі шығармашылық тапсырма, яғни Постер қорғау.** Сіздер үйден қосымша ақпарат  қарап, жинап келуіңіз керек болды. Дайынсыңдар ма? Олай болса, жұмысымызды жалғастырайық.<br><br>**Барыс (Барс) –** мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 125 – 135 см, биіктігі 60 см, құйрығы 90 – 100 см, салмағы отыз – қырық килограмдай. Түсі көк сұр, теңбіл шұбар, дөңгелек қара дақтары бар, жүні ұзын әрі қалың. Қазақстан мен Орталық Азияның биік тауларында кездеседі. Қазақ ежелден барыстың тектілігін, батылдығын, айлалылығын пір тұтқан. Барыс Алматы, Астана қалаларының төлтаңбаларында бейнеленген.<br><br>**Арқар (Архар) –** жұптұяқтылар қатарының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын ірі аң; тау арқары туысының сүтқоректі жануары. Дене ұзындығы 110-120 см, биіктігі 65-125 см., салмағы 30 кг. Ұрғашыларының кейде қысқа мүйізі болады. Арқардың саны азаюда. Қызыл кітапқа енгізілген.<br><br>**Жапалақ (Сова) –** түнгі жыртқыштар отрядына жатады, ұзындығы 53-66 см, салмағы 2 кг. Еркектері ұрғашыларынан кішіректеу. Тұяқтары қауырсындалған. Ұялары жерде 3-11 жұмыртқа салады.<br><br>**Сусарлар (Куница) –** сусарлар тұқымдасына жататын бағалы терілі аңдар туысы. Дене ұзындығы 50 см дейін, | Презентация, постер қорғау<br> |

кейбіреулері 80 см жетеді. Құйрығы ұзын, (34-44 см). Түсі көбінесе құбақоңыр және коңыр, кеудесінде ақ дағы бар. Жыртқыштар және кейбір жағдайларда өсімдікжегіштер бола алады.






**Альпі қарғасы (ворона) –** торғай тәрізділер отряды, қарға тұқымдасына жататын құс. Денесінің ұзындығы 47 – 50, қанатын жайғанда ұзындығы 100 – 104 см, қанатының ұзындығы 30 см, құйрығының ұзындығы 20 см. Салмағы 400 – 600 г-дай. Қара қарғалар қорек талғамайды, кейде құстардың жұмыртқаларын жарып, балапандарын да жейді.



**Бүркіт (Беркут) –** сұңқартәрізділер отрядына, қаршыға тұқымдасына жататын үлкен құс. Көбінесе тоғайлы және таулы жерде тіршілік етеді. Биік ағаштар мен зәулім жар тасқа ұя салып, 1-2 жұмыртқа табады. Орта Азияда, Қазақстанда бүркітті қолға үйретіп түлкі, елік, қарақұйрық сияқты аңдарға салады.



**Қоңыр аю (медведь) –** аю тұқымдасына кіретін жыртқыш аң. Салмағы 300 килограмнан асады. Терісі тулақ жасауға, еті жеуге жарайды, дәнді дақылдармен және жеміс-жидектермен коректенеді, кейде малға да шабады.



**Қасқыр (Волк) –** жыртқыш аң. Еркек қасқыр шамамен 50 килограмм болады, ал ұрғашысы 45 кг болады. Тұрғылықты жері жердің солтүстік жарты шеңберінде өмір сүреді. Қазіргі уақытта саны азаюда.

| | | |
|---|---|---|
| | <br>**Үкі (Сова) –** негізінен орманды мекендейтін, жыртқыш құс. Басы үлкен, көздері бақырайған. Жұптарын өмір бойы сақтайды. Дене мөлшеріне қарай 2-12-ге дейін жұмыртқа басады. Қоян, тышқанды аулайды. Үкіні қазақ халқы қасиетті құс санайды. Оның қауырсынындағы бедер, құранның құпияланып жазылған нұсқасы деп баланың бесігіне, бас киіміне таққан.<br><br>**Ұларлар (Горная индейка) –** қырғауыл тұқымдасына жататын құстардың бір туысы. Ұлардың дене тұрқы 60 см. Ұлар көбінесе Кавказдың, Қазақстанның тауларында болады. Салмағы 3 кг-дай, түсі тас өңдес, тауыққа ұқсаса, жергілікті құс. Биік тау шыңдарын мекендейді. Олар өте сақ келеді.<br><br>**Түлкі (Лиса) –** жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жататын аң. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығының ұзындығы 60 см-дей, қысқа сиракты. Тұрқы 70 – 77 см, салмағы 6,5 – 6,8 кг. Орманда, өзен-көл жағалауларында, тау баурайларда мекендейді. Күндіз інінде жатып, түнге қарай қорегін іздейді.<br>***– Тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтайды***<br>***– Жинақталған ақпараттар негізінде постер дайындайды***<br>**Дескриптор**<br>***Білім алушы***<br>- берілген тірек сөздердің көмегімен топта постер әзірлейді;<br>- постерге ат қояды;<br>- постерді сынып алдында қорғайды. | |
| (3 минут) | **1. Тілдік бағдар.**<br>Мәтіннен сын есімдерді тауып, айтып береді. | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>(5 минут)</td>
<td>Тапсырма. Тест сұрақтарына дұрыс жауап бер.<br>1. Тауешкі саны кеміп<br>а) жайнап барады<br>ә) көз алдымызда құрып барады<br>2. Орман ішінде құстардың<br>а) қорек етіп шоқитындары көп<br>ә) ұшатын жері көп<br>3. Жартастарда ұларлар<br>а) айқайлайды<br>ә) шақырады<br>4. Таңертеңнен кешке дейін Альпі ұзаққарғалары<br>а) жарқылдап жүреді<br>ә) қарқылдап жүреді<br>5. Қалың шырша ормандарда<br>а) жапалақты кездестіруге болады<br>ә) жапалақтың жақын туысы<br>Бағалау парақшасы. Дұрыс жауапқа 5 балл.
<table>
<tr><td>Оқушының аты-жөні</td><td>«Сұрақтары бар қорап» әдісі</td><td>«Миға шабуыл» стратегиясы</td><td>Сөздер мен суреттерді сәйкестендір</td><td>«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі</td><td>Тілдік бағдар</td><td>Тест. «Бес бармақ» тәсілі</td><td>Балл</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>
</td>
</tr>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br>(2 минут)</td>
<td>Ал балалар, сергіп алайық, шамалы би билеп, көңіл күйлерімізді одан әрі көтерейік</td>
<td><br>Сергіту сәті Көңілді күн.mp4<br>
</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау<br>(2 минут)</td>
<td>Сабақ өте ұнаса, көптеген қызықты ақпараттар алдым деп ойласа, онда балалар үкілерді ағаштың ең жоғары үстіне жапсырады.<br>Егер де, сабақ ұнамаса, сабақ қызықсыз өтті, сабақтан ешқандай жаңалық алмадым деп ойласа, онда балалар үкілерді ағаштың түбіне жапсырады.<br><br>«Рефлексиялық шеңбер»<br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>• Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>• Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>• Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>• Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>• Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</td>
<td>Үкілер<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма</td>
<td>– «Менің сүйікті аң - құсым» шағын эссе жазып келу.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

# LEARNING OBJECTIVES(S) THAT THIS LESSON IS CONTRIBUTING TO

**Г.Н.АЛДАШЕВА**
**№62 жалпы білім беретін орта мектептің**
**ағылшын тілі мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Learning objectives(s) that this lesson is contributing to** | 3. L8 understand short narratives spoken slowly and distinctly on routine and familiar topics<br>3. R1 read and spell out words for others<br>3. W7 spell some familiar high-frequency words accurately during guided writing activities<br>3. UE13 use can to talk about ability and to make requests and offers use can / can't to talk about permission<br>3. UE10 use common present continuous forms [positive, negative, question] |
| **Lesson objectives** | ***All learners will be able to:***<br>• listen and repeat the words, follow the instruction according to the task<br>• Make up correct sentences about Summer camp<br>***Most learners will be able to:***<br>• recognise and name some words according to the topic, follow the instruction according to the task<br>• Make more than 1 sentence correctly using different sentence structure<br>***Some learners will be able to:***<br>• recognise and name most of the words according to the topic, follow the instruction according to the task<br>• read and write some of the words from the topic |
| **Success criteria** | Students will have succeeded in this class if they:<br>1. Name at least 6 out of 10 words correctly<br>2. Followed the instruction of the teacher immediately with support |
| **Value links** | Respect and cooperation by:<br>1. Listening to the teacher<br>2. Listening to each other<br>3. Take turns<br>4. Helping each other |
| | |
| **ICT skills** | PPT - By teacher, interactive websites/ Kahoot! |
| **Previous learning** | I can surf |

| **Plan** | | |
|---|---|---|
| **Planned timings** | **Planned activities (replace the notes below with your planned activities)** | **Resources** |
| **Beginning** | Teacher greets pupils and students respond to greeting<br>– Good afternoon, pupils!<br>– Good afternoon, teacher!<br>– How are you?<br>– We are fine, thank you. And you?<br>– I'm fine too. Thank you.<br>**Good mood**<br>Let's telling good words each of other<br>– You are good<br>– …. | Pictures |

| | | |
|---|---|---|
| | – What season is it now?<br>– It is spring now<br>– **What is the next season after spring?**<br>– **It is summer**<br>– What are **summer months?**<br>**June, July, August**<br>**I want to divide your into 3 groups**<br>**June** **July** **August**<br> | |
| **Middle**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>To inform the aim of the lesson: | **Revision previous lesson**<br><br>**Presentation**<br>4 pictures, 1 word<br> <br>The four pictures are connected by one common word<br>Today is our new theme about “Summer camp”<br>Today at the lesson we are going to:<br>- make sentences using present continuous, modal verbs can/ cannot;<br>- Speak about summer in our life;<br>- Read the new text and work with it;<br>**Good luck!**<br>We should do a lot of exercises. Well, pupils. Open your book at page 102 ex22<br>**Task 1/ Listen and read. Then answer.**<br>Questions | Kahoot!<br>https://create.kahoot.it/details/can-can-t/70fc5d8b-0836-4754-996c-c235e65292c1<br><br><br><br><br><br><br>PPT slide<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Pictures |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Can Lilly skateboard?<br>2. What is Daisy doing?<br>3. What is Liam doing?<br>Is Jake eating pizza?<br>Descriptor: A learner<br>• reads the text;<br>• answers questions in full sentences. | |
| | **Task 2/ Describe the picture**<br><br>Descriptor:<br>• write correct sentences<br>• use Present Continuous<br>• use modal verb can/cannot | Music |
| | **Warm up**<br>Ok, pupils stand up and lets sing a song<br>**p103, ex24**<br><br>**Task 3/ speaking. Talk with me.**<br>Q1: What can you do in your summer camp?<br>Q2: What are you doing in your summer camp?<br>For example: I can play football<br>I am playing football<br>**Descriptor:**<br>• use Present Continuous<br>• use modal verb can/cannot | Cube |
| | **Formative assessment**<br>**Reading and writing**<br>Hello. I'm Carol. This is me in Italy. Look! I'm fishing! I can swim and sail, too! He is Bruce. He's waterskiing. He can waterski really well! He can surf and play football, too!<br>**This person can …**<br><br>**0** swim. **Carol**<br>**1** play football. ______________<br>**2** fish. ______________<br>**3** surf. ______________<br>**4** waterski. ______________<br>**5** sail. ______________ | Worksheets |
| | Descriptor: A learner<br>• reads the text;<br>• writes the names;<br>**Conclusion**<br>*Find the correct words* | PPT slide |

<table>
| **Аяқталуы**<br>3 мин | «Күлтегін» жыры туралы білгілері келетін ақпаратқа қосымша материал табу, ақпаратты 4-5 сөйлеммен ауызша дайындап келу | |
| **Үйге тапсырма**<br>2 мин | | |

| Қосымша ақпарат | |
|---|---|
| **Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Сабақ барысында тапсырмалар бойынша **оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау** әдісін қолдандым. Мәселен, «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін қолданғанда, жоғары деңгейдегі оқушылар өзбетінше қоғамдық мәселені анықтап, өз пікірін ауызша білдіре алады; оқушылардың басым бөлігі тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен сұрақтар арқылы өз пікірін дәлелдеп бере алады; барлық оқушылар: прозалық мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, көтерілген мәселені анықтап, пікірін білдіреді, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайды.Кейбір оқушыларға арнайы көмек қажет, сондықтан сабақ барысында мұғалім лайықты қолдау көрсетеді. **Оқыту ортасы бойынша саралау** сабақта тиімді орындалады деп санаймын, себебі оқушылар бірдей тапсырманы алса да, жауаптары түрлі деңгейде болады. Бұл жерде басты фактор оқушының өзін ыңғайлы сезінуі, ол мүмкіндігінше өзіне қолайлы тапсырманы таңдайды. Мұғалім оқушылардың белсенділігін арттыруға орта қалыптастырады. Мұғалім мен оқушы арасында **диалог негізінде саралау** орын алды. Бұл кезде сұхбатқа мән берілді. Сөздік қор және қолданылатын тілдің мүмкіндіктері мен күрделілігі әр оқушының қабылдау деңгейіне сай бейімделді. Қабілеті төмен оқушыға ақпарат қарапайым тілмен түсіндірілсе, деңгейі жоғары оқушыға мазмұны күрделі диалог тапсырылды. **Қарым-қатынас формалары бойынша саралауда** оқушылар арасында ынтымақтастық орнатылды. Топтық жұмыста қабілеті орта оқушы өзінің сыныптастарынан сабақ барысында көмек алды, әсіресе тыңдалым бойынша сұрақтарға жауап берген кезде байқалды. Деңгейі жоғары оқушы топтың жұмысына өз үлесін қосты. |
| **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлаймыз?** | Оқушылар тапсырмаларды орындаған кезде дескриптор арқылы, кері байланыс, «БББ», «Сұрақ-жауап», «Ойлан, жұптас, бөліс» әдістер арқылы меңгергенін тексеремін. Түсінгенім, дескрипторлардың нақты, қолжетімді болуы |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br><br>Бүгін оқушылар не білді?<br><br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br><br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br><br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br><br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Сабақтың оқу мақсаты шынайы болды, себебі өмірмен байланысты<br><br>Оқушылар «Күлтегін» жыры туралы мәлімет алды<br><br>Сыныпта ахуал жағымды болды, ынтымақтастықта жұмыс жасады<br><br>Саралау тиімді болды, себебі жеңілден ауырға, аздан көпке Тапсырмалар орындаған кезде қиындық туған жоқ. Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес. Сыныпта өзге ұлт оқушылары оқитынын ескере отырып, тапсырмаларды категория бойынша сараладым<br><br>Жоспарланған тапсырмалардың барлығы орындалды<br><br>Тренер мен курс тыңдаушылардың ұсыныстарын саралап, сабақ жоспарына түзетулер енгіздім: мәтіннің көлемін қысқарттым, «Ойлан, жұптас,бөліс» әдісінің тапсырмасын нақтыладым. |
| **Қорытынды бағамдау** | |

# ӘН ӨНЕРІ
# «АҚҚҰС ТУРАЛЫ АҢЫЗ» ОРАЗБЕК БОДЫҚОВ

**Л.ШАРАФИЕВА**
**«Қарашоқат жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**
**Шалқар ауданы**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннің мазмұнын түсінеді, құрылымдық бөліктерін (басы, ортасы, соңы) ажыратады<br>**Көпшілік оқушылар:** мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтайды, кейіпкерлерге мінездеме бере алады;<br>**Кейбір оқушылар:** кейіпкердің іс-әрекетінің, мінез-құлқының өзгеру себептерін анықтайды, дәлелдер келтіріп бағалайды, өз ойын айтып, қорытынды жасайды. | |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ Мәтінді түсініп оқиды<br>✓ Мәтіннің құрылымдық бөліктерін (басы, ортасы, соңы) ажыратады<br>✓ Мәтіннен негізгі ойды білдіретін бөлікті анықтайды<br>✓ Кейіпкердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға береді | |
| **Тірек сөздер** | Тау мүлгіп, көл тынып, аспан егіледі | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Кейіпкерлер арасындағы диалог арқылы қазақ тілі пәнімен байланыс жасалады. | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта | |
| **Алдыңғы білімді игеру** | Мәтінді дауыстап, түсініп оқиды, шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын біледі, кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | Ресурстар |
| **Сабақтың басы**<br>1-7 минут | **I. Ұйымдастыру кезеңі. (Ұ)**<br>**Ширату**<br>Құлақтан кіріп, бойды алар,<br>Жақсы ән мен тәтті күй.<br>Көңілге түрлі ой салар,<br>Әнді сүйсең, менше сүй<br>**Топқа бөлу:**<br>**1-топ:**<br>**2-топ:**<br><br> | Қосымша 1<br><br><br><br><br>Слайд<br>№1-4 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>II. (Т) Өткенді бекіту.<br>Күй құдіреті<br>(3-4 оқушыдан мазмұнын сұрау)<br>Бөлімге тоқталу<br><br>III. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.<br>Сурет бойынша болжам жаса<br><br>Тақырыпқа болжам жасайды.<br>Мәтінді орындамас бұрын сурет бойынша өтетін сабаққа болжам жасайды.Суретке қарап өз ойларын айтады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br><br>8-22 минут</td>
<td>IV. Негізгі бөлім<br>Олай болса бүгінгі тақырыбымыз Оразбек Бодықовтың «Аққұс туралы аңыз» автор Шәмші Қалдаяқовпен бетпе-бет отырып сөйлескендегі әңгімесі<br>Дәптермен жұмыс:<br>1. Күннің жады<br>2. Тақырып<br>Автор жайлы мағлұмат беру.<br><br>1-тапсырма<br>Мәтін бойынша жұмыс:<br>А) іштей оқу<br>Ә) дауыстап оқу<br>Б) тізбектей оқу<br>Топтық жұмыс<br>(оқушылар берілген сұрақтардың жауабын оқулықтан тауып оқиды)</td>
<td>Түрлі-түсті маркерлер, стикерлер<br><br>Слайд №5<br>Оқулық 19-21беттер<br></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 23-27 минут | **1-топ**<br>1. Автор мен Шәмшінің арасында қандай әңгіме болды?<br>2. Аққұс қандай құс?<br>3. Қарақұс неліктен Аққұстың көзін жоймақшы болды?<br>**2-топ**<br>4. Аққұстың ақырғы өтініші, ол ажалдан қалай құтылды?<br>- Балалар, ендігі кезекте әңгіме бойынша жоспар құрамыз.<br>**Жоспар:**<br>**1-бөлім:** Автор мен Ш.Қалдаяқовтың әңгімесі<br>**2-бөлім:** Аққұстың әні<br>**3-бөлім:** Аққұс пен Қарақұстың оқиғасы<br>**Саралау:**<br>Баланың тәжірибесіне сүйене отырып, жеке, топтық және ұжымдық талқылау арқылы берілген тақырып мазмұнымен өз бетінше жұмыс жасауына бағыттап, қызығушылықты ояту<br>**ҚБ «Бағдаршам»**<br>**Мәтіндегі кісі аттарына мағлұмат беру:**<br>*(слайд арқылы)* | Мәтінді әр топ оқушылары бөлімге бөліп оқиды, түсінгендерін айтады |
| 28-32 минут | **Людвиг ван Бетховен**<br><br>**Байқадамов Бақытжан**<br><br>**Ш.Қалдаяқов**<br> | Қосымша 3<br><br>Қосымша 4<br>Слайд №6 |

33-36 минут

**Дәптермен жұмыс:**
Тау мүлгіп – тау ұйқыға кетіп
Көл тыныл-тыныш күйге еніп
Аспан егіледі-аспан жылағандай күйге енеді
**2-тапсырма**
**Жұптық жұмыс.**
Табиғат ән құдіретіне қалай табынады?

| *Жел* | *Тау* | *Өзен* | *Ағаш* | *Жарық дүние* |
|---|---|---|---|---|
| Сарнаған жел тына қалады | Қаратаудың көкірегі қарс айырылып, ах ұрады | Ағысын тоқтатады | Жапырағын жайып, қайғыға оранады | Бар дүниені түн басады |

**Саралау:** Жұпта ой бөлісіп, ойларын ортаға салып, ортақ шешімге келеді. Көмек қажет ететін оқушыларға қосымша уақыт беріледі
ҚБ «шапалақ ұру»
**Сергіту сәт:** *«Ана туралы жыр» әні орындалады*
**Шығармашылық тапсырма**
**3-тапсырма**
**Ұйқасын тап:**
Өлең айтып .......
Шырқап әнге ......
Шәмші атаның .......
Қуанышпен ........
**ҚБ «Смайликтер»**
**4-тапсырма**
**Топтық жұмыс**
**1-топ**
**(Т,Ұ) “Вен диаграммасы” әдісі**
Әннің құдіреті Ұқсастығы Күйдің құдіреті



**2-топ**
**Аққұс ұқсастығы Қарақұс**



**Саралау**
Екі нәрсені, екі мәселені қиылысқан екі шеңберді сызбамен салыстыруға бағытталған, мағынаны тануға арналған
**ҚБ «Бас бармақ»**

Қосымша 5
Слайд №7





Оқушылар «Шәмшіге арнау » әнін тыңдай отырып, өздерінің топтарына берілген тапсырмаларды топтаса отырып орындайды.



**Сабақтың соңы**
37-40 минут

| Тақырыбы: | Аққұс туралы аңыз |
|---|---|
| Авторы: | Оразбек Бодықов |
| Кейіпкерлері: | автор, Шәмші, Аққұс, Қарақұс |
| Несімен ұнады? | Ән құдіретінің күштілігі – табиғат пен адамды бірде қуантып, бірде мұңайтып, армандарға жетелегені |
| Түйін | өнерді бағалай білу |

**ҚБ «Смайликтер»**
**“Пайымдау сұрақтары” әдісі:**
Сабақ соңында мұғалім оқушыларды ой-толғаныс жасауға итермелейтін сұрақтар қояды: Сабақта не маңызды болды, не қызық болды, жаңадан не білдіңдер, не үйрендіңдер т.с.с. Бір сұраққа бірнеше оқушы жауап беруі мүмкін.
**«Табысты нота» кері байланыс**




Әңгіме кестесі



**1-тапсырмада**
Ұжымда ой бөлісіп, ойларын ортаға салып, ортақ шешімге келеді.Көмек қажет ететін оқушыларға қосымша уақыт беріледі
**2-тапсырмада**
Баланың тәжірибесіне сүйене отырып, жеке, топтық және ұжымдық талқылау арқылы берілген тақырып мазмұнымен өз бетінше жұмыс жасауына бағыттап, қызығушылықты ояту
**3-тапсырмада**
Оқушылардың шығармашылығын дамытуға арналған
**4-тапсырмада**
Екі нәрсені, екі мәселені қиылысқан екі шеңберді сызбамен салыстыруға бағытталған, мағынаны тануға арналған

**Бағалау**
«Шапалақ ұру» әдісі
«Екі жұлдыз,бір тілек» әдісі
«Бас бармақ» әдісі
«Смайликтер» әдісі
Дескриптор
- Мәтінді түсініп оқиды
- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;
- Кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты өз көзқарасын білдіреді.

**Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**
Топ ережесін сақтау ескеріледі

**Сабақ бойынша рефлексия**
Сабақ мақсатына жеттім бе?
Оқушылар не үйренді?
Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?
Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?
Жоспарланған уақытты ұстандым ба?
Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?

# §45-46. ЖИВАЯ ПЛАНЕТА

**А.ЫБЫРАЕВА**
**«Карашокатская общеобразовательная средняя школа»**
**Шалкарский район**

| | |
|---|---|
| **Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке** | С8.1.3.1 – понимать содержание прозаических, драматических и поэтических произведений/фрагментов, определяя ключевые моменты развития сюжета или конфликта;<br>Г8.2.5.1 – участвовать в диалоге по общественно значимым проблемам, аргументируя свою точку зрения;<br>8.5.2.1 – использование синтаксических конструкций, виды односоставных предложений |
| **Цели урока** | **Все учащиеся смогут:**<br>участвовать в диалоге на заданную тему |
| | **Большинство учащихся смогут:**<br>сравнивать тексты; понимать содержание текстов, определяя ключевые моменты развития сюжета или конфликта |
| | **Некоторые учащиеся смогут:**<br>составлять диалог, опираясь на текст |
| **Критерии оценивания** | – понимает содержание прозаических, драматических и поэтических произведений/фрагментов, определяя ключевые моменты развития сюжета или конфликта;<br>– участвует в диалоге по общественно значимым проблемам, аргументируя свою точку зрения;<br>– использует синтаксических конструкций, виды односоставных предложений |
| **Языковая цель** | **Учащиеся могут:** строить логично и последовательно речь, соблюдая нормы устной и письменной речи<br>**Ключевые слова и фразы:** природа, многообразие живой природы, бережное отношение к окружающей среде.<br>**Используемый язык для диалога/письма на уроке:** русский.<br>**Вопросы для обсуждения:** что мы знаем об охране окружающей среды? |
| **Привитие ценностей** | воспитывать культуру речи, любовь и внимание к слову, бережное отношение к русскому языку; |
| **Межпредметные связи** | Взаимосвязь с предметами: русская литература, казахский язык, английский язык |
| **Навыки использования ИКТ** | На данном уроке ИКТ не используется |
| **Предварительные знания** | Этот раздел построен на знаниях и навыках, приобретенных в предыдущих классах, в том числе на тех, которые направлены на восприятие и оценку аудиоматериалов, на анализ текста, на формирование грамотности речи. |

**Ход урока**

| Этапы урока | Планируемые действия | Ресурсы |
|---|---|---|
| **Начало урока** | **I. Организационный момент.**<br>Создание коллаборативной среды.Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском, русском, английском.<br>**II. Актуализация знаний.**<br>Прочитайте эпиграф. Как вы думаете, о чем мы будем говорить на уроке? | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Могущество страны не в одном материальном богатстве, но и в душе народа! Чем шире, свободнее эта душа, тем большего величия и силы достигает государство. А что воспитывает широту духа, как не эта удивительная природа! Её нужно беречь, как мы бережём самую жизнь человека. (К . Г. П а у с т о в с к и й)*<br>(Деятельность учащихся)<br>К Каждый ученик высказывается, при этом он может повторить то, что сказал его одноклассник, в случае совпадения точек зрения. Главное – мнение каждого важно и услышано! Учащиеся определяют тему урока. | |
| **Середина урока** | **III. Изучение нового материала.**<br>***К Упр. 1*** Прочитайте притчу и определите ее основную мысль. Придумайте заголовок к тексту. Выскажите устно свое отношение к прочитанному. Выпишите из текста ключевые слова.<br>(Деятельность учащихся)<br>К Ученики читают, определяют основную мысль.<br>**IV. Освоение изученного материала.**<br>***К Упр. 2*** Сравните два предложения. В каком из них нет главного члена?<br>*Маленькая планета Земля. Планету назвали Землёй.*<br>В каких предложениях отсутствует либо подлежащее, либо сказуемое. Как вы думаете, если один из главных членов отсутствует, то мешает ли это пониманию смысла предложения?<br>**Учимся применять правило!**<br>Односоставное предложение – это предложение, имеющее только один главный член.<br>Различают пять типов односоставных предложений:<br>**Назывное:** Зима. Тихое раннее утро.<br>**Определенно-личное:** Сходи в магазин. Хочу купить чемодан.<br>**Неопределенно-личное:** Завтра к вам зайдут.<br>**Обобщенно-личное:** Цыплят по осени считают.<br>**Безличное:** Уже рассвело.<br>**Физкультурная минутка**<br>***Упр.4.*** Спишите, обозначая грамматическую основу предложений. Укажите односоставные предложения.<br>Какие это предложения – распространённые или нераспространённые? Подлежащим или сказуемым является в них главный член?<br>***Упр.6.*** Прочитайте легенду. Как вы думаете, какой смысл заложен в ней?<br>**Работа в группах**<br>Формирование групп по словам «флора, фауна».<br>Защита постера на тему **«Человек и природа»**<br>При защите каждая группа должна использовать как можно больше односоставных предложении. | |
| **Конец урока** | **Рефлексия:** Приём «Что, если…?»<br>Приём «Что, если…?» предполагает включение на этапе рефлексии вопросов, которые начинаются со слов: «Что, если…?» Данные вопросы позволяют учащимся по-новому, с другой стороны посмотреть на проблему, выдвинуть свои предположения,<br>**Домашняя работа**<br>Написать эссе на тему «Живая планета» | |



# ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР ҰЙЫМДАСТЫРУ

**А.Т.АБДЫКОВА**
**Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы**
**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі**

**Білім беру саласы:** Коммуникация, Таным, Әлеуметтік.
**Мақсаты:** 1-10 сандарын санау және кері санау, жыл мезгілдері мен апта күндері мен күннің бөліктерімен танысу; әріптер мен қосып оқуға үйрету.
**Дамытушылық:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттірін дамыту.Балаларды берілген сұрақтарға өз беттерінше жауап беруге ықпал ету, ұйымдастырылған оқу қызметіне балалардың қызығуышылықтарын арттыру.
**Тәрбиешілігі:** Балаларды ұжыммен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
**Қажетті құрал-жабдықтар:** ойын алаңы; геометриялық пішіндер, сандар, әріптер,түрлі суреттер.
**Әдістемелігі:** Дамытушы ойындар ұйымдастыру
**Ойын:** ғажайып сәттер.
**Көрнекіліктер:** Суреттер қолдану.
**Сөздік жұмыстар:** сұрақтар мен балалардың жеке жауап күту.

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қайырлы таң, қайырлы таң!<br>Қайырла таң, достарым!<br>Шеңберге тұрайық,<br>Жылулық сыйлайық!<br><br>Доброе утро, доброе утро!<br>Доброеутро, друзья!<br>Посмотритедругнадруга<br>Пожелайтедобра!<br><br>Good morning, good morning,<br>Good morning to you,<br>Good morning, good morning,<br>We are glad to see you!Балалар! Ертеңгілік біздің балабақшаға хат келіпті, ол хатты «Жұлдыз» тобының балаларына деп келіпті. Қане балалар, хатты оқып көрейік.<br>Хатта балалар, сіздерді Леонид Якубович «Поле чудес»ойынына шақырыпты.<br>- Балалар, «Поле чудес» ойынына барамыз ба? | Балалар шеңберге тұрып, тәрбиешімен бірге қимылдарын орындады. |
| **Ұйымдастыру – іздену** | **1-айналым: «Ертегілер елінде» (бұл қай ертегіде кездеседі)**<br>1. Ормандағы әжесіне,<br>Пісірген анасы тоқашты,<br>Кезіккен екен қасқыр қызға,<br>Қай ертегі білесің бе?<br>2. Атасы егіпті бақшаға,<br>Әжесін шақырыпты, немересін шақырыпты,<br>Күшікті, мысықты, тышқанды шақырыпты. Бұл қай ертегі айтыңдаршы балалар?<br>3. Үй сыпырып жүрген бір қыздың,<br>Тауып алды миізді. | <br><br><br><br>- Қызыл телпек.<br><br><br><br>- Шалқан. |

| | | |
|---|---|---|
| | Шақырып алып мысығын,<br>Соңында берді құйрығын.<br>Бұл қай ертегіде кездесті? (Мақта қыз бен мысық)<br>4. Адамға жақын бар екен құс,<br>Масаның мақсатын бұзды құс.<br>Ауырып қалған жыланға,<br>Қалдырыпты құйрығын.<br>Бұл қай ертегіде кездесті? (Қарлығаштың құйрығы неге айыр?)<br>5. Үш табақта ботқа бар,<br>Үш орындық тағы бар.<br>Орындықты сындырған<br>Ормандағы жалғыз үй? - Үш аю<br>6. Жануарлар жиналыпты, орман аңдар үйі? - Үйшік<br>**2- айналым: «Жыл мезгілдері»**<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>- Табиғат нешеге бөлінеді?<br>- Тірі табиғатқа не жатады?<br>- Өлі табиғатқа не жатады?<br>- Балалар, бір жылда неше жыл мезгілі бар?<br>- Жыл мезгілдерінің түстері қандай ?<br>- Қазір қандай мезгіл?<br>- Қыс мезгіліндегі өзгерістер қандай?<br>- Бір аптада неше күн бар?<br>- Бір күнде неше уақыт бар?<br>- Бір мезгілде неше ай бар?<br>- Қыс мезгіліндегі айларды атап бер?<br>Сұлтан. Қар келді жеріме,<br>Төрлет қысым еліме.<br>Қыс өте тамаша,<br>Ойнайды балалар күніне.<br>Ануар.Қыстың күні көңілді,<br>Көп қызықты көреміз.<br>Шығып алып далаға,<br>Сырғанақты тебеміз.<br>Ерасыл:Снего-снего-снегопад.<br>Каждый очень очень рад.<br>Будет лыжа и коньки<br>Будет санки и снежки.<br>**3-айналым: «монтессори» (Дұрыс-дұрыс емес)**<br>**4-айналым: (Сөзжұмбақ)**<br>Ертеңгісін ерте тұрып, жаттығу жасау керек пе?<br>- Жуынбаймыз, бақшаға барамыз ба?<br>- Түс мезгілінде ай шықты ма?<br>- Аптада жеті күн бар ма?<br>- Дүйсенбіден кейін жұмы күні бала ма?<br>- Бір жылда бес жыл мезгілі бола ма?<br>**5-айналым: (Логикалық тапсырма)**<br>1) 1-10-ға дейін санау және кері санау.<br>- 1 саны мен 3 санының арасында қандай сан бар?<br>- 6 саны мен 8 санының арасында қандай сан бар?<br>5 санының көршілері қандай сандар?<br>4 пен 6 санының арасында қандай сан бар? | - Мақта қыз бен мысық<br>- Қарлығаштың құйрығы неге айыр?<br>- Үш аю<br>- Үйшік<br>- Бізді қоршаған орта<br>- Екіге<br>- Тірі және өлі табиғат<br>- Адамдар, гүлдер, аңдар, ағаштар, жәндіктер.<br>- Тас, құм, су, қар, орындық, тақта, жиһаздар.<br>- Төрт мезгіл бар.<br>- Ақ, көк, жасыл, сары.<br>- Қыс<br>- Қар жауады, салқындайды, аяз, боран болады.<br>- Жеті күн бар<br>- Төрт мезгіл бар.<br>- Үш ай бар<br>- Желтоқсан, Қаңтар. Ақпан.<br>Сипау арқылы сандарды танып айту.<br>- 1-10-ға дейін санады<br>- 2<br>- 7<br>- 4, 6<br>- 5 |

| | | |
|---|---|---|
| | 1 санынынан  үлкен сандар бар?<br>10 санынынан кіші сандарды ата?<br>2) Бес қоян орманға барды.<br>Үшеуі оның шаршап, інге келді.<br>Неше қоян орманда барды?<br>3) Базарға бір гном барды.<br>Жеті алма сатып алды.<br>Екеуін кішкентай гномдарға берді,<br>Екеуін үлкендерге берді.<br>Гномда неше алма қалды?<br>5) Маша аюға тоқаш пісірді.<br>Біреуін алмамен пісірді, екіншісін сәбізбен, үшіншісін балменен пісірді.<br>Бір тоқашты мысық жеп қойды,<br>Маша неше тоқаш пісірді?<br>**Сергіту сәті:** *Жел үлейді у-у-у*<br>*Боран соқты зу-зу*<br>*Қатты-қатты жел соқты гу-гу*<br>*Шыдай алмай жапырақтар ах-ах*<br>*Билеп кетті қалтырап пах-пах*<br>**6-айналым: (Дыбыс бойынша әріптерді тап)**<br>1) Тақтаға әріптерді жаз, сөз құрастыр. Оқып бер.<br>2) Көзіңді жұмып саусақпен тап (әріптер)<br>3) Дауысты және дауыссыз дыбыстар.<br>**7- айналым:**  > = <<br>Тапсырманы орындау.<br>**8-айналым: «Адасқан Маша»**<br>- Балалар қане орманда адасып қалған Маша өз ата-әжесінің үйін тауып алсын. Көмек берейік.(Оңға-солға, Жоғары-төмен, үстінде-астында. Жанында-алыста)<br>- Ортасында үйшік бар.<br>- Оң жоғары жағында күн бар.<br>- Сол жақ жоғарыда бұлт бар.<br>- Үйдің үстінде құстар ұшып барады.<br>- Үйдің оң жағында шырша өсіп тұр.<br>- Шыршаның түбінде саңырауқұлақ өседі.<br>- Үйдің сол жағында гүл өсіп тұр.<br>- Оң жағында көлшік бар.<br>- Маша үйін тапты ма?. | - 2,3,4,5,6,7,8,9,10<br>- 9,8,7,6,5,4,3,2<br><br><br><br><br><br><br><br>- 2<br>- 3<br><br>- 3<br><br><br><br><br>А,Р,Ғ,Н,Ш,П,Р,С,Т,У.<br>- ара, апа, ана, аға, аша, ата, ауа.<br>- А,У дауысты дыбыс.<br>- р,ғ,ш,н,т,с,т дауыссыз<br>Ауа, ауа, нан, ана, аға, апа, ата. Т.б<br>Көп-аз, тең деген ұғымды атау.<br>Тапсырмаларды орындады.<br>Балалар, педагогтың көрсетуімен қимылды сергіту сәтін орындады.<br>Фланелеграфтың кеңістігін бағдарлай отырып тапсырманы орындады.<br>- Иә<br>- Маша үйін тапты. |
| **Рефлексивті – түзетушілік** | Қорытынды сұрақ-жауап<br>- Балалар, бізге кім хат жіберген?<br>- Біз қандай ойын ойнадық?<br>- Ойыннан қандай сұрақтарға жауап бердік?<br>- Кімдерге көмектестік?<br>- Рахмет балалар біздің «Поле чудес»ойынының жеңімпаздары сіздер. **Айналым: «Приз» Ғажайып сәт:** Леонид Якубович «Поле чудес»ойынынан балаларға «Приз» (екі қобдиша) әкелді. Балаларды мадақтап келесі «Поле чудес» ойынына шақырды. Сондықтан Сыйлық тетігіне келіп оқтады. Сыйлықты тарту етуге рұқсат етіңіздер. | - Леонид Якубович<br>- Поле чудес<br>- Сандарды таптық, әріптерді атадық.<br>- Сөзжұмбақ шештік.<br>- Ертегі кейіпкерлеріне көмек бердік.<br><br>Рахмет!!!<br>Балалар қуанды. |

**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Балалар сандар мен әріптерді біледі
**Игерді:** Балалар сөзжұмбақтар шешуді игерді.
**Біледі:** Балалар кеңістікті бағдарлай біледі.

# «ТӨРЛЕТ, ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ!»

**Г.К.БИСЕНБИНА**
**тәрбиеші «№28 «Көркем» МДҰ МКҚК**

**Жүргізіуші:** Армысыздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік

**Ән «Нұрлы көктем»**

**Жүргізуші:** Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіңдер ме!

**Балалар:** Қыдыр Ата! Наурыз Әже!

**Жүргізуші:** Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

**ҚЫДЫР АТА:** (Алихан) Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің
Ықыласпен қол жайсаң,
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын! Әумин!

**Наурыз Әже:**
"Наурыз келсе, құт келгені, халайық!"
Есік ашып, шашу шашып,
Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

**Жүргізуші:** Қыдыр ата! Наурыз Әже! Ортаға жайғасыңдар бүгін біздің «Алтын дән» ауылында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар!

**Қыдыр Ата:** Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсаңдар ешқандай қарсылығымыз жоқ.

(Ортаға барып отырады)Тақпақтар

**Амина:** Күттіріп келген жыл басы,
Бізбен бірге жырлашы
Елімнің дастарханына
Береке, ырыс сыйлашы

**Тәрбиеші:** Қош келдің, Наурызым ардақты,
Халқым саған бар үмітті арнапты
Жылда солай келе бергін жасарып,
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.
Күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді
Қуанышта ел енді
Наурыз келді, салтымыз
"Көгерсін"деп халқымыз
Көшеге тал егеді.

**Ән: «Наурыз» хор**

**Би: «Шашу»**

**Жүргізуші:** Рахмет балалар. Енді біздің балалар ұлттық ойын ойнап береді.

**Ойын:** «Қыз қуу» бір қыз қашады оны бес бала қуады кім бірінші барып бетінен сүйеді сол жеңіске жетеді.

Кішкентай бала қолында қамшы бар "Сүйінші, сүйінші" сәби дүниеге келді.

**Қыдыр Ата:** Сәбилерің құтты болсын! Баланың бауы берік болсын! Кішкентай сәбиді әкеліңдер азан шақырып атын қояйық!

**Әже:** Құндақталған сәбиді алып келеді!

**Қыдыр Ата:** Сен наурыз мерекесі күні дүниеге келгесін сенің атыңды Наурызбай қоямыз деп Сенің атың "Наурызбай" Сенің атың "Наурызбай" Сенің атың "Наурызбай" үш рет құлағына айқайлайды.

**Наурыз Әже:** Енді дүниеге келген сәбиді бесікке салайық! Балалар, бесікке салу үшін Бесік, қолбау, аяқбау, шүмек, көрпе, көпшік. Бесік – қасиетті мүлік. Бесікті аластап, тыштырма жасап, баланы бесікке бөлейді. Бәле-жаладан сақтасын деп, ырымдап, оған тұмар тағып қояды.

**Бала:** Әже! Бесікке баланы жатқызбас бұрын қандай ырым жасалады?

**Әже:** Баланы қырқынан шығарады.

**Бала:** Баланы қырқынан қай кезде шығарады?

**Әже:** Туылғанына қырық күн толғанда қырқынан шығарады. Қырық қасық суға түсіріп, ит көйлегіне тәттіні түйіп, оны иттің мойынына байлап жібереді. Балалар итті қуып жетіп, тәттіні бөліп жейді. Ит көйлек – нәрестенің алғашқы көйлегі

**Жүргізуші:** Наурыз әже осы ойынды біздің балалар ойнап берсін

**Ойын:** Бір бала ит болады оның мойнына кәмпит түйіп байлайды. Ол қашады оны балалар қуады. Ит болған балаға жеткен бала кәмпитті үлестіріп береді.

**Би:** Қара жорға

**Ойын:** Қол күрес

**Әже:** Менің балаларым осы наурыз біздің жаңа жылымыз осы мерекеде мен үнемі наурыз көже пісіремін. Сол наурыз көжені қалай пісіру жолын айтып өтейін (әже наурыз көже пісіру жолын айтып береді)

Құрметті қонақтар менің жеті түрлі дәм салған наурыз көжемнен ауыз тейіңдер! Ақ мол болсын!

**Қыдыр Ата:** О, халқым кішкентай менің балаларым! Сендердің бүгін өнерлеріңді тамашаладым үлкен тойының куасі болдық тойларың тойға ұласа берсін халқымыз тыныш, еліміз аман болсын! Мен еліме қайтайын аман сау болыңдар!

# «БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ, БАЛАБАҚШАДА!»



**Н.Ж.БОРАНБАЕВА**
**Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы**
**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі**

**Мақсаты:** Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігімен таныстыру (салқын, аяз, боран, дымқыл қар). Қардың қасиетімен таныстыру; (ұлпа қар, кесек қар, жабысқақ қар); мұздың (қатты мұз, салқын мұз, ылғалды мұз, сынғыш мұз, тайғанақ мұз). Балаларға қысқы қауіпсіздік ережелерін сақтауға және естерінен шығармауды ұсыну. Аязда қар мұзға айналатынын, мұз жылы жерде суға айналатынын айтып өту.

**Тәрбиелігі:** Балаларға жануарлар мен құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Еңбекке баулу:** Балаларды қыс мезгіліндегі ағаштар мен жануарлардың қалай қорғанатынын және үлкендердің еңбегін бағалап, үлкенге көмек беру, ұжымдық еңбекке баулу (ағаштардың түбіне қар жинау) бастаған жұмыстарын аяқтауға қалыптастыру.

**Дамытушылығы:** Балалардың бойынан қыс мезгіліндегі ағаштар мен құстарды бақылап, айналадағы табиғаттың әсемдігін сезіне білуге дамыту.

Балаларға тірі және өлі табиғатты бақылауға шақыру.

**Құрал-жабдықтар:** Құстарға арналған жемсауыт, құстарға жем, шана, қар күрейтін қалақ, оюруч, түрлі-түсті мұздар.

**Сөздік құрамы:** Қыс-зима, қар-снег, мұз-лед.

**Ойын барысы:** Жұмбақтар.
1. Суда мұз бар,
Жерде қар бар.
Бора нборап соғады,
Бұл қай мезгіл болады? ***(Қыс)***
2. Суда қалқиды, жылыда балқиды. ***(Мұз)***
Балалар, Табиғат дегеніміз не?
– Бізді қоршаған орта.
Табиғат нешеге бөлінеді?
– Екіге.
– Тірі табиғатқа не жатады?
– Ағаштар, гүлдер, жануарларғ құстар, жәндіктер.
– Өлі табиғатқа не жатады?
– Қар, мұз, тас, құм т.б.
– Балалар, бір жылда неше жыл мезгілі бар?
– Төрт
– Қазір қандай мезгіл?
– Қыс
– Қыс мезгіліндегі өзгерістер қандай?
– Салқын, аяз, жел, боран, қар
– Қыс мезгіліндегі айларды атап бер?
– Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Балалар, қазір қыс мезгілі. Қыс мезгілінде күн салқындап, аяз болып, боран соғады. Ол кезде балалар жылы киініп жүру керек. Қыс мезгілінде қар мол болады, қардың астында жер тоң салады, аңдар қысқы ұйқыға кетеді.

– Балалар, қар қандай деп ойлайсыңдар?
– Ақ, ұлпа, салқын.
– Қардан қандай мүсіндер жасауға болады?
– Аққала, Аяз ата, Ақшақар және т.б

– Балалар, қыс мезгілінде барлық өзен, көлдердің бетіне мұз тұрады, бірақ та өзен, көлдерде мұздың астында балықтар, шаян, т.б өмір сүре береді. (мұзды көрсету).

– Балалар, қыс мезгілінде ағаштарға күтім жасау керек, ағаштардың түбін қармен толтыру керек, сол кезде ағаштарға жылы болады. Қыс мезгілінде ағаштар ұйқыға кетеді екен.

Ал олай болса балалар, ағаштың түбін қармен көмеміз.

**Еңбекке баулу:** Ағашты аяздан қорғау.

**Сергіту сәті:** Жел улейді у-у-у
Боран соқты зу-зу
Қатты-қатты жел соқты гу-гу
Шыдай алмай жапырақтар ах-ах
Билеп кетті қалтырап пах-пах

**Оқылатын өлең:** Ш.Ахметов.
Аяз қысып,
Өрнек сызып.
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып.
Сырғанап жастар ойнайды.
Кейде ұлып,
Кейде ысқырып.
Ұйтқып боран соғады.
Бөбектерім айтыңдаршы,
Бұл қайкезде болады?

**Сөздік құрамы:** Қыс-зима, қар-снег, мұз-лед.

**Ғажайып сәт:** Балаларға қонаққа Аққала келеді. Аққала өзімен бірге екі досын ала келеді. Аққаланың достары Мұз бен қар екен. Балалар, Аққаланың екі досының айырмашылығын айтып беріңдерші.

Екеуі де қыста болады, екеуі де салқын, ылғал, қыста қатады, жылы жерге келсе ериді.

**Қимылды ойын: «Қыс келді»**

**Мақсаты:** Балалар дөңгелек шеңбердің іші үйшік. Аққала ұйқыға кеткенде балалар сыртқа шығып ойнайды. Ал Аққала оянғанда бір –бірден ұстап алады.

**Тиым сөздер:** Мұзды ауызға салуға болмайды (тамағымыз ауырып қалуы мүмкін), мұзды лақтыруға болмайды (мұз қатты болғандықтан жарақат алуымыз мүмкін), егер мұзды жерден өтсеңіздер абайлап өтіңіздер.

**Аққала:** Сәлеметсіздер ме, балалар. Балалар менің сіздермен ойнағым келіп тұр.

– Аққала, біздің балалар ойнайды сізбенен, алдыменен құстарды бақылап, құстарға жемсауытқа жем салып іліп қояйық.

– Балалар, біздің жақта қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер?

– Торғай, көгершін, қарға.

Өнер орталығы

**Шығармашылыққа баулу:**

**Мақсаты:** Дәстүрден тыс әдісі бойынша қыс мезгілін бояулы сумен қар бетіне қысты бейнелеу.

Орталықтың балалары ортаға жиналып, әр орталықта жасаған жұмыстарының ортаға жинап, орындалған жұмыс нәтижесі туралы балалар әңгімелейді.

Балаларды белсенділік танытқаны үшін мадақтау.

**Қорытынды.** Балалар сендердің барлығың да өте жақсы жұмыс жасадыңдар.

Біз не үйрендік?
Сендерге ұнадыма?
Кімге не ұнады?
Көңіл-күйіміз қандай? Тамаша!

Рахмет сендер өте тамаша балаларсыңдар менің сендерге азғантай сыйлығым бар.

**Аққала:** Сау болыңыздар, балалар!

# «ТҮЙМЕҚЫЗ БЕН ЭЛЬФТАРДЫҢ СИҚЫРЛЫ ЕЛІ»

**Г.І.ҒАЗИЗОВА**
**«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің**
**«Балдырған» балабақшасы,**
**Ақтөбе облысы, Алға қаласы**

**Мақсаты:** Ән айту дағдыларын қалыптастырып, оның характерлерін эмоция арқылы білдіруге үйрету. Музыкалық және шығармашылық қабілеттерін музыкалық іс-әрекеттің түрлері (ырғақтық дағдылар, тыңдау, ән айту, музыкалық-дидактикалық ойындар) арқылы дамыту. Тәрбиеленушілер арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты ән, би, ойындар арқылы тәрбиелеу. Түрлі характердегі музыкаларды қабылдау арқылы эмоционалдық әсер қалдыру. Музыкалық талғам, сауат, фантазияларының дамуына үлес қосу.

**Муз. «Кішкентай полька»** (Балалар музыка ырғағымен залға кіргізеді)

**Музыкалық амандасу жаттығуы:** «Сәлем деймін бәріңе!»

**Коммуникациялық ойын:** «Қадам бас!»

**Музыка жетекшісі:** Балалар, сендер сиқырға сенесіңдер ме? Мен бүгін сендермен бірге гүлдер алқабына саяхат жасағым келіп тұр. Менімен барасыңдар ма? Ендеше біздерді алдымызда ұзақ жол күтіп тұр. Жолға шықпас бүгін дем алып, дауысымызға жаттығу жасайық.

**Артикуляциялық жаттығу:** «Тіл»

Балалар, гүлдер еліне бару үшін біздер де гүлдер сияқты болуымыз қажет. Сендер түймедақ гүлін білесіңдер ғой. Сендер бәрің үлкен түймедақ гүлі боласыңдар. Ал сен сендерді үрген кезде сен-

дер түймедақтың кішкентай түйіршіктеріне айналасыңдар.

(Балалар ортада бір үймеге жиналып отырады. Музыка жетекшісі балаларға қарай үреді. Балалар жан жаққа ұшады. Шеңбермен аяқ ұшымен жүгіріп қимылдар жасайды)

**Музыкалық ритмикалық қимылдар: «Гүлдер»**

(Балалар гүлдерге отырады. Музыкалық композицияныңырғағына сай жәй, нәзік қимылдар жасайды: гүлдер ұйықтайды, оянады, ашылады, билейді)

**М.Ж.:** Міне, біздер гүлдер алаңқайына жеттік.

**Слайд:** Гүлдер алаңқайы

**М.Ж.:** Қараңдаршы балалар, қандай әдемі!

**Слайд:** Түймеқыз

**М.Ж.:** Балалар, гүлдің ішінде біреу отырған сияқты. Ол кім деп ойлайсыңдар? Ия, бұл Түймеқыз. Оның қандай көңіл-күйде екенін маған айтыңдаршы.

(Көңілсіз әуен естіледі. Балалар Түймеқыздың көңіл-күйін табады. Неге олай екенін айтады)

**М.Ж.:** Түймеқыз, айта қойшы саған не болды?

**Түймеқыз:** Сәлем, балалар! Менің достарым бар - эльфтар. Және олардың әрқайсысының өз үйлері-гүлдері бар. Күндердің бір күнінде біздер аспанда ұшып жүріп ойнадық, көңіл көтердік. Сол уақытта ашулы өрмекші эльфтардың гүлді үйлерін ұрлап алып, оларды алып кетті. Біз енді не істейміз?

**М.Ж.:** Балалар, Түймеқыз бен оның достарына гүлдерді табуға көмектесеміз бе? Ендеше гүлдер алаңқайынан ашулы өрмекшіні іздейік.

**Слайд:** Өрмекші торы

**М.Ж.:** Өрмекшіні көріп тұрсыңдар ма?

**Слайд:** Өрмекші

**М.Ж.:** Ой, манағы айтқан ашулы өрмекші мында отыр екен. Одан неге гүлдерді ұрлағанын сұрайықшы.

**Өрмекші:** Мен тордың ішінде , жалғыз өзім өмір сүріп шаршадым. Мен эльфтармен бірге дос болып, олармен бірге гүлдің ішінде өмір сүргім келді. Бірақ олар маған гүлдің ішінде тек эльфтар тұрады деген соң, ашуым келді. Және менімен ешкім дос болғысы келмейді. Сол себептен алып кеттім.

**М.Ж.:** Өрмекші, адамдар үйде, кішкентай эльфтар гүлдің ішінде, ал сен өз өрмегіңнің ішінде өмір сүруің керексің ғой. Сен оларға ренжіме. Жарай ма?! Сенімен біздің балалар дос болады. Бізге, гүлдерді қайтаршы.

**Өрмекші:** Дос екендеріңді ендеше дәлелдесеңдер, менің көңілімді көтерсеңдер, мен гүлдерді қайтарамын. Мен сендермен ән айтқым келіп тұр.

**М.Ж.:** ендеше бізбен бірге «Өрмекші» әнін айт.

**Ән айту:** «Өрмекші»

**Өрмекші:** Маған ұнады. Бір гүлді қайтарайын.

**М.Ж.:** Балалар, өрмекшіге ән ұнаған сияқты. Ол бір гүлді қайтарды. Енді тағы 2 гүл қалды. Өрмекші музыкалық аспаптардың әдемі үнін естісе мүмкін 2ші гүлді қайтарар. Мен сендермен «Музыкалық дүкен» ойынын ойнағым келіп тұр. Экранға назар аударайық. Бұл дүкен ерекше дүкен. Мұнда балалардың білімін тексереді. Және бұл дүкенде қандай аспаптар бар екенін дыбысы арқылы табатын болсақ, ол біздің білімімізге сай тиындар береді. Ал сендер ақша беретін дүкенді көрдіңдер ма? Мен де көрген жоқпын. Ендеше көрейік.

**Муз.дид.ойын: «Музыкалық дүкен»**

**М.Ж.:** Балалар, аспаптардың дыбысы өрмекшіге ұнаған сияқты. Ол бізге екінші гүлді қайтарып берді.

**Өрмекші:** Ия, маған ұнады. Бірақ мен табиғаттың музыкасын естігім келіп тұр. Күнде естимін, ұнатамын.

Дәстүрлі емес заттардан оркестр.

**Музыка «Титаник» к\ф «My heart will go on»**

**Өрмекші:** Сендер нағыз дос екенсіңдер. Маған өнерлерің ұнады. Сондықтан 3-ші гүлді де қайтарамын. Маған өзімнің торымда өмір сүрген әлдеқайда ыңғайлы екен. Сау болыңдар!

**М.Ж.:** Міне, эльфтардың 3-ші гүлін таптық.

**Слайд:** Үйшік-гүл.

**М.Ж.:** Ал мыналар ертегі кейіпкерлері эльфтардың өздері.

**Слайд:** Эльфы на цветах.

**М.Ж.:** Мінеки балалар, біздер Түймеқыз бен оның достарына гүлдерін табуға көмектестік.

**Түймеқыз:** Балалар, бәріңе үлкен рахмет айтамын. Достарың көп болған қандай жақсы.

**М.Ж.:** Балалар, біздің саяхатымыз аяқталды. Балабақшаға оралайық.

Балалар, біздерге гүлдерді өрмекшіден босатуға не құтқарды?

**Балалар:** Музыка

**М.Ж.:** Дұрыс-ақ. Біздің музыканың құдіретінің арқасында гүлдерді өрмекшіден босатып, ертегі елін ретке келтірдік. Достарымызға әрқашан қол ұшын созып жүрейік.

Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді.

# «АЙБАРЛЫ АСҚАР ЕЛДІ АСҚАҚТАТАР – АТА ЗАҢ»

**Ж.О.ДАРМЕНКУЛОВА**
**тәрбиеші «№28 «Көркем»**
**МДҰ МКҚК**

Балалар ән залына жалауша, лента, гүлдер ұстап, саппен әр түрлі қимылдар жасап тұрады.

**1-Жүргізуші:** Құрметті Қонақтар, балалар! Конституция күніне арналған «Айбарлы асқар елді асқақтатар – Ата Заң!» атты ертеңгілігімізге хош келдіңіздер! Ата Заңымыз азаттығымыздың айнымас айғағы. Болашағымыздың бұлжымас бағдары.

**2-Жүргізуші:** Еліміздің алтын арқауы. Қазақстан Республикасы Ата Заңымызбен көк байрағымыз көкте желбіреп Әнұранымыз әлемге шырқалып жүр, бүгінгі ертеңгілігімізді әнұранмен бастайық.

**Ән: «Әнұран»**

**1-Жүргізуші:** Кезекті балалардың өлең жолдарына берейік.

**Өлең жолдары:** Айару, Ералы, Жаннұр, Мадияр, Кәусар, Дильназ

**Ән: «Қазақстан бақыты»**

**Би: «Батырлар»**

**2-Жүргізуші:** Жарайсыңдар! Отан қорғайтын болашақ батырларымыз. Тұғырымыз биік те, берік болғай. Ертеңгілігімізді «Кім жүйрік?» ойынымен жалғастырайық.

**Ойын: «Кім жүйрік?»**

1. «Отан» деген сөзді қалай түсінесің?
2. Біз қандай Республикада тұрамыз?
3. Еліміздің елбасы кім?
4. Біз қай қалада тұрамыз?
5. Ұлтымыз кім?
6. Тіліміз қандай?
7. Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?
8. Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?
9. Қандай ұлттық тағамдарды білесіңдер?

1. **Жүргізуші:** Конститутция – кемел келешектің кепілі. Еліміздің әрбір азаматы өзін тең сезінеді. Кезекті әнге берейік.

**Ән: «Балдырғандар»**

**Өлең жолдары:** Али, Дана, Алдияр/Қарлығаш Топ/, Аяла, Аманат, Таир.

**Али:** Туған елім, гүл елім,
**Дана:** Біз балдырған тең
Дос құшағын елге ашқан,
Тілегіміз тыныштық,
Ашық болсын кең аспан,
Мықты болсын іргеміз,
Бәрімізде біргеміз.
Қасиетіңді білемін,
Өзіңе деп жүремін,
Лүпілдеген жүрегім.
Алдияр /Қарылғаш т./
Сарқылмайтын қуатым,
Тірегіміз сен Отан,
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегіміз сен Отан.
**Аяла:** Ата Заңым-Барлық негізі,
Ата Заңым бабалардың лебізі,
Арқа сүйер Ата Заңға адамдар,
Артық санау кемсітудің жоқ ізі.
**Аманат:** Отан сөнбес күніміз,
Отан туған жеріміз,
Отан ортақ үйіміз,
Отан әнмен күйіміз.
**Таир:** Желбіретіп бабалар туын,
Ертеңгі күнге бара тұғын,
Сенімі берік, мақсаты айқын,
Мәңгілік елдің баласымын.

**1-Жүргізуші:** Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасын, Әнұранын ардақтап құрметтеуге тиіспіз.

**2-Жүргізуші:** Иә, ендеше осы рәміздер туралы біздің балалар не біледі екен? (тақтаға назар аударып, рәміздер туралы айтады) (балалар туды, елтаңбаны сипаттайды)

**1-Жүргізуші:** Рәміздер туралы өлең жолдарымен.

**Өлең жолдары:** Мариям, Дания, Алдияр

**2-Жүргізуші:** Бұл мемлекеттік рәміздер еліміздің қасиетті белгілері біздің республикамыздың азаматтары оны біліп, сақтап құрметтеу керек.

**1-Жүргізуші:** – Кезекті әнге берелік.

**Ән: «Мемлекеттік рәміздер»**

**Би: «Мерекелік би»/Лентамен би/**

**Ойын: танымдық «Туған жерді көркейтейік»**

**Шарты:** Балалар белгілі бір уақытта ак қағаз бетіне үйлерді, ағаштарды гүлдерді білесіңдер? орналастырып, әдемі туған жерінің көрінісін жасау керек.

**Ән: «Тұлпарым»**

**2-жүргізуші: Ойын: «Кім мерген?»**

Асық ату ойыны.

**Ән: «Ата заң»хор**

**2-Жүргізуші:** Тұғырымыз берік, көк байрағымыз желбірей берсін! Бір шаңырақтың астында тату да бірлікте өмір сүрейік.

**1-Жүргізуші:** Құрметті қонақтар осымен Конституция күніне арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Әрқашанда еліміз аман, туымыз биік болсын!

# «КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ - КҮЙ»

**М.А.ЕРМЕКБАЕВА**
**психолог «№28 «Көркем» МДҰ МКҚК**
**Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** Балаларды қоршаған ортасына, топ балаларымен жағымды көңіл-күй қалыптастыра отырып, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбелеу. Балалардың зейінін тұрақтандыру,есте сақтау, ойлау, вербальды емес тәсілмен (сөйлемей) есту арқылы қабылдауын және қиялдауын одан әрі дамыту

**Міндеттері: Білімділік:** Балаға өзінің көңіл-күйін анықтап бағалай отырып өзгелердінде көңіл – күйіне назар аудара білуге үйрету.

**Дамытушылық:** Көңіл – күй ұғымын бекіту. Балалардың ой – өрісін дамыта отырып сөздік қорларын байыту.

**Тәрбиелік:** Балалар өз ойларын, пікірін жеткізе білуге баулу. Өзіне және қоршаған ортаға позитивті қарым –қатынас жасай білуге тәрбиелеу.

**Психолог:** Қайырлы таң балалар, мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын сендерді достық шеңберіне шақырғым келіп тұр.

Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандайжақсыбіртұру,
Достармененбіржүру!
Қандайжақсыдос болу!

Қане, үлкен шеңбер жасап, қолымыздан ұстап жылы сезімімізді білдірейік.

Арайлап атқан таңға сәлем!
Жылуын шашқан күнге сәлем!
Білім беріп тәрбие берген,
Апайларым сіздерге сәлем!

**Психолог:** Балалар бір-бірімізге қарайықшы, ұқсастығымыз барма? Қандай кім айтады?

**Балалар:** 2 көз, 2 құлақ, 2 аяқ т.б.

**Психолог:** Дұрыс айтасыңдар, бірақ біз бөлек армандаймыз екен, мінезіміз де әр түрлі, қимылдарымызда өзгеше солай емес пе?! Олай болса мен сендермен «Көңіл-күй әлеміне »саяхатқа шыққым келіп тұр. Саяхатқа шыққыларын келеме? Саяхатқа немен баруға болады

**Балалар:** Машинамен, ұшақпен, корабльмен, поездбен т.б.

**Психолог:** Балалар біз кішкене армандап, қиялдап көрейікші бүгін саяхатқа «кілем ұшақпен» барамыз. Біздің саяхатымыз ерекше болу үшін қане, жайғасып отырайық. Біз жай ғана отырмаймыз иога сияқты отырайық, қолымызды тізенің үстіне қоямыз. Көзімізді жұмайық, арқамызды тік ұстап, иық қолымызды бос ұстаймыз (жай музыка ойнап тұрады) Жылы жел бетімізді сипап өтті, күн шығып денемізді қыздыруда, өздерің жақсы көретін адамдарыңды еске алыңдар. Мамамызға күлімдейік,папамызды құшақтайық, достарымызға күлімдеп қарайық. Біз ұшып келеміз қаланың үстінен өттік, көптеген құстарды көрдік, балабақшаны көрдік жоғарыдан. Көңіл күй әлеміне де келдік. Ал енді жаймендеп көзімізді ашамыз бір-бірімізге күлімдеп қараймыз. Қандай жақсы бірге жүрген солай ма балалар. Балалар көңіл күй әрдайым өзіміздің жүрегімізде, топтағы балалармен бірге.

(Осы кезде ноутбукка хабарлама келеді) Балалар маған бір хабарлама келді оқып жіберейін. – Саламатсыңдар ма балалар. Қош келдіңдер менің «Көңіл-күй әлеміме» мен өте қуаныштымын,менім сендерге дайындаған сыйым көп.

**Психолог:** Қане, балалар, міне көптеген тапсырма берген екен орындауға дайынбыз ба?

**Балалар:** Дайынбыз

**Психолог:** Түстер тапсырмасы.

**Қызыл түстің тапсырмасы:** Қорапшада жарты бейнесі бар карточкаларды балалар алып, екінші бейнені тауып, бір бейне шығарып сыңарымен тұруы қажет. Балалар қарым-қатынасымыз амандасудан басталады екен, көңілдеріңізді көтеріп, амандасып алыңдар, бұл біздің әлеміміздің бастапқы шарты

1 топ – сәлем достым (қол алысу)
2 топ – қалай сенің жағдайың (иықтарын қағу)
3 топ – сен қайда бардың (құлақтарын ұстау)
4 топ – мен сені сағындым (жүрек тұсын көрсету)
5 топ – сен келдің бе? (қолдарын жаю)
6 топ – барлығы жақсы (құшақтасады)

**Психолог:** Жарайсыңдар балалар амандасқанымызда ерекше болды. Енді келесі түсті қарайық

– Сары түстің тапсырмасы: «Ойлан да аяқта» (ойлауды дамытуға)
– Лимон қышқыл, ал қант .... (тәтті)
– Егер үстел орындықтан биік болса,онда орындық ..... (аласа)
– 5 саны, 3 тен көп, ал 3 .... (аз)
– Пышақ та, әйнекте ..... (өткір)
– Ат шабады, ал қарлығаш ..... (ұшады)
– Ит үреді, ал қарға ..... (қарқылдайды)
– Жылан жорғалайды,ал балық ..... (жүзеді)

Жасыл түстің тапсырмасы (қиялды дамытуға)

Берілген геометриялық пішіндерден адам бейнесін құрастыру.

**Психолог:** Жарайсыңдар балалар бұл тапсырманы да орындадық.

**Көк түстің тапсырмасы:** «Дайын бол» ойыны (зейінді тұрақтандыру)

– Балалар шеңбермен жүреді.Бір сөз айтылады балалар сол сөзді қимылмен көрсетуі керек.Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады, машина –жүреді, экскаватор қазады, бақа – жай жүреді.

**Қоңыр түстің тапсырмасы:** «Мамандық иелерінің қажетті құралдарын табу» ойыны (қабылдау және көріп есте сақтауын дамыту)

Екі суретті қолдану, бір сурет кесілген ал екінші сурет кесілмеген суретті көрсетіп алып тастау, сол есінде қалған суретті құрастыру.

**Қара түстің тапсырмасы:** «Сурет сал» ойыны (Есту қабілеті арқылы қабылдау, есте сақтау) оқыған әңгімені қағаз бетіне жеткізу.

– Жексенбі күні мен аққала соқтым. Біріншісі үлкен дөңгелек, екіншісі орташа дөңгелек, үшінші одан да кіші дөңгелек. Қолдарын қардан соқтым, бір қолына ағаш сынығын ұстаттым, мұрнының орнына сәбіз, көздерін қара көмірден жасадым

**Психолог:** Жарайсыңдар балалар барлық тапсырманы орындадық енді, мен сендерге осы түстер жайлы бір құпия ашайын,біздің көңіл күйіміздің өзіне тән түстері болады екен. Сары түс – көңілді, жан – жағымызға қуана қарап шаттанғымыз келеді.

Қызыл түс – сергек, белсенді, секіріп, жүгіріп ойнағымыз келіп тұрады.

Жасыл түс – көпшіл, барлық баламен дос.

Көк түс – сабырлы, тыныш ойнап, терезеге қарап отырғанды жақсы көреді.

Қоңыр түс – ашулы, ренішті көңіл-күй

Қара түс – мұңды, маған ештеңе қызық емес,

Түсіндікпе балалар, олай болса мынадай ойын ойнайық. Музыкамен ортаға шығып билейміз музыка тоқтағанда тездетіп барып әркім өзіне ұнаған түсті алуы керек, жай тұрмай сол түске байланысты көңіл күй бейнесін көрсетуі керек келістікпе. (2 рет ойнату)

**Психолог:** Балалар көңіл-күй әлемінің бізге дайындаған сыйы көп екен мен Құрғақ субұрқақты көріп тұрмын

**Балалар:** Қоштасар бізге келді кез,
Қоштасқымыз келмейді-ақ.
Еңсемізді түсірмей,
Қабылдайық субұрқақ

**Психолог:** Қане, балалар субұрқаққа барайық, субұрқақтың алуан түрлі тамшыларын беттеріңе, қолдарыңа тигенін сезіндіңдерме. Міне барлық шаршағандарын, реніш, іш пыстырар ауыр көңіл – күй барлығы артта қалды. Сендер бұл субұрқақтан қаншама сергектік, өмірге деген құштарлық, шаттық сезім алып шығасыңдар. Тамаша балалар, бүгінгі алған жағымды энергияларың бойларыңда ұзақ уақыт сақталатын болады. Балалар әзірше көңіл-күй әлемімен қоштасайық.

Қош сау болыңдар!

# «МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»

**С.Ж.КАЮПОВА**
**тәрбиешісі №28 «Көркем» МДҰ**
**Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** 1. Балалардың әр түрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.

2. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін,сөздік қорын дамыту.

3. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық таңдауға қызығушылығын тудыру.

**Тәрбиеші:** – Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келіп қалған екен, «Сәлем сөздің анасы» демекші, келген қонақтармен амандасайық!

**Балалар:** – Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

**Мотивациялық-қозғаушылық**

**Тәрбиеші:** – Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы осы жұмбақтың шешуіне байланысты.

1. Кірпіштен сарай, үй салады,
Ол адам кім болады?
2. Өскен шашаты жаратпайтын,
Қайшысы бар жалақтайтын.
3. Қалпағына қарасаң,
Дәрігер емес бірақ ол.
Ас мәзірін қаласаң,
Алға ұсынып тұрады ол.

**Тәрбиеші:** – Айтыңдаршы балалар, сендердің ата-аналарың қандай мамандық иесі?

Балалар өз ата-аналарының қандай мамандық иесі туралы айтып береді.

**Тәрбиеші:** – Ата аналарың жұмысқа кеткенде сендер балабақшаға келесіңдер,балабақшада сендер не істейсіңдер?

**Балалар:** – Тамақ ішеміз, сурет саламыз, ұйықтаймыз, ойнаймыз.

**Тәрбиеші:** – Балабақшада қандай ойыншықтармен ойнайсыңдар?

**Балалар:** – Қуыршақ, көліктермен, кубик, конструкторлармен т.б.

Тосын сый  Музыка әуенімен топқа компютерде көп ойын ойнағанды ұнататын Нұрай кіреді.

**Нұрай:** – Ой, мында көп адамдар бар екен «сәлеметсіздар ме?», бірақ  мен өз достарыма келдім. Достарыма компьютерде қандай ойындар ойнай алатынымды көрсетейін деп едім. Жүріңдер, менімен,достар!

**Тәрбиеші:** – Тоқтай тұр, Нұрай! Сонда сен күні бойы компьютердегі ойындарды ойнайсың ба?

**Нұрай:** – Иә,ондағы ойындар қызық. Көліктер жүргізіп ойнаймын, қуыршақтарға тамақ бересің, айдаһарлармен шайқасамын.

**Тәрбиеші:** – Нұрай, сонда сен өскенде кім болғың келеді?

**Нұрай:** – Білмеймін.

**Тәрбиеші:** – Ал,сенің достарың өскенде кім болатынын біледі.

«Біз ойнаймыз, ойнаймыз,
Кім болуды ойлаймыз?»

(Балалар өздерінің өскенде кім болатынын айтады).

**Әділ:** Мен дәрігер боламын,
Бәрін емдеп жазамын.
Адамдарды құрметтеп.
Бәріне ие боламын.

**Фаузия:** Сән үлгісін қиятын,
Шаштараз болам жолына.
Түрлі-түсті шаш қиып,
Қызмет етем халқыма!

**Амина:** Жақсы оқып сабақты,
Мақсатым бұл ұраным!
Үлкен болып өскенде,
Сатушы боп тұрамын.

**Тәрбиеші:** – Балалар, біз Нұрай досымызға көмектесеміз бе?

**Балалар:** – Достарды біз қолдаймыз,
Қиын шақта қорғаймыз.
Біздің топта ұл-қыздар,
Тату-тәтті ойнаймыз.

**Тәрбиеші:** – Нұрайды алдымен дәрігерге көрсетіп емдетейік. Компютердің адамға қандай зияны бар?

**Балалар:** – Көз ауырады, құлақ естімей қалады, бел ауырады, сүйектер қисық өседі.

**Тәрбиеші:** – Ендеше Әділ дәрігерімізді ортаға шақырайық Нұрайдың денсаулығын тексеріп жіберсін!

**Сюжетті рөльдік ойын: «Емхана»**

**Тәрбиеші:** –  Дәрігер Нұрайды емдегенше ойын ойнайық!

**Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?»**

**Тәрбиеші:** – Нұрайдың денсаулығы жақсарды, енді шашын әсемдеу керек екен. Қайда апарамыз Нұрайды?

**Балалар:** – Шаштаразға.

**Тәрбиеші:** – Балалар, біздің арамызда кім шаштараз болам деп еді?

**Балалар:**  – Фаузия шаштараз болам деді.

**Тәрбиеші:** – Ендеше ортамызға Фаузия шаштаразшыны шақырайық Нұрайдың шашын әсемдеп берсін.

**Сюжетті рөльдік ойын: «Шаштараз».**

**Тәрбиеші:** – Нұрайдың шашын әсемдегенше біз қазақтың ұлттың «Теңге алу»ойын ойнайық!

**Қимылды ойын: «Теңге алу».**

**Тәрбиеші:** – Шаштараздан шыққан кейін біздің Нұрай сұлуланып кетті солай емес пе? Бірақ үстіндегі киімі өзіне үйлеспей тұр. Әдемі көйлек сатып алу керек ,қайда барамыз балалар?

**Балалар:** – Дүкенге барамыз.

**Тәрбиеші:** – Ендеше ортамызға сатушы Аминаны шақырайық.

**Сюжетті рөльдік ойын: «Дүкен».**

**Нұрай:** – Ой, балалар сендерге көп-көп рахмет! Сендер маған көмектестіңдер, енді мен сендермен ғана ойнаймын.

**Тәрбиеші:** – Нұрай, сенің компьютеріңдегі айдаһардың ойынын біздің балалар да ойнай алады.

– Қане, Нұраймен ойнайықшы!

**Қимылды ойын: «Айдаһардың құйрығы».**

**Тәрбиеші:** – Балалар, бүгінгі күніміз қызықты өтті ме?

**Балалар:** – Иә, қызықты өтті.

**Тәрбиеші:** – Бізге кім келді?

– Нұрай не ойнағанды ұнататын еді?

– Нұрайға қалай көмектестік?

– Қандай ойындар ойнадық?

– Енді Нұрайды ертіп далаға шығып қар лақтырысып, аққала жасап ойнайық.

Балалар сап түзеп залдан шығып кетеді.

# ДОПТАР МЕРЕКЕСІ

**А.К.КЕНЕНБАЕВА**
**тәрбиеші «№28 «Көркем» МДҰ МКҚК**

**Мақсаты:** Балабақшадағы балалардың қимылды ойынға деген қызығушылықтарын нығайту, түрлі-түсті доптар арқылы түстерді ажыратып, тез қимыл әрекеттерін істей алуға, зерек ойлануға үйрету. Джунгли кейіпкерлерінің қимылдарын жасай білу. Әдемі доптар арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, балаларды ептілікке, шапшандыққа, ұйымшылдыққа, достыққа төзімділікке тәрбиелеу.

**Керек құралдар:** Түрлі-түсті доптар, құм қапшықтар, шығыршықтар, себеттер.

Әдемі әуенмен ортаға сайқымазақ билеп шығады.

**Би: «Чунга- чунга»**

Балалар өздерін таныстырады

**Сайқымазақ:** Сәлеметсіздер ме балалар! Көңіл-күйлерін қалай?

Балалар қараңдаршы, ауа райы қандай тамаша, мен сендермен ойнағым келіп тұр, бірақ мен доптарымды таба алмадым, енді не істесем екен? Кімнен көмек сұрасам екен? (сайқымазақ ойланып қалады)

Таптым, маған джунгидегі Чаки досым көмектесе алады, телефон соғып көмек сұрайын. ( осы кезде джунгиден балалар билеп келеді)

**Сайқымазақ:** Досым келгенін жақсы болды, мен доптарымды таба алмай не істерімді білмей тұрмын

**Чаки:** Мен өзім келген жоқпын достарымды ала келдім олар өте көңілді би билеп, ойнағанды жақсы көреді. Сайқымазақ сен мұнайма кел, менің достарыммен бірге ойнап көңіл көтерейік мүмкін сол кезде доптарды тауып алармыз.

**Сайқымазақ:** жарайды ойнасақ ойнайық.

**«Ашулы арыстан»**

**Ойын шарты:** Әдемі әуен қосылғанда балалар ортаға шығып билейді, әуен тоқтағанда ашулы арыстан шығады балалар орындарында қозғалмай қатып қалуы керек.

**«Сиқырлы доп»**

**Шарты:** Балалар екі сапқа бөлініп допты бастан асырып береді, соңғы тұрған бала кейін қарай домалатады.

**«Көңілді жылындар»**

**Шарты:** топ жетекшісі кедергілердің арасынан өтіп барып келесі баланы тіркеп алады, ойын сонында допты себетке салады.

**«Қауіпті батпақ»**

**Шарты:** тақтайшаның үстімен жүріп, батпақты баспай құрғақ жерлермен аттап жүріп, допты себетке салуы керек.

**«Доптар мекені»**

**Шарты:** Түрлі-түсті доптары бар балалар әуен қосылғанда ортаға шығып билеп, көңіл көтереді, әуен тоқтағанда түстеріне байланысты үйлерін тауып алады.

(осы кезде банан іздеген маймыл келеді)

**Маймыл:** Балалар, мен банан іздеп жүрмін, сендер көрмедіңдер ме?

**Сайқымазақ:** Сен уайымдама біздің достармен бірге жаттығу жасасан, балалар тауып береді.

«Джунги маймылдары» - қимылды жаттығу (жаттығу жасап болғаннан кейін балалар ағашта өсіп тұрған бананды көріп, бірге жұлып алуға тырысады.)

**Маймыл:** Рахмет балалар, мен сендерге ризамын өте тапқыр, көңілді балалар екенсіңдер.

**Сайқымазақ:** Чаки менің көңіл күйімді көтеріп тастадыңдар, келген қонақтарға сиқырлы доптарымды сыйлағым келіп еді, бірақ доптпрды қайдан іздерімді білмей тұрмын.

**Чаки:** Балалар кәне бірге сиқырлы санамағымызды айтып көрейік (балалар бірге санамақты айтады, осы кезде жалаушалар арасынан доптар шашылады)

Балалар мәз болып доптарды жинап сайқымазаққа береді

**Сайқымазақ:** Тамаша, алақай доптарымды таптым рахмет сендерге (сайқымазақ билеп жүріп балаларға доптарды сыйлап қоштасып кетеді)

**Би «Көңілді балалар»**

# «МЕЙІРІМДІ ЕРТЕГІЛЕР»

**Н.Б.МОЛДАШЕВА**
**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі**
**Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы**

**Мақсаты:** Балалардың ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту. Ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Қиялдарын, эстетикалық талғамын техникалық дағдыларын қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** «Шалқан» ертегісіне арналған суреттер, қағаз қиындылары.

**Әдіс-тәсілдері:** ертегіні сахналау, сұрақ-жауап, рөлдерге бөлу, түсіндіру.

**Мотивациялық-қозғаушылық:**

**Шаттық шеңбері:**

– Армысың, қайырымды аспан ата!
– Армысың, мейірімді жер ана!
– Армысың, шұғылалы алтын күнім!
– Армысың, балабақша қонақтарым!

**Ұйымдастыру-іздестіру:**

Сиқырлы пойызға отырып, «Пойыз» әнін айтып барлығымыз ертегілер еліне саяхатқа барамыз.

**I-аялдамаға келдік.**

Балаларға «Шалқан» ертегісін мәнерлеп айтып түсіндіру және оны сахналау.

**II-аялдама: «Суретпен жұмыс»**

– Бұл қандай ертегі?

– Осы ертегіні суреттеріне қарап айтып беріңдерші, қане.

(Балалар сұрақтарға жауап береді.)

Балалар тағы да пойызға отырып әндетіп келесі аялдамаға жетеді.

**III-аялдама «Орман»**

(Сол орманда аю жылап отыр)

– Аю сен неге жылапотырсың, саған не болды?

**Аю:** Қалай жыламаймын, мына жерде үйшік тұрды, мен соған сыймай сындырдым, содан бәрі қашып кетті, кім маған көмектеседі? - деп балалардан сұрайды.

**Тәрбиеші:** – Жылама аю, біздің балаларымыз саған ән айтып көңіліңді көтерсін.

**Ән «Қоңыр қонжық» муз: Т.Сарыбаева**

Қоңыр қонжық көңілді,
Міне, бізге келеді.
Шапалақтап қуанып,
Иіліп сәлем береді.
2. Қоңыр қонжық көңілді,
Міне, бізге келеді.
Топылдатып, айналып,
Көңілді билеп береді.

**Тәрбиеші:**

– Біздің балаларымыз сондай әдемі,үлкен үйшікті жасай алады.

Аю саған біздің балаларымыз үйшік соғуға көмектеседі.

**Балалар:** – Ия, біз оны жасай аламыз. (Аю мен балалар қағаз қиындыларынан үйшік соғады).

Аю балаларға рақмет айтады.

Сосын сиқырлы пойызға отырып, әндетіп барлығы топтарына кетеді.

**VI-аялдама. Тосын сый**

Бауырсақ секіріп топқа кіреді. Балалардан сұрайды:

– Мен кіммін?

– Мен кімнен қаштым?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

**Рефлексивті-түзетушілік:**

**Бауырсақ:** – Сіздің балаларыңыз өте ақылды екен, олар маған қайда барғандарын айтып бере алады ма?

– Егер сендер толық жауап берсеңдер, мен сендерге сыйлық беремін.

Балалар іс-әрекетті еске түсіріп айтады.

**Бауырсақ:** – Мен өз ертегіме барайын, ал есіктің артында сендерге сыйлығым бар, ол сендерді күтіп тұр.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** ертегі кейіпкерінің атын атауды біледі.

**Түсінуге тиіс:** кейіпкердің мінез-құлықтарын ажырата отырып, жақсы мен жаманды ажырата алады.

**Істей білу керек:** ертегілер мазмұнын айта біледі, әуенге сай қимыл-қозғалыстар жасай біледі.

# КҮЛШЕ ҚЫЗ

**А.Т.НИЕТБАЕВА**
**«№28 «Көркем» МДҰ МКҚК тәрбиешісі**

**Тәрбиеші:** Балалар бүгін бізде ерекше күн. Қарандаршы бүгін біздің іс әрекетімізді бақылау үшін балабақша апайлары қонаққа келіп отыр. Апайлармен амандасып алайық.

**Шаттық шеңбер:**

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен
Бізге келсін қуаныш нұр іздеген
Шуақ толған жанымыз жүрегіміз
Үлгі алсын көрген жан мына бізден
Білер қазақ баласы
Сәлем сөздің анасы
Алдымызда отырған
Апайларға ізетпен
Біздер сәлем береміз
Саламатсыздар ма? апайлар

**Тәрбиеші:** Балалар енді бір бірімізге игі тілектерімізді айтайық.

«Жүректен жүрекке » тілектерін айтады.

**Тәрбиеші:** Балалар айналам ызға қарайықшы біз бүгін сиқырлы әлемге тап болған сияқтымыз. Осы сиқырлы әлемде білетін ертегілерімізді есімізге түсірейікші.

**Балалар:** «Үш аю», «Қызыл телпек», «Маша мен аю», «Түлкі мен қоян», «Күлше қыз»

Күлше қыз ертегісін есімізге түсірейікші.

Күлшеқыздың мінезі қандай? Ол қайда барғысы келді?

**Балалар:** Ол мейірімді, ақылды, еңбекқор, тіл алғыш, ұқыпты

/Осы кезде қоңыраудың дыбысы естіледі?/

**Күлше қыз:** Саламатсыздар ма балалар? Мен Күлше қызбын. Хан сарайында болатын ойын сауық кешіне барғым келеді. Бірақ мен орманда адасып қалдым. Көп жұмыстарымда бар еді. Әдемі көйлегім де жоқ, енді не істесем екен? Сендерден бір көмек болса екен./жылайды/

**Тәрбиеші:** Ой балалар Күлшеқыз қиын жағдайға тап болған сияқты. Енді не істейміз? Көмек бере аламыз ба?

**Балалар:** әрине көмектесеміз.

**Тәрбиеші:** Балалар қарандаршы Мына жерде көп тапсырмалар бар сияқты. Бұл тапсырмалар жай тапсырма емес сиқырлы тапсырмалар. Осы тапсырмаларды орындасақ Күлшеқызға көмегіміз де тиіп қалар.

**1-тапсырма:** Мына жерде тағамдарға әшекей бұйымдары араласып кетіпті. Тағам ішінде осындай заттар бола ма?

**Тәрбиеші:** Балалар қарандаршы бүгін бәрің әдемі киініп алыпсыңдар? Ал Күлше қызға не керек еді?

**2-тапсырма:** Стол үстіндегі түрлі түсті қағаздан әдемі көйлектер құрастырайық.

Көйлекті кімдер тігеді? Неден тігеді?

**Тәрбиеші:** Өте жақсы балалар жарайсыңдар .Енді Күлшеқызға жақсы көңіл күй сыйлағыларың келе ме? Енді бәріміз тақтаға қарайықшы.Бұл не зат?Олай болса алдымыздағы құмыраға гүлдерді орналастырамыз.Сандарды қосқанда неше болады сонша гүл салу керек.

/Бір бала шығып тақтада орындайды /4+3/

**Сергіту сәті:**

Жалғыз саусақ тіпті де
Ұстай алмас жіптіде
Екі саусақ бірікті
Ине қолға ілікті. Ля ля ля Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ
Қала салсақ жол салсақ
Ля ля ля Өнерлі екен он саусақ

Балалар Күлше қыз қайда барғысы келіп еді. Мүмкін ол кеш болатын жерді таба алмай жүрген шығар.

**3-тапсырма:** Тақтаға қарайықшы. Қандай сөз жазылып тұр. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратып белгілейміз. /Ойын сөзіне дыбыстық талдау жасау./ О дыбысына сөздер айту

Шашылып қалған дыбыстардан КЕШ деген сөзін жазайықшы

Балалар тақтада РЕБУС берілген /шешуін табайықшы/

КҮЙМЕ интерактивті тақтадан көрсету /орыс тілінде қалай аталады? /Ойын сауық кешіне немен баруға болады?

Қағаз ыдыстан күймені жасау .Күлшеқыздың жапсырма суреттерін жапсырады

Енді осы күймелермен шеру жасайық. Көзімізді жұмып елестетеміз. /Әуен қосылады/

Көңілді әуенмен Күлше қыз келеді.

Саламатсыздар ма балалар.

Хош келдіңіз Күлше қыз.

**Күлше қыз:** Ой қандай әдемі.

**Тәрбиеші:** Балалар қарандаршы біздің орындаған сиқырлы тапсырмаларымыздың арқасында Күлше қыз ортамызға келді.

Біз балалар қандай тапсырмалар орындадық.

Ой рахмет балалар сендер жасаған көйлек гүл бәрі сиқырланып мені осы жерге әкелді.

Жолдан мынадай сиқырлы қорап тауып алдым .Бірақ мен оны ашып көрмедім.

**Тәрбиеші:** Біздің балалар көп еңбектенді қорапты ашпас бұрын еңбек туралы мақал мәтелдер айтып жіберейік.

1. Еңбек етсең ерінбей
2. Тояды қарның тіленбей
3. Еңбектің наны тәтті
Жалқаудың жаны тәтті
4. Еңбек түбі береке
Көптің түбі мереке
5. Жақсы жұмыс – жанға тыныс
6. Еңбек ет те мақтан
Ойнап күлде шаттан
7. Еңбек адамның екінші анасы

**Тәрбиеші:** Балалар Күлшеқызды ортаға алып би билейік /әуенге билейді/

**Күлше қыз:** Балалар сендерге көп рахмет. Сыйлықтарды таратып береді.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӨСУІ

**К.К.НУГМАНОВА**
**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі**
**Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы**

Мектепке дейінгі білім беру бұл 3 пен 6 жас аралығындағы баланы оқыту, дамыту, тәрбилеу, қарау және күту. Мектепке дейінгі оқыту тәрбиелеу мақсаты осы жас кезенінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғаш білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі мекемелердегі сабақтардын мектептегі сабақтардан айырмашылығы айтарлықтай. Кішкентай балалар бір орында 40-45 минут отыра алмайды.сондықтан балабақшаларда және даму ордалықтарында сабақтар әдеттегідей қысқа, олардың ұзақтылығы 25-30 минуттан аспайды. Білім балаларға ойын түрінде ұсынылады, мектеп жасына дейінгі баланың ойың арқылы сабаққа көңілін аударуға оңай. Ойың түрінде қажетті дағдылар қалыптап,олар ойын барысында пысықталады.

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жалпыға бірдей оқу бағдарламалары мемелекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде әзірленеді. Олардың негізінде мемлекеттік және жеке балалар мекемелерінде 2-3 жас аралығындағы балаларды 5-6 жасқа дейін метепке дейін тәрбиелеу және оқыту жүргізіледі.

Балдырғанға мәдениет негіздерін, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған тәртіп және қарымқатынас үгілерін мектепке дейінгі жаста дарыту өте маңызды,бұл оның кейіннен бастапқы мектпете бейімделуін едәуір жеңілдетеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту арқылы бала өзі және өз мүмкіндіктері туралы бастапқы түсініктерді алады,онда қоршаған ортаның толық бейнесі және оған деген көсқарасы дұрысталады. Мектепке дейінгі жастағы баланың зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және дене тұрқы мен жеке басы қасиеттерінің негізі салынады. Оқытумен тәрбиенің екінші бөлігі-мектепке даярлау 4-5жастан басталады бұл кезде баланың оқу, жазу, есептеу дағдылары қалыптасады, тіл арқылы қатынасу тәжірибесі дамиды. Бұл мектепке дейінгі мекеме түрі 5-6 жастағы балалардың негізгі бөлігін қамтиды.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай иновациялық техногияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Ресбупликасы «Білім туралы» Занның 8 бабында «Білім беру жүйесініңбасты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын еңгізу,білім беруді ақпараттандыру, халыхаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен Бірінші Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай «Болашақта өркениетті дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін ,терезесін тең өтетінбілім ». Сондықтан қазіргі даму кезегі білім беру жүйесінің алдында оқытуүрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып жаңашыл педагогтардын іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

*«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі»* ***Ыбрай Алтынсарин***

Біздің жұмысымыз жас ұрпақты тәрбиелеуде, оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, сенім, талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіруге, ынтымақтастық педагогикасын пайдала-

ну арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашылады «2030 – стратегиясын жүзеге асыру – жастардың міндеті» атты жолдауында айтылған. Осы мақсатта даму мүмкіндігі балалардың дамып жетілуіне жан-жақты ат салысуда. Балалардың даму мүмкіндіктерін жүзеге асыру жолдары.

1. Бала үйімен байланыс, ата-анасын зерттеу.
2. Шығармашылығын дамыту.
3. Үлгілі ата-ана.
4. Балалардың ортамен байланысын дамыту.
5. Тәрбие шаралары.
6. Балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.
7. Өзіне-өзі сенімділігін арттыру деген сияқты балаларды қоршаған өмірге биімдеуге, олардың сөйлеу тілін ой-өрісін дамытуға негізделуге тиіс.

Оқыту нәтижелері баланың білім сапасынан, даму дәрежесі көрінеді. Оқыту әдістері дегеніміз – тәрбиешімен балалар жұмысының тәсілдері, тәрбиешілердың көмегімен балалардың білімдік, шеберлік пен дағдыларын игеруге қолы жетеді,олардың дүниеге көз қалыптасады және қабілеті дамиды. Сондықтан бүгінгі күні тәрбиеші – педагог мамандарына түпкілікті білім берумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ғылыми негіздерін практикада қолдануға,практикалық біліктілік пен қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуде. Мектеп жасына дейінгі баланың ерекшеліктеріне қарай сабақта балалар үшін ойынды басшылыққа алудың рөлі өте зор. Сабақ барысында әңгіме айту, түсіндіру, баламен әңгімелесу, қызықты ертегілер, қызықты әдемі ойыншықтар, ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне сай қоладанатын оқу құралдар, көрнекіліктер болу қажет.

Ойын – балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық пеагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамнын жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп А.С. Макаренко былай деп жазды «Бала өмірінде ойыншық маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің қызыметін қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыстада сондай болады.» Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. Ойын баланың өмір танымының алғашқы қадамы. Ойынның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Ойын-балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында балалардың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатынын байқау қиын емес. Балалар ойын барысында айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, достарымен араласуға үйренеді.

# ШАЛҚАН ЕРТЕГІСІН ДРАМАЛАУ

**Б.К.САДЕНОВА**
**тәрбиеші«№28 «Көркем» МДҰ МКҚК**
**Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** Балалардың ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Рөлдерге бөлу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып ой-өрісін кеңейту.

Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру, оның нәтижесін түсіне білуге үйрету.

**Оқу іс-әрекетінің кезеңдері:**

Мотивациялық қозғаушылық

**Шаттық шеңбер:**

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Саламатсыңдар ма, Достарым!
Саламатсыздар ма, қонақтар!

**Тәрбиеші:** Ерте-ерте ертеде бір әдемі үйде ата мен әже өмір сүріпті.

Ата мен әженің немере қызы болыпты. Осы үйде олармен бірге сүйкімді үй жануарлары өмір сүріпті. Бір күні ата бау-бақшасына барып, шалқан отырғызады. Шалқанды баптап, қопсытып, суарып өсіріпті. Күз келіп, шалқан да жайқала өсіпті. Ал енді мына әдемі үйге қараңдаршы. Бұл біздің атамыз бен әжеміздің үйі.

**Ән: «Шалқан»**

1. Бірге жер қазамыз,
Дән отырғызамыз.
Оны суарамыз,
Күн нұрына шомылып, 2 рет
Дән өседі гүл болып.
2. Шырқап ән саламыз,

Көмекке біз барамыз.
Өсіп шалқанымыз, 2 рет
Оны қазып аламыз.

**Тәрбиеші:** Шалқанның жайқалып өскенін көрген ата қатты қуанып, оны әрі тартып, бері тартып шығара алмапты. Сөйтіп көмек шақыруға тура келеді.

**Ата:** Әжесі, әжесі маған көмектес! Жалғыз өзім шалқанды шығара алатын емеспін.

**Әже:** Жарайды, бірақ сендер маған бірінші көмектесіңдер.

**Әжеге көмектесу:** «Шалқан құрастыру»

**Әже:** Біз кәріміз, шамамыз келмейді. Енді не істейміз? Немере қызым бізге көмекке кел. Біз атаң екеуіміз шалқанды шығара алар емеспіз.

**Немересі:**
Ата-әжемді жақсы көремін,
Әрқашан көмек беремін.
Кел, балалар келіңдер,
Бізге көмек беріңдер.

– Мен сендерге көмектесейін, бірақ сендер маған моншақ жасап беріңдер.

**«Моншақ жасау»**

**Тәрбиеші:** Балалар, немере қызы енді нені көмекке шақырар екен?

**Балалар:** Немере қызы көмекке күшігін шақырады.

**Немере қызы:** Күшігім, күшігім бізге көмекке кел. Сенің көмегің керек.

**Күшік:** Аф-аф-аф,
Менде келдім көмекке,
Бір міндетім емеспе.
Осы үйді күзеттім,
Ал көмегім керекпе?!

**Сергіту сәті:**

**Тәрбиеші:** Ал, балалар, күшік енді көмекке нені шақырады?

**Балалар:** Мысықты.

**Күшік:** Аф-аф мысық, бізге көмекке кел.

**Мысық:** Мяу- мяу – мяу,
Менде келдім еркелеп,
Көңіл-күйім керемет.
Ал көмегім керекпе?,
Менен сізге не көмек.?

**Ойын: «Ойлан да, тап»**

**Тәрбиеші:** Балалар, интеративті тақтаға назар аударайық. Біз бұл тақтадан не байқап тұрмыз?

**Балалар:** Мысық, сиыр, тауық.

**Тәрбиеші:** Мысық сүтті жақсы көреді.
Ал, сиырға шөп дайындаймыз.
Тауыққа жем шашамыз.

**Тәрбиеші:** Мысық достарына көмекке әрқашан дайын. Барлығы бірігіп әрі тартып, бері тартып шығара алмады. Балалар, қалай ойлайсыңдар мысық енді көмекке нені шақырады екен? Осы кезде тышқан жандарынан жүгіріп бара жатыр еді.

**Мысық:** Тышқан, сен бізге көмектесіп жіберші.

**Тышқан:** Пи- пи-пи
Менде көмектесейін,
Жәрдем беріп кетейін.
Көмек беріп болған соң,
Жемісін бірге көрейін.

**Тәрбиеші:** Балалар, алдымен тышқанға дән тазалауға көмектесейік.

Міне, тышқанда көмектесіп, барлығы әрі тартып, бері тартып шалқанды жерден суырып шығарып алады. Барлығы қуанып, мәз болды.

**Тәрбиеші:** Балалар, бірлесіп атқарған кез-келген жұмыс жеңіл болады. «БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР»

**Қорытындылау:**

**Тәрбиеші:** Ал енді мына қонақтармен қоштасайық. Сау болыңыздар!!!

# «ЕРЕЖЕНІ БҰЗБА-ӨМІРІҢДІ САҚТА!» (ШЕБЕР-КЛАСС)



**Ж.Қ.СҮЙІНБАЕВА**
**№32 «Қуаныш» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** Педагогтардың жол ережесі туралы білімдерін іс жүзінде көрсете білуі. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретуде қолданылатын ойын түрлерімен педагогтарды таныстыру. Балалардың өмірін сақтап қалуға өз үлестерімізді қосу.

1. Кіріспе сөз.
2. Ой жаттығуы: «Жұқа қағаз»
3. Ойын: «Келесіге бер»
4. Жағдаяттар кезегі
5. «Жол ережесін білемін-өзгеге үйретемін» КТК (көңілді тапқыштар клубы)
6. Қорытынды.

**1. Кіріспе сөз.**

Біз қазір сіздермен жылдамдық ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Өмір-уақыт. Ал, уақыт болса бір орнында тұрмайды. Айналамыздағылардың бәрі де асығуда. Бір секунд. Бұл көп пе, аз ба? Жаяу жүргінші үшін 1 секунд-ештеңе де емес, адымдап өте шығады, ал жүргізуші үшін-бұл күрделі нәрсе. Ең қорқыныштысы үлкендердің жауапсыздығынан балалардың жол апатынан қаза болуы. Балаларды жол ережесін сақтауға, жол үстінде өзін дұрыс ұстауға үйрету оңай ма? Бір қарағанда оңай . Балаларды ерте жастан тек жолда жүру ережелерінің басты талаптарымен және ережелерімен таныстырып, үйрету керек. Негізінде көп еңбекті талап етеді. Біздің өзіміз, үлкендер күнде көз алдымызда ережені бұзып жатамыз. Осындай олқылықтар ды болдырмас үшін бүгін мен сіздермен құрметті әріптестер, жол ережелері жайында ой бөлісіп, өзара пікір алыссам деймін.

**2. Ой-жаттығуы: «Жұқа қағаз»**

Жүргізуші қатысушыларға бір парақтан таратып береді. Педагогтер жүргізушінің айтқандарын мұқият тыңдап, тапсырманы орындайды.

**Жүргізуші:** парақты екіге дәл бүктеп, жоғарғы оң жақ бұрышын жыртыңдар, тағы да екіге дәл бүктеп, оң жақ жоғарғы бұрышын жыртыңдар. Осылайша 5 (бес) рет қайталанады. Жаттығуды әркім түсінгендері бойынша орындайды.

**Жүргізуші сұрақ қояды:** Барлықтарыңның қағаздарың (парақтарың) бірдей ме? Өзгешеліктер бар ма? Ұқсастықтары ше? Неліктен? Қалай ойлайсыңдар тапсырманың мәні неде?

Бұдан мынадай тұжырым жасауға болады: әркім әрқалай өзінше түсінеді, біз бәріміз бірдей емеспіз. Балаларға жол ережесі туралы білім бере отырып, олардың бізді дұрыс түсініп, ұғынғанына сенімді бола аламыз ба? Жолды қалай дұрыс өтуге болатыны барынша түсіндіреміз, бірақ егер де өзіміз осы ережелерді қатаң сақтамасақ, онда біздің балаларымыз да оны сақтамайды. Жол ережесі туралы әңгімелеп қана қоймай, балаларға ойын арқылы, көшеге саяхатқа шығу, серуендеу сияқты әрекеттермен нақтырақ түсіндірген дұрыс болады. Сондықтан да біз сіздермен балалармен ойнауға болатын ойын түрлерімен танысамыз.

Сонымен ойынға кезек берейік.

**3. Ойын: «Келесіге бер»**

Ойын шарты: ойнаушылар шеңбер болып тұрады. Бастаушы реттеушінің таяғын сол жақтағы ойыншыға береді. Әуен ойналып тұрады. Ойыншы таяқты оң қолымен алып, сол қолымен келесі ойыншыға береді. Әуен тоқтаған кезде таяқ кімнің қолында болса , сол ойыншы таяқты жоғары көтеріп, жолда жүру ережесін немесе жол белгісін айтады.

Енді мен сіздерге көшеде және жолда болып жатқан әртүрлі жағдаяттарға байланысты туындайтын сұрақтарды талдауды ұсынамын.

**4. Жағдаяттар кезегі**

а). Атасы мен немересі көше бойлай жүріп отырып, жол жиегіне жақын келеді. Осы кезде немересі:

– Ата, жылдамырақ жүрейік, көлік әлі қашықта, біз жолдан өтіп үлгереміз-дейді.

**Атасы:**

– Асықпа балам, бір нәрсені есте сақтау керек-дейді.

**Немересі:**

– Не сақтайтыны бар-деп өжеленеді.

**Атасы:**

– Ал, сен ойланып көр, мұндай жағдайда не істеу керек?

**Сұрақ (педагогтарға):** жолдан өту үшін қандай ережені білуіміз керек?

**Жауап:** «Жаяу жүргіншілер жолы» белгісі, көлік қай маңда, арнайы көлік жоқ па?

ә) Күні бойы ақ жауын төгіп тұр. Сыртқа шыққым келмеді. Дегенмен, түстен кейін кітапханаға баруды ұйғардым. Жол жиегіне жақындаған соң, жан-жағыма қарадым. Жақын маңда көлік көрінбейтін тәрізді. Қолымдағы қолшатырдың ығына тығыла, жолдан өтуге бет алдым. Сол сәтте көліктің тежегішінің қатты дауысы естілді. Қорыққаным сонша, қайтадан кері шегіндім. Жаныма бір кісі жақын келіп: -Неге бұлай болғанын түсінген шығарсың?-деді.

**Сұрақ:** Неліктен бұл жағдай орын алды, жаяу жүргінші қандай қателік жасады?

**Жауап:** Жаяу жүргіншілер жолымен жүру керек, жолдан өткенде алдымызды, жанымызды қолшатырмен немесе бүркенгішпен жабуға болмайды.

**Жүргізуші:** ойын ойнай жүріп балалар да үлкендер сияқты әрекеттер жасайды, үлкендердің ісін қайталайды. Мен сіздерге жолда жүру ережесіне байланысты білімдеріңді байқау мақсатында тағы да бір ойын ұсынғым келеді.

**5. «Жол ережесін білемін-өзгеге үйретемін» КТК (көңілді тапқыштар клубы)**




Жеңімпаздары мен жеңілушілері жоқ ойынымызды бастаймыз. Біз жай ғана білімімізді тексеріп,өзара тәжірибелерімізбен бөлісіп, пікір алысамыз.

**Ойын ережелері:**

а) Жұмбақтар аялдамасы

ә) «Иә және жоқ» сұрақ-жауап ойыны

б) Ең мықты білімпаз




**а) Жұмбақтар аялдамасы** (жол белгілеріне, көлік түрлеріне байланысты жұмбақтар жасырылады)

**ә) «Иә және жоқ» сұрақ-жауап ойыны** (жолда жүру, көшеде өзін дұрыс ұстау ережелеріне сәйкес сұрақтарға жауаптар алынады)

**Музыкалық үзіліс: «Бағдаршам»**

Музыка әуенімен орындалады.

Бағдаршамның қызыл түсін көрсету. (Орындарында тұрады).

Бағдаршамның сары түсін көрсету. (Қолдарын ша палақтайды)

Бағдаршамның жасыл түсін көрсету. (Орындарында тұрып, аяқтарын топылдатады)

б) Ең мықты білімпаз (мультфильм және ертегі кейіпкерлеріне байланысты сұрақтар)

**6. Қорытынды.**

**Жүргізуші:** міне, ойынымыз да аяқталды. Сіздер жолда жүру ережесін жақсы білетіндіктеріңізді көрсеттіңіздер. Жарайсыздар!

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,
Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,
Ол – ортақ!

Үлкен – кіші – баршамызға! - дей келе, сіздерге жол ережесі куәлігін табыстағым келеді. Ғұлама философтар айтқан екен: «Өмір сенің тіршілік еткен күндеріңмен, айларыңмен, жылдарыңмен өлшенбейді, содан алған жарқын да жылы әсерлеріңмен өлшенеді». Бүгін осы семинардан жақсы әсер алды және сол әсерлеріңіз ұзаққа сақталады деген сенімдемін. Сіздерге рақмет! Өздеріңізді және жақындарыңызды қатерден сақтаңыздар.

# «АРМЫСЫҢ – ӘЗ НАУРЫЗ»

**С.Ю.ТАЖИБАЕВА**
**тәрбиеші «№28 «Көркем» МДҰ МКҚК**
**Ақтөбе қаласы**

(Залға музыка әуенімен жүргізушілер, балалар кіреді)

**1-ші жүргізуші:** Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, ата – аналар, әріптестер!

Наурыз тойы, көктем тойы,
Жаналық болсын дейітін өмір бойы.
Биылда былтырғыдай ақ көбейсін,
Елдегі бақыт, байлық бақ көбейсін.
Наурыз тойы құтты болсын ата-аналар,
Наурыз тойы құтты болсын апайлар.
Жыл сайын тойлайтын мәнгі бақи,
Наурыз тойы құтты болсын баршамызға.

(Әже, Наурыз қызымен кіреді (шашу шашады.)

Армысың – Әз наурыз ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ертенгілімізді ашылу салтанатын Римма Урдаевнаға беріледі.

**2-жүргізуші:** Наурыз тойы аңсап келген,
Ата-бабам жырлап келген.
Той думанның жалғасы деп,
Той бастарды бастайық.

Бүгінгі тойдың басы болсын деп «Наурыз» әнін тыңданыздар. (Ортаға садақ жебесі түседі.)

**1-ші жүргізуші:** Балалар мынау кімнің жебесі болды екен. А-а-а-а-а бұл мергеннің жебесі ғой. (Мерген кіреді)

**Мерген:** Сәлем балалар. Менің жебем мұнда қалай ұшып келген. Не думан?

**2-жүргізуші:** Бүгін Наурыз мерекесі «Құлыншақ» тобында той болып жатыр.

– Төрлет мерген қонақ бол.

– Сен қалай мерген атандың?

**Мерген:** Мен кішкентай кезімнен асық атып жүріп мерген болдым. Келіндер сендерге де үйретейін.

**Ойын «Асық ату»**

**Мерген:** Ойын ұнады ма?

**1-ші жүргізуші:** Мерген отырыңыз қонақ болыныз. (Мерген төрге отырады)

Жайнатамыз бар гүлді.
Сайратамыз бұлбұлды,
Төгілтеміз ән жырды.
Тойлатамыз бұл күнді дей отырып.

Балаларымыздың Наурыз тойына арналған өлең шумақтарына кезек берейік.

**2-жүргізуші:** Өте жақсы балалар. Біздің тойымызға тағы бір қонақтар келе жатқан сияқты.

Келе жатса тау біткен бүлкілдейді.
Төбесі түндіктердің желпілдейді,
Тауларды соғыстырған таусоғарды
Көруге көп халайық елеңдейді.

**Таусоғар:** Ух жеттім ау. Мұнда не болып жатыр?

**Жүргізуші:** Наурыз тойы болып жатыр келініз төрге шығыныз. Бүгін балалардың күшін сынаныз, дем алыныз.

**Таусоғар:** Е-е бұларың дұрыс екен. Шынымен дем алайын.

**«Күш сынасу»**

**Жүргізуші:** Кен болсың қазағымның керегесі
Кетпесін алла берген берекесі
Алаштың баласына кәсіп болсын
Құтты болсын наурыз мерекесі

Балалардың дайындаған ән шумақтарына жол береміз.

**1-ші жүргізуші:** Мынау не деген жел біреу жүгіріп келе жатқан сияқты. (Желаяқ кіреді.)

**Желаяқ:** Аяғым бір орында тұра алмайды, жүгіре бергім келеді. Аяғыма тас байлап алдым.

**2-жүргізуші:** Жүгіріп шаршаған шығарсың. Демалыңыз. Наурыз тойын бірге тойлайық.

– Біздің керем қыздарымыз «Домбыра» биін билеп береді.

**Би: «Домбыра»**

**1-ші жүргізуші:** Балалар бізге тағы бір қонағымыз келе жатқан сияқты. (Сақұлақ кіреді.)

**Сақұлақ:** Мен балабақшада наурыз тойы тойланып жатыр деп естідім. Наурыз мерекелеріңіз құтты болсын. Жерге жата қалып. Мен аттың дүбірі естіледі. Біреулер шауып келе жатқан сияқты.

**2-жүргізуші:** Ия, Сақұлақ бұл біздің балалар биін билегісі келіп тұр.

**Би «Бәйге»**

**1-ші жүргізуші:** Шалқытып мерекеде ән салайық
Би билеп, өнеріменен тамсанайық
Анызбен, бізге жеткен.
Балардың әнің қарсы алайық

***Ән «Наурыз достық» мерекесі.***

**2-жүргізуші:** Жаңбырмен жер көгерер, батаменен «ер өсер» дегендей әжелерімізден бата сұраймыз.

Әже бата береді.

**1-жүргізуші:** Жарқырасын Сұлужандай жеріміз!
Асып-тасысын байлығымыз, кеніміз
Ел сүйсініп дәулетіне елімнің,
Малға толып жатсын барқыт беліміз!

**2-жүргізуші:**
Тойла бүгін тауларым мен боз далам,
Тойла бүгін қарттарым мен боз балам.
Мереке боп келген бүгін Наурызым!
Береке бол ешқашанда тозбаған!

Осымен дайындаған шағын мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі Наурызда кездескенше аман сау кездесуімізге алла нәсіп етсін. Қош сау болыңыздар!

# «ОЙНАЙЫҚ ТА ОЙЛАЙЫҚ»

**И.М.ТАУХАБАЕВА**
**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі**
**Мұғалжар ауданы Қандағаш қаласы**

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Балалардың ой-өрісін кеңейту, геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажыратып атай білуге үйрету.

**Дамытушылық:** Білімдерін жүйелі түрде көрсете алуға баулу, дидактикалық шеберлігінің артуына ықпал жасау. Балалардың ойлау, көріп тануын, зейінін, есте сақтау қабілеттерін ойын арқылы дамыту.

**Тәрбиелік:** Балаларды ойындар арқылы зейінділікке, тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа, іс-әрекет барысында өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

**Көрнелкілігі:** Үлгі пішіндер, үлестірмелі материалдар, тақта, интерактивтік тақта, күн, үй бейнесі, дидактикалыққа, іс-әрекет барысында өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, бағалау, қорытындылау.

**Пән аралық байланыс:** Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру, тіл дамыту.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы:**

**Шаттық шеңбері**

**«Біз қандаймыз»**

Біз қандаймыз, қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз.
Күлімдеген күндейміз,
Ренжуді білейміз.
Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де.
Қуанайық бәріміз,
Арайлап атқан күнге.

**Тәрбиеші:** Балалар қараңдаршы мына кейіпкер бізге таныспа?

**Балалар:** Иә бұл кейіпкер Дара.

**Тәрбиеші:** Ал, мына жерде Дара достарымен тұр екен. Осы суретке қарап кеңістікті бағдарлап көрейік.

**Балалар:** Гүл алдында, терек артында, бути оң жағында, терек сол жағында.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар балалар! Ал мына суретте Дараның өзімен бірге алып жүретін дорбасы мен картасы бар. Дорбасында көртеген тапсырмалар бар сияқты. Орындаймыз ба?

**Балалар:** Әрине орындаймыз.

1. Пішіндерді тау
2. Суреттер арасынан дөңгелек пішінге ұқсас заттарды атау (күге жұмбақ жасыру. Таңмен көзін ашады, әлемге нұрын шашады)
3. Күн құрастыру
4. Үлестірмелі материалдардан күн жасату
5. Футболкадағы сандарды ретімен орналастыру
6. Тура және кері санау (тақтаға сандарды ретімен қойғызу)

**Тәрбиеші:** Балалар, қараңдаршы Дара мен Бути сендерге риза боп тұр. Енді сендерді «математика еліне» алып кеткісі кеп тұр. Барамыз ба?

**Балалар:** Барғымыз келеді.

**Тәрбиеші:** Олай болса қане барлығымыз Дараның машинасына мінейік.

Барлығы машинаға мінеді.

**Тәрбиеші:** Балалар Дара мен Бути күшікке кездесіп қапты. Күшік олардан өзіне үй салып беруін сұрап тұрған сияқты біз де көмектесіп көрейікпе?

**Балалар:** Күшікке көмектескіміз келеді.

Балалар үлестірмелі материалдардан үй жасайды.

**Тәрбиеші:** Күшікте сендерге рахметін айтып риза боп қалды. Балалар, мынау Дараның досы Диего емеспе. Олда Дарадан көмек сұрап келген сияқты оның киімдері жыртылып қапты. Оның киімін без білетін геометриялық пішіндеріміз арқылы жамап көрейік.

**Балалар:** Диегоға киімін жамауға қол ұшын беретіндерін айтады.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Енді тақтаға назар салайықшы мынау кімдер?

**Балалар:** 1,2,3,4,.

**Тәрбиеші:** Дұрыс таптыңдар. Мына сандардың ішінен «5» санынан кіші сандарды атайық.

**Балалар:** 4,3,2,1.

**Тәрбиеші:** бәрекелді! Орнымыздан барлығымыз тұрып санамақтарымызды қайталап жіберейік.

**Балалар:** Санамақтарды қызығушылықпен атап береді.

**Тәрбиеші:** Дараның келесуі тапсырмасы заттарды сандармен сәйкесендіру.

(1-бала, 2-ешкі, 3-үй, 4-төрт түлік, 5-бесік.)

Дараның машинасымен қайта оралып, Дарамен қоштасу.

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

# БӨЛМЕ ӨСІМДІКТЕРІ

**Г.А. МЕРГАЛИЕВА**
**№ 34 «Таңшолпан» МДҰ тәрбиешісі**
**Ақтөбе қаласы**

**Мақсаты:** Бөлме өсімдіктер туралы түсінік беру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүюге үйрету.

**Шаттық шеңбері:**

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де,
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге.
Балалар отырады.

**Тәрбиеші:** Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер оның жауабын шешуге тырысыңдар.

– Адамдардың бәрі қызығады,
су құймасаң сәні бұзылады.
Бұл не?

**Балалар:** – Гүл деп, жауабын тапты.

**Тәрбиеші:** Дұрыс. Жарайсыңдар, ендеше бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. Енді балалар тақтаға назарымызды аударайық, міне, мынау раушан гүлі. Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен. Раушан гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады. Ал мынау, алоэ өсімдігі. Жапырақтары тікенді болып келген, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэның емдік қасиеті бар, дәрі-дәрмек. Егерде, жүгіріп бара жатып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінін кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп бір-аз уақыт ұстап тұрсақ жазылады екен. Міне, өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен. Енді, гүлдің сырт келбетімен танысайық. Тамыры – сабағы – жапырағы – гүлі. Балалар, ендеше осы айтып отырған гүлдеріміз біздің бөлмемізде бар ма? Мұқият қарайықшы, кім көріп тұр?

**Балалар:** – Табиғат бұрышында деп, және раушан, алоэ өсімдіктерді тауып көрсетті. Осы мезетте Карлсон ұшып келеді. Үнтаспаға жазылған ұшақ дыбысы жіберіледі.

**Карлсон:** Саламатсыздарма балалар. Үйіме, үйдің шатырына ұшып бара жатып (қолмен жоғары жаққа көрсетеді), сендердің терезелеріңнен өте әдемі бөлме өсімдіктерін көріп, жақынырақ көруге келдім. Мен де үйіме гүл өсіргім келеді, бірақ мен күту, баптау ережелерін білмеймін.

**Тәрбиеші:** – Карлсон, сен мұңайма. Балалармен бірге отырып көріп,үйренуіңе болады. Балалар әуелі Карлсонға гүл туралы тақпақтарымызды айтып берейік.

**Мұстафа:** Қызыл – жасыл гүл егіп, Баптап, күттік, түрлеттік, Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық.

**Аделя:** Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі.

**Раушан:** Үйде тұрып өсетін, Әкеп гүлдің көшетін Топырақты салдым да, Отырғыздым қалбырға.

**Карлсон:** Жарайсыңдар балалар.

**Тәрбиеші:** Енді Карлсонға өсінді отырғызу жолын көрсетейік. Балалар, жақсы көріну үшін қасыма, үстелге жақынырақ тұрыңдар.

**Практикалық әрекет:** Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып, ішіне жай даладағы топырақ емес, құнарлы топырақ саламыз, жақсы өсу үшін. Содан соң, топырақ ортасына құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз (тамырын көрсету). Енді, осы гүлімізді табиғат бұрышына қояйық.

**Балаларға сұрақ:** Балалар, гүл отырғызып, тек осылай қоямыз ба екен?

**Рамазан:** – Жоқ, гүлге су құю керек.

**Тәрбиеші:** – Дұрыс айтасың, балалар егерде біз тамақ ішпесек не болады екен бізге?

**Ақтоты:** – Ауырып қаламыз.

**Тәрбиеші:** Әлсізденеміз, ауырып қаламыз екен. Ал, егерде тамак ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Су құйып, күтіп, баптап тұру қажет екен.

**Күту ережелері:** Гүлдердің жапырақтарының шаңын сулы мақтамен сүртеді (Мәдина сүртеді). Жапырақтары ұсақ өсімдіктерді су шашатын ыдыспен бүркеп-шашып жуамыз (Мұстафа шашып жуады). Суды жапырақтарына тигізбей топырағына құяды (Ердәулет құяды).

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, бәрін көріп, ұғып алған екенсіңдер.

**Карлсон:** Балалар, мен сендермен бір сергіп алғым келіп тұр.

(Балалар тұрады)
Шаршағанда ырғалып,
Гүлге ұқсап демалам,
Қанатты бір қағып,
Гүлдей болып жайқалам.

**Тәрбиеші:** Жарайды, орындарымызға отырайық. Бүгінгі сабақ ұнадыма?

– Біз қандай бөлме өсімдіктерімен таныстық?

**Балалар:** – Раушан, алоэ өсімдігімен

**Тәрбиеші:** – Гүлдің сырт келбеті қандай?

**Ару:** – Тамыры – сабағы – жапырағы – гүлі болады.

**Тәрбиеші:** – Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?

**Аделя:** – Бізге қуаныш сыйлайды.

**Әділбек:** – Дәрі – дәрмек.

**Раушан:** – Бөлменің ауасын тазартады.

**Тәрбиеші:** – Балалар, жаңағы отырғызған гүлімізді Карлсонға сыйлайық. Келісесіңдерме?

**Балалар:** – Ия.

**Карлсон:** – Рахмет, балалар, сендер әдепті, білімді екенсіңдер. Бөлме өсімдік туралы көп мағлұмат алдым, енді менде гүлдерімді күтіп, баптап тұрамын.

– Сау болыңдар!!! (ұшып кетеді).

**Балалар:** Сау болыңыз!!!

## *Құрметті оқырман!*

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы **«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының екінші санын (№2) 2020 жылғы 27 маусымда шығарады.** 3 айда 1 рет жарық көретін журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

**1. Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралық ынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

**2. Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

**3. Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

**4. Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

**5. Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ,орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

**Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:**

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі 2 беттен көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, кегль 12, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, **ortaluktil@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі қажет.

Журналдың №2 санына материалдар **2020 жылғы 25 мамырға** дейін қабылданады.

Материалдар Ақтөбе қаласы, ағ.Жұбановтар, 257/«Б», 3-қабат.Тел./Факс: 8 (7132) 41-69-34.